



КПО ESG- ЕСЕБІ 2024



*Малаандық өзгерістерге
қосатын үлесіміз*



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

- 3 Бас директордың үндеуі
- 4 Есеп туралы
- 6 КПО-ның негізгі мақсаты және бизнес-стратегиясы
- 9 Маңызды тақырыптар және стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу


ӨНДІРІС

- 16 КПО өндірістік объектілері
- 18 Өнімдер және экспорттық бағыттар
- 20 Бұрғылау технологиялары
- 21 Күрделі жөндеу жұмыстары
- 22 Күрделі жобалар
- 24 Өндіріс тұтастығы
- 27 Төтенше жағдайларды басқару

БАСҚАРУ

- 32 Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері
- 40 Бизнес-этика
- 42 Нормативтік-құқықтық сәйкестік
- 47 Цифрландыру және үздіксіз жетілдіру

ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛ

- 53 Қауіпсіздік техникасы саласындағы тәжірибе
 - 61 Жұмыскерлердің еңбегін және денсаулығын қорғау
 - 69 Жұмыскерлерге деген қамқорлық
 - 85 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету
 - 87 Өндірістік қатынастар
 - 91 Жергілікті қауымдастықтар
- 



КПО-ның ESG-есебі КПО веб-сайтында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта қолжетімді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ

- 96 Климаттың өзгеруі және энергетикалық бетбұрыс
- 97 ҚОҚ саласындағы басқару тәсілдері
- 106 Атмосфераға тасталатын шығарындылар
- 111 Энергия тиімділігі
- 115 Су қорларын тұтыну және су тарту
- 122 Қалдықтарды басқару
- 127 Биотүрлілікті сақтау

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

- 138 Мемлекетке төленетін төлемдер
- 140 Жеткізілімдерді ұйымдастыру
- 142 Жергілікті қамтуды дамыту
- 146 Әлеуметтік инфрақұрылымға қосылатын үлес
- 148 Электр қуатын жеткізу

ҚОСЫМШАЛАР

- 151 GRI мазмұны көрсеткіші
- 163 Тәуелсіз тексеру туралы есеп
- 171 КПО-да маңызды тақырыптарды басқару
- 175 КПО-ның БҰҰ ТДМ мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі
- 179 Глоссарий
- 183 Кері байланыс

Сіз қалдыратын ESG-із туралы ойлаңыз көрдіңіз бе?



*Климат үшін
жауапкершілік өзіннен
басталады!*

КІРІСПЕ

- 3** Бас директордың үндеуі
- 4** Есеп туралы
- 6** КПО-ның негізгі мақсаты және бизнес-стратегиясы
- 9** Маңызды тақырыптар және стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ / GRI 2-22 /



Құрметті оқырмандар!

Сіздерге «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының Қазақстан филиалының 2024 жылға арналған ESG есебін қуана ұсынамын. Бұл Компанияның қаржылық емес есептерін жариялай бастағалы бері жарық көріп отырған он жетінші есебі. Осы құжат – жай ғана өткен жылғы қызметіміз туралы есеп емес, бұл – сонымен қатар құндылықтарымыз бен тұрақты даму қағидаттарына деген адалдығымыздың айғағы.

Әлемде қарқынды өзгерістер жүріп жатқан құбылмалы кезде, біз қоғам мен табиғат алдындағы жауапкершілігіміздің өзектілігі арта түскенін терең түсінеміз. Біз инновацияларды енгізуге, процестерді жетілдіруге және баршаға игілік әкелетін болашаққа инвестиция салуға ұмтыламыз. Көміртек ізін азайту, еңбек жағдайларын жақсарту және әлеуметтік әділеттілікті сақтау – біздің басты назарымыздағы мақсаттар болып қала береді.

Қазіргі уақытта КПО көміртексіздендіру саласында бірқатар бастамаларды қолға алып, белсенді жүзеге асырып жатыр. Оған қоса, Компания

энергия тиімділігі, метан шығарындыларын азайту мәселелеріне, сондай-ақ төмен көміртекті және көміртексіз шешімдерді бағалауға да аса көңіл бөліп келеді. 2024 жылы қарашада КПО БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптарының конференциясына (COP 29) қатысып, «OGMP 2.0 бойынша есеп берудің алтын жолының» талаптарына сәйкестігін растады. Бұл бізді 2025 жылға арналған негізгі мақсатымыз – «OGMP 2.0 бойынша есеп берудің алтын стандартын» алуға бір табан жақындата түсті.

2024 жылдың басында елдің бірнеше өңірін шарпыған табиғи апат ешкімді бей-жай қалдырған жоқ. Мен бұл орайда КПО мен акционерлердің БҚО тұрғындарына көрсеткен көмегін ерекше атап өткім келеді. Біз су тасқынынан зардап шеккен отбасыларды қолдау үшін қаражат бөлдік. Соның арқасында 1100-ден астам отбасы баспаналы болып, жаңа үйлеріне көшті. КПО Батыс Қазақстан облысы халқы алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін әрдайым сезетін, сол себепті осындай сын сағатта компания көмек қолын созудан шет қала алмады.

2024 жыл тағы бірқатар маңызды мерейтойлармен есте қалды: Қазақстан биыл қазақ мұнайына 125 жыл және Қарашығанақ кен орнының ашылғанына 45 жыл толғанын атап өтті. Бұл айтулы күндер өткенге құрметімізді ғана көрсетіп қоймайды, олар сонымен қатар бізге аманат етіп қалдырылған құнды мұра барын да еске салады.

Осы есептен сіздер өткен жылы жүзеге асырылған негізгі бастамалар мен атқарылған жұмыстардың нәтижелерін таба аласыздар. Қол жеткізген жетістіктерімізді мақтан тұтамыз, бірақ сонымен қатар алда атқарар ісіміз әлі де көп екенін жақсы түсінеміз. Осы Есептің көмегімен компаниямыздың тұрақты даму саласындағы қызметімен жақынырақ танысып, біліміңізді кеңейтесіз деп үміттенемін. Берілген ақпараттың мазмұны мен форматы туралы қандай да бір пікіріңіз немесе ұсынысыңыз болса, жіберуіңізді сұраймыз – оларды келесі басылымдарды дайындау кезінде ескеріп, есебімізді одан әрі жетілдіру үшін пайдаланамыз.

Ізгі ниетпен,

Марко Марсили

КПО бас директоры

ЕСЕП ТУРАЛЫ / ТДМ 12.8, 16.10 /

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының қазақстандық филиалы (бұдан әрі – КПО) – Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы аумағында мұнай және газ шикізатын барлау және өндірумен айналысатын халықаралық мұнай-газ компаниясы. 1998 жылы Нидерландыда тіркелген КПО компаниясы – «Шелл», «Эни», «Шеврон», «Лукойл» мен «ҚазМұнайГаз» ҰК акционер компаниялары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК) негізінде осы компаниялар атынан әрекет ететін Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орнының операторы.

/ GRI 2-1, 3-3 /

КПО 2008 жылдан бері 16 жыл бойы тұрақты даму саласындағы қызметі туралы жыл сайын есеп беріп келеді. 2009 жылы Компания [Тұрақты даму кодексін](#) қабылдады және оған сәйкес жыл сайын тұрақты даму саласында «жасалған жұмысы туралы сыртқы мүдделі тараптарға толық және расталған ақпарат баяндалған есеп беруге» міндет алған. КПО-ның Тұрақты даму кодексіндегі ережелер тұрақты дамуға қатысты жалпы қабылданған анықтамасына сәйкес келеді: **«болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне еш нұсқан келтірмей, бүгінгі күн қажеттіліктерін өтеу»**

Компанияның бұл Есебі – Компания дайындаған он жетінші есеп. Аталмыш Есеп компанияның қызметін жүзеге асырып жүрген аймаққа әсері (ең маңызды аспектер бойынша) туралы барлық мүдделі тараптармен ашық және айқын қарым-қатынас орнатылғандығының айғағы болып табылады. Бұл құжатта біз Компанияның есепті кезеңдегі қызметінің нәтижелерін тұрақты дамудың үш негізгі бағыты бойынша ашып баяндаймыз: әлеуметтік (S), экологиялық және экономикалық (E), сондай-ақ кәсіпорынды басқаруды ұйымдастыру (G).

Есепте өндірістік көрсеткіштер мен дамыту жоспарлары, энергетикалық бетбұрыс саласындағы ұстанатын әдістеріміз, сонымен қатар мүдделі

тараптардың топтарымен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар, экологиялық жобалар мен экономикалық серіктестіктер туралы ақпарат берілген.

Бүгін біз, осыдан 25 жылдан астам уақыт бұрын негізі қаланған істеріміздің нәтижесін көріп отырмыз. Біз қызметіміздің өңірге, жалпы елге, тіпті бүкіл әлемге әсерін түсінетін болғандықтан, тұрақты даму қағидаттарын ұстану Қарашығанақты игеруде моральдық «лицензиямыз» болды және одан әрі де солай қала береді.

Есептің қолдану аясы мен шегі

/ GRI 2-3, 3-3 /

КПО-ның ESG-есебі Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнына бөлінген жер телімі мен Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ) және Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) экспорттық құбыржол жүйелері шегіндегі барлық қызметтерді қамтиды.

Бұл басылымда КПО-ның 2024 жылғы жұмысы баяндалады. Құжатта 2024 жылғы көрсеткіштеріміз, сондай-ақ 2025 жылға жасалған жоспарларымыз да көрсетілген. Қызметіміздің тұрақтылығын көрсету мақсатында іріктеп алынған маңызды тақырыптар бойынша көрсеткіштеріміз өткен бірнеше жылмен салыстырылып берілген. Қалыптасқан тәжірибеге және GRI стандарттарының талаптарына сәйкес, біз жетістіктерімізбен қоса қызметімізде кездескен түрлі қиындықтар туралы да айтуға тырысамыз. Мазмұнында біз ең маңызды деп тапқан тақырыптар белгіленген, кейін олар тиісті тарауларда егжей-тегжейлі сипатталған.

2023 жылғы ESG-есебі 2024 жылы шілде айының соңында жарияланды. Барлық бұрынғы КПО тұрақты даму туралы есептерін КПО вебсайтындағы [«Тұрақты даму»](#) бөлімінен табуға болады.

КПО-ның қаржылық емес есептілігінің тарихы

КПО тұрақты даму туралы есептерін 2008 жылдан бері жариялап келеді.

- **2008 ж. – 2012 ж.** – ең алғашқы шығарылған есептер GRI үшінші Нұсқауына – G3 сәйкес әзірленді.

- **2013 ж. – 2016 ж.** – бұл жылдары жарық көрген КПО есептері Есептілік бойынша жаһандық бастаманың төртінші нұсқауына (GRI G4) сәйкес әзірленді. 2014 жылы КПО компаниясы GRI G4 нұсқауы талаптарын қолданған Қазақстандағы алғаш компаниялардың бірі болды.

- **2017 ж. – 2024 ж.** – есептер БҰҰ ТДМ ескеріп, GRI стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Тұрақты даму саласында қолданылатын есеп беру стандарттары

Бұл есеп 2021 жылғы GRI стандарттарының талаптарына сәйкес және 2021 жылғы мұнай-газ секторына арналған GRI стандарттары талаптарын ескеріп дайындалды. Есепте Компания үшін аса маңызды тақырыптар бойынша көрсеткіштер жарияланған. Сонымен қатар, біз GRI стандарттарының талаптарына сәйкес келетін ESG күн тәртібін зерделедік. Біз БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі мақсаттарының Қазақстанда орындалуына қосып жүрген үлесімізге үнемі салыстырмалы талдау жүргізіп отырамыз. Сондай-ақ, біз ESRS, IFRS сияқты қаржылық емес есеп берудің жаңа стандарттарын зерттеп жатырмыз және олардың компаниямызға қаншалықты қатысты екенін анықтап жатырмыз.

Біз GRI стандарттарын тұрақты даму туралы есеп беру үшін ең лайықты деп санаймыз. Осы стандарттар талап ететіндей Есептің ашықтығы мен шынайылығын қажетті деңгейде қамтамасыз ету біз үшін қашан да маңызды.

Ақпараттың тәуелсіз расталуы

Есептерімізді тәуелсіз растау арқылы қаржылық емес есептеріміздің ашықтық пен шынайылық тұрғысынан жоғары деңгейде болуына ықпал ететініне сенімдіміз. КПО Тұрақты даму туралы есебін растау тәжірибесін 2009 жылы бастады. Содан бері аудиторлық компаниялар КПО-ның он төрт есебіндегі ақпараттың растығын тексерді.

Осы есепте ашып көрсетілетін деректерді растау үшін КПО «PwC Kazakhstan» компаниясының тәуелсіз сарапшыларының көмегіне жүгінді. PwC Kazakhstan компаниясының «Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп» 161-164-беттерде берілген. / GRI 2-5, 2-17 /

Компания ішінде есеп мазмұнын келісуге және елеулі тақырыптарды белгілеуге келетін болсақ, КПО-ның ESG-есебін Компанияның директорлар комитеті бекітеді, ал есепті дайындау барысында оны оператор компаниялардың тұрақты даму мәселелері бойынша қосалқы комитетке тағайындалған мүшелері мақұлдайды. / GRI 2-5, 2-14 /



Жыл сайынғы конкурстарда және «Эксперт Қазақстан» агенттігінің ұлттық рейтингтерінің қорытындыларында КПО компаниясының тұрақты даму туралы есебінің жоғары сапасы мен тиянақтылығы жоғары бағаланып, бірнеше рет танылды.

2018 жылы КПО «Азия елдері арасындағы тұрақты даму саласында есеп беру бойынша марапаттау 2018» сайысында «Үздік экологиялық есеп» және «Лайықты еңбек шарттарын қамтамасыз ету бойынша үздік есеп» номинациялары бойынша финалға шықты.



КПО PwC Kazakhstan рейтингінде ESG-ақпаратты жариялау деңгейі бойынша қаржылық емес компаниялар арасында 2019 жылдан бастап үздік ондыққа келеді.

2017 жылдан бастап Тұрақты даму туралы есепте қоршаған ортаны қорғау туралы ақпаратты жария етудің арқасында КПО Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) өткізетін Қазақстан мұнай-газ компанияларының экологиялық ақпаратының ашықтығы рейтингінде көш бастаған үштіктің қатарында келеді.



2023 жылғы желтоқсанда КПО PwC Kazakhstan компаниясының 2022 жылғы жылдық есептердің нәтижелері бойынша жасаған ESG-ақпаратты ашып көрсету деңгейі бойынша үздік 50 компания рейтингінің төртінші басылымының көшбасшылар тізіміне енді.

PwC Қазақстан компаниясы ұйымдастырған 2022 жылғы ең үздік жылдық есептер байқауы аясында КПО «ESG-ақпаратты ашып көрсету бойынша үздік тәжірибе» және «Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін ең үздік ашып көрсеткен компания» номинациялары бойынша дипломдар иеленді.



2024 жылғы желтоқсанда КПО «ESG-ақпаратты ашып көрсетуде үздік практика» номинациясы бойынша дипломға ие болып, PwC Kazakhstan компаниясының 2023 жылғы жылдық есептердің нәтижелері бойынша жасаған ESG-ақпаратты ашып көрсету деңгейі бойынша үздік 50 компания рейтингінің бесінші басылымының көшбасшылар тізіміне енді.

2025 жылғы ақпанда КПО KASE жылдық есептер байқауында «2023 жылдың тұрақты даму туралы үздік есебі» номинациясының жеңімпазы атанды. Жылдық есептерді бағалауды KASE қызметкерлері, сондай-ақ жылдық есептерді бағалау мен әзірлеу саласындағы қазақстандық сарапшылар жүргізді.



КПО 365



«КПО 365» стратегиясының бірінші саны алдымызға қойған **3 негізгі мақсатты** білдіреді. Олар жылдан жылға өзгеріссіз қала береді. Бұлар стратегияның негізгі іргетасы іспетті және стратегияның қалған элементтері осыларға негізделеді. Осы мақсаттар КПО-ны қызметі орнықты және тұрақты даму қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылған әлемдік деңгейдегі кәсіпорынға айналдыратын қозғаушы күштер болып табылады.

Одан кейінгі сан **6 басым бағытты** білдіреді. Олар да тұрақты болып қалады, тек қажет болған жағдайда 3 жыл сайын жаңартылып отыруы керек.

«КПО 365» стратегиясындағы әр басым бағыт **«5 жолды** қамтиды. Бұл жолдар – КПО-ның ұзақ мерзімді көздеген мақсатына жетуге жетелейтін жыл сайынғы қысқа мерзімді стратегиялар. Жоспарымызға сәйкес аталмыш жолдар жыл сайын қайта қаралып, бекітіліп немесе жаңартылып отырады, содан кейін тиімділіктің жылдық негізгі көрсеткіштерімен байланыстырылады және кейін осы ақпаратты негізге алып, болашақтағы қызмет жоспарланады.

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ / GRI 2-22 /

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» негізгі миссиясы – Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнын табиғатқа қамқорлық және экономикалық тиімділік қағидаттары негізінде, сондай-ақ жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуі үшін мүмкіндіктер жасай отырып игеру.

Осы мақсатқа қол жеткізу жолында КПО өз қызметтерінде тұрақты даму қағидаттарын берік ұстанады және мыналарды жүзеге асыруға өз үлесін қосады:

- Компания қызметімен байланысты теріс әсерді барынша азайту, ал мүмкіндіктерді барынша арттыру;

- Қарашығанақ кен орнын игеру барысында қабылдайтын шешімдерінің ұзақ мерзімді салдарын ескеру;
- Мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- Өндірісті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу және ашықтықты қамтамасыз ету.

Компания өз қызметін [Тұрақты даму кодексінде](#), сонымен қатар [КПО бизнес қағидаттарында](#) бекітілген он тұрақты даму қағидатын басшылыққа алып, БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге өз үлесін қосып жүзеге асырады. / **ТДМ 16.б** /

КПО БИЗНЕС СТРАТЕГИЯСЫ / GRI 201-2, ТДМ 7, 8.4, 12, 13, 16.б, 17.14 /

Ұзақ мерзімді әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге деген талпынысымыз КПО миссиясында көрініс тапқан. Бұл мақсатымызға 3 мақсаттан, 6 басым бағыттан және 5 «жолдан» тұратын «КПО 365» атты стратегиямызды іске асыру арқылы қол жеткізуді жоспарлап отырмыз (1-суретті қараңыз). / **GRI 2-22** /

КПО-ның бизнес стратегиясының мақсаты – бүкіл ұйым аясында миссияға қатысты тұтастықтың болуын қамтамасыз ету және алға қойылған

міндеттер мен берілген уәделердің орындалуын қадағалау үшін құрылған жүйеге сәйкес әрекет ету.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін компанияның ұстанымы мен миссиясын тактикалық және нақты әрекеттерге айналдырған өте маңызды. Бұған «КПО 365» корпоративтік стратегиясын енгізу арқылы қол жеткізбекпіз. Бұл стратегия болашақта КПО-ны табысқа жетелейтін құрамдас элементтерді анықтайды және олар 1-суретте көрсетілген.

1-сурет. «КПО 365» стратегиясы

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ- МЫЗҒА САЙ БОЛУ



АДАМДАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Ынтылы әрі білікті адамдар – компания тірегі

- Ұлттандыру
- Даму және өнімділік
- Талқыға тарту
- Әралуандық және тең мүмкіндіктер
- Этикалық нормалар және нормативтік-құқықтық сәйкестік

НӨЛДІК КӨРСЕТКІШ

Адамдар мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу



- Қауіпсіздік мәдениеті
- Бизнес серіктестер
- Жабдықты қорғау
- ҚОҚ-тың жоғары деңгейі
- Денсаулықты сақтау

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Әлеуметтік жауапкершілік және мүдделі тараптарды тарту

- ҚР
- PSA
- Бас компаниялар
- БҚО және жергілікті халық
- Ішкі байланыс

ШЫҒЫНДАРДЫ БАСҚАРУ

Қаражатты ұтымды игеру және жергілікті әлеуетті дамытуға жәрдемдесу



- Келісім-шарттар
- Цифрландыру, жеңілдету
- Шығындарды оңтайландыру
- Жергілікті қамту
- Қорлар

БОЛАШАҚТЫ ҚҰРУ



КІРІСТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өндірісті арттырып, кеңею жобаларын іске асыру

- Пайдалану тиімділігі
- Нысандарды оңтайландыру
- Жобаларды іске асыру
- Газ жобасы
- Экспорт бағдарлары



ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БЕТБҰРЫС

Көміртек ізін азайту

- Шығарындылардың нөлдік деңгейіне жетуге ұмтылу
- Қуат стратегиясы
- Шығарындыларды азайту стратегиясы
- Су стратегиясы
- Қалдық ресурстары стратегиясы

КЛИМАТҚА ҚАТЫСТЫ ҚАТЕРЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР / GRI 201-2 /

Біз климаттың өзгеруінен туындайтын тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару тәсілін үнемі жетілдіріп отырамыз. Бұл жұмысымыздың аясында түрлі уақыт аралығын қарастырып, ол кезеңдердің қатерлерді анықтау және қызметті жоспарлау үшін маңыздылығын анықтаймыз. Біз шығарындылар саудасы жүйесіне, көміртегі бағасына, жаңартылатын энергия көздеріне және офсеттік шешімдерге қатысты заңнамадағы өзгерістерді белсенді түрде қадағалап отырамыз. Энергетикалық бетбұрыстың орта және ұзақ мерзімді перспективада қалай өрбуі мүмкін екені туралы түсінік беретін әлеуетті сценарийлерімізге осы факторлар енгізілген. Осы идеялар стратегиялық көзқарасымызды, қаражатты бөлуді және парниктік газ шығарындыларын азайтуға бағытталған мақсаттар қоюды анықтайды.

Біз, сонымен қатар, климаттың өзгеруіне байланысты орын алуы мүмкін физикалық қатерлерге қарсы төзімділікті арттыру үшін активтеріміз бен өндірістік қызметімізді тиімді бейімдеу жолында жұмыс істеп жатырмыз. Активтер мен персоналды климаттық қатерлердің физикалық әсерінен қорғау бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр. 2024 жылдың наурыз-сәуір айларында КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының жергілікті билік органдарына су тасқынына қарсы қоршаулар салуда қолдау көрсетіп, зардап шеккен тұрғындарға қол ұшын созды. Компания су тасқыны салдарынан үйлері жарамсыз болған адамдарға жаңа тұрғын үй сатып алуға 2 млрд теңге көлемінде өтеусіз қаржылық көмек көрсетті.

2024 жылы КПО Жасыл стратегиясы аясында барлық бес негізгі бағыт бойынша негізгі іс-шаралар ойдағыдай орындалды. Парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізілді, жел қарқынын өлшеу науқаны аяқталды, газтурбиналық генераторлардың жылуын пайдалану концепциясын таңдау жұмыстары басталды. Батыс Қазақстан облысында тұрақты ауыл шаруашылығы саласында офсет жобаларын жүзеге асыру мүмкіндіктері бағаланды. Суды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар қабылданып, айналма суды пайдалануды кеңейту және цифрлық технологияларды енгізу қолға алынды. Сондай-ақ, қалдықтармен жұмыс істейтін қондырғыларды жаңғырту бойынша зерттеулер жүргізілді.

КПО қалдықтарды, соның ішінде бұрғылау қалдықтарын өңдеу және қайта пайдалану деңгейін арттыруға бағытталған Жасыл стратегия шеңберінде тұрақты шешімдерді енгізу жұмыстарын жалғастырып келеді. Бұл – қоршаған ортаға әсерді барынша азайту және декарбонизация бойынша мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған кең ауқымды бастаманың бір бөлігі.

Біз, сондай-ақ ҚР Үкіметімен ынтымақтасып, нормативтік базаны қалыптастыру бойынша түрлі жұмыс топтарына қатысып жүрміз, бұл өз кезегінде Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік бермек.

2024 жылы КПО БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының (ЮНЕП) OGMP 2.0 бастамасына қосылып, 2025–2029 жылдарға арналған метанның үлестік шығарындыларын азайту мақсаттарын айқындаған ұзақ мерзімді мониторинг жоспарын ұсынды.

IMEO (Метан шығарындыларын халықаралық бақылау орталығы) жариялаған есеп пен Бакуде өткен БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздеделік конвенциясына қосылушы тараптардың 29-шы конференциясында (29-ТК) айтылған жұмыстардың нәтижесінде КПО осы бағыттағы жетістіктері танылып, OGMP КПО-ға «Gold Pathway» мәртебесін берді. 2024 жылдың екінші жартысында компания Қарашығанақ мұнай және газ конденсат кен орнындағы метан шығарындыларының барлық көздерін қамтыған толық аспапты мониторинг жүргізді. Бұл үшін метан эмиссиясын анықтауға және есепке алуға арналған ең заманауи жабдықтар пайдаланылды.

Жеткен жетістіктерге қарамастан, КПО үздіксіз жетілудің маңыздылығын мойындайды. Қазақстанның жетекші мұнай-газ кәсіпорындарының бірі ретінде КПО энергетикалық бетбұрыстың қатерлері мен мүмкіндіктерін алдын ала анықтауға тырысады.

Коммерциялық қатерлер (орта және ұзақ мерзімді)

Төмен көміртекті экономикаға көшу және Еуроодақтың көміртек шығарындыларын трансшекаралық реттеу механизмінің мұнай мен газға таралуы мұнай-газ өнімдерін өндіруге көп энергия жұмсалатын болғандықтан сатылатын өнім көлемінің және/немесе табыстылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, инвесторлар мен қаржы институттары артық көріп, басымдық беретін бағыттардың өзгеруі капитал пайдалануға деген мүмкіндікті шектеп, оның құнын арттыруы мүмкін.

Нормативтік-құқықтық талаптарға қатысты қатерлер (қысқа, орта және ұзақ мерзімді)

Басқа нарықтар сияқты Қазақстанның көміртек нарығы да ПГ шығарындыларына берілетін тегін квотаны төмендету арқылы және шығарындыларға берілетін квоталарды саудалау жүйесін дамыту арқылы бизнесті төмен көміртекті технологияларға жүйелі көшіруді көздеп отыр. Болжам бойынша көміртек шығарындыларын реттеу механизмінің күшейтілуіне байланысты нормативтік талаптарды орындауға кететін шығындар арта түседі. Дегенмен, қазіргі уақытта тегін көміртек квоталарының төмендеуі қарқынына, көміртегі бағасына және басқа да реттеу механизмдеріне қатысты шешімі табылмаған түрлі сұрақтар бар. Бұл жобаларды жоспарлау және инвестициялық шешімдер қабылдау процестерінде ескерілуі қажет тиісті болжамдарды анықтауды қиындатады.

Физикалық қатерлер (қысқа мерзімді, орта және ұзақ мерзімді)

Су тасқыны, құрғақшылық, жаз кезіндегі жоғары температура сияқты қатерлерді қамтитын климаттың өзгеруінен туындайтын әлеуетті жағдайлар КПО объектілеріне, өндірістік қызметіне және жеткізу

тізбегіне әсер етуі мүмкін. Бұл қауіпті факторлар мен әсерлердің жиілігі арта түседі деп күтіледі. Климаттың өзгеруіне байланысты болса да не байланысы жоқ болса да, ауа-райының экстремалды құбылыстары КПО-ның қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Беделге қатысты қатерлер (ұзақ мерзімді)

Беделге қатысты қатерлерге келетін болсақ, егер КПО өзін климаттың өзгеруіне қарсы күресте көшбасшылардың бірі ретінде көрсете алмаса, ол материалдық емес беделге қатысты қатерлерден зиян шегу мүмкін. Бұл мұнай-газ саласындағы әрбір кәсіпорынның процеске қосылып, ортақ жауапкершілікті бөлісу қажет екенін көрсетеді. Демек, КПО-ның бүкіл сала күш жұмылдырған бастамаға қосатын үлесі айқын және танылатындай болуы керек. Бұл КПО-ның өзінің және бас компанияларынан алынған ең жақсы қолданыстағы технологияларды, тәжірибелер мен бастамаларды қолдануға деген ұмтылысын білдіреді. Бас компанияларымыздың көпшілігі өздерінің операциялық философияларында энергетикалық бетбұрыс тұрғысынан үлкен серпіліс жасады.

Парниктік газдар, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі салаларындағы ұлттық заңнаманың күшейтілуі өндірістік процестерімізді дер кезінде бейімдеп, тиісті әрекет етуімізді талап етеді.

Энергетикалық бетбұрыстың арқасында КПО-ға заңнаманың және нарық сұранысының өзгеруін өз пайдасына пайдалануға оңтайлы мүмкіндіктер береді. Біз шығарындыларды мейлінше азырақ шығарып, барынша көбірек құндылық қамтамасыз етуге тырысатындықтан, бүгін біз энергия тиімділігі құралдарына, жаңартылатын энергия көздеріне, табиғатпен байланысты офсет мүмкіндіктеріне және метан шығарындыларын бақылауға назар аударамыз. Энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану өнімдеріміздің ПГ шығарындылары мен көміртек ізін азайтуға көмектеседі. Бұл заңнаманың орындалуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар квота шегінен асып кетумен байланысты ықтимал шығындардың туындауының алдын алады және бәсекеге қабілеттілігімізді сақтайды. Басқа шешімдер дайындалып, кең қолданысқа енгенге дейін көміртекті офсеттік шешімдер қысқа және орта мерзімді перспективада болашақтағы көміртектендіру процесіне көпір ретінде тез және құнды рөл атқарады. Толығырақ ақпарат осы есептің «Климаттың өзгеруі және энергетикалық бетбұрыс» бөлімінде берілген.

Оған қоса айта кетері, метан шығарындыларын бірнеше себептерге байланысты бақылау қажет. Ең бастысы – метан климаттың өзгеруіне және ауа сапасына айтарлықтай әсер етеді. Тиімді бақылау жүйелерін енгізу есеп беру процестерін жақсартуға және метан шығарындыларының қоршаған ортаға шығуының алдын алуға көмектеседі. Метан шығарындыларының жетілдірілген мониторингі мен есептің ашықтығын қамтамасыз ету біздің алдағы бес жылдағы – 2024 жылдан 2029 жылға дейінгі басты басымдықтарымыз болып табылады.



/ GRI 2-23 /

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:

Хабарлау және өзара әрекеттесу

Біз мүдделі тараптармен жүйелі түрде диалог жүргізу мен өзара әрекеттесудің маңыздылығын түсінеміз.

Біз жұмысымыз туралы хабардар болуға және тиісті ақпарат алуға толық құқылы мүдделі тараптарға сол ақпаратты ұсынуға міндетіміз деп санаймыз, алайда бұл ретте заңды басым құқыққа ие іскерлік құпиялық ережелерін ескереміз.

Жұмыскерлерімізбен, бизнес серіктестермен және жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынасымызда көтерілетін мәселелерге көңіл бөлуге және оларға бар жауапкершілікпен жауап беруге тырысамыз.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

/ GRI 2-29, 3-1, 3-2, ТДМ 17.16, 17.17 /

Тұрақты даму саласындағы және ESG күн тәртібінде қатысты жетістікке жету бизнес пен мүдделі тараптар арасындағы диалогтың тиімділігіне тікелей байланысты. Біз стейкхолдерлерімізбен тығыз байланыстымыз және олардың пікірлері біз үшін маңызды. ESG есебі мүдделі тараптарды тұрақты даму саласындағы қызметіміз туралы хабардар етудің негізгі құралы болып табылады. Бұл құжат есепті оқушыларға есеп берілетін кезеңде негізгі мәселелерді қалай шешкеніміз туралы, сол шешімдермен байланысты Компанияға да, стейкхолдерлерге де қандай да бір жолмен әсер етуі мүмкін өзгерістер туралы баяндауға арналған. Оған қоса, Есепте КПО компаниясының бүкіл өңірдің дамуына ықпалын талдауға мүмкіндік беретін бірталай көрсеткіштер ұсынылған.

Есепті әзірлегенде, біз бас компаниялардың ауқымды тәжірибесін негізге аламыз және қаржылық емес есептілік саласындағы әлемдік деңгейде мойындалған практика талаптарын ұстанамыз.

Біз үшін стейкхолдерлерімізбен арада орнаған сындарлы қарым-қатынасымызды жалғастыру және екі тарапқа да тиімді шешімдерді енгізу маңызды. Әдетте, шешімдер өзара әрекеттесу барысында қабылданады. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік – Компания қызметінің ажырамас бөлігі: ол заңнамаға және Компанияның ішкі процедураларына сәйкес жоспарланады, құжат жүзінде тіркеледі және іске асырылады.

КПО бөлімшелері өз мүдделі тараптарын қатерлер мен маңызды тақырыптарды талдау негізінде анықтайды және осы Есепте олармен өзара әрекеттесу кезінде жиған тәжірибелерін баяндайды. КПО қызметі ауқымды болғандықтан оның стейкхолдерлерінің құрамына көптеген топтар мен ұйымдар кіреді.

ESG есебін дайындау кезінде Компания ішіндегі түрлі бөлімдермен, сондай-ақ одан тыс мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу арқылы ақпарат алмасып, деректер жиналады. Есепті әзірлеудегі көпжылдық тәжірибемізге сүйеніп, біз бірқатар маңызды тақырыптарды белгілеп алдық. Қызметімізге қатысты ең өзекті және маңызды мәліметтер баяндалуы үшін аталмыш тақырыптар жыл сайын қайта қаралып тұрады. Есептің осы шығарылымында біз олардың даму қарқынын көрсетуді жалғастырамыз.

Есепте талқыланатын маңызды тақырыптар жалпы КПО қызметінен туындайтын және жекелеген өндірістік операцияларды жүргізу кезінде болатын экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсер ету мәселелерін қамтиды.

3-суретте біз үшін аса маңызды стейкхолдерлердің топтарын көрсеттік және 2024 жылы олармен қандай жолмен әрекеттескенімізді көрсеттік.

Маңызды тақырыптардың шеңберін анықтау құралы ретінде, GRI Есептілік жөніндегі жаһандық бастама стандарттарын және олардың мұнай және

газ саласына арналған қосымшасын басшылыққа аламыз. Есепте берілген нәтижеліктің аса маңызды көрсеткіштерін Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) деректерімен салыстырмалы түрде көрсетеміз. Қолданылатын GRI стандарттарын біз менеджмент саласындағы әдістерді және Компания қызметінің негізгі көрсеткіштерін ескере отырып ашып көрсетеміз. Оған қоса қатерлер мен мүмкіндіктер бағаланады, алға қойылған мақсаттар өткен кезеңдердің жетістіктерімен сандық түрде салыстырылады.

Әртүрлі стандарттардың талаптарына қарамастан, біз Компанияның қызметі мен тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптар бойынша барынша толық ақпарат беруге тырысамыз. Сондықтан Есепте берілген ақпарат GRI көрсеткіштерімен ғана шектеліп қоймайды.

Есеп беру кезеңінде баяндалған тақырыптар бас компанияларымызбен, өкілетті орган «PSA» ЖШС-мен, әртүрлі бақылаушы органдармен, мердігерлерімізбен, салалық серіктестерімізбен,

жұмыскерлерімізбен, кәсіподақтармен, жергілікті халықпен және БАҚ өкілдерімен көп тараптар арасындағы өзара әрекеттесу барысында ұдайы қадағаланып отырады. Мүдделі тараптар жергілікті тұрғындармен өткізілетін консультативтік кеңестерде, форумдарда, конференцияларда, қоғамдық тыңдаулар сияқты түрлі жиналыстар барысында, әлеуметтік сауалнамалар мен тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ Компаниямен тікелей байланысу арқылы өздерін толғандыратын мәселелерді көтереді. (3-суретті қараңыз)

/ GRI 2-29 /

2025 жылы негізгі құрылымдық бөлімшелердің басты стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл нәтижесінде 2024 жыл үшін ең өзекті тақырыптар айқындалды. Сондай-ақ, басым стейкхолдер топтардың бірі деп саналатын Компания жұмыскерлері арасында сауалнама жүргізілді. Соңғы төрт жылда жиі таңдалып келген үздік 8 тақырып 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. 2021–2024 жылдардағы стейкхолдерлердің негізгі топтарының пікірін зерттеу нәтижесінде анықталған ең маңызды тақырыптарды салыстыру

2024	2023	2022	2021
1. Персоналды дамыту және оқыту	1. Технологиялар мен инновациялар	1. Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	1. Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету
2. Жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу	2. Табиғатты қорғау заңнамасы талаптарын сақтау	2. Жұмыскерлердің еңбегін қорғау және қауіпсіздік техникасы	2. Жұмыскерлердің еңбегін қорғау және қауіпсіздік техникасы
3. Технологиялар мен инновациялар	3. Жұмыскерлердің еңбегін қорғау және қауіпсіздік техникасы	3. Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау	3. Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау
4. Жұмыскерлердің денсаулығын сақтау	4. Персоналды дамыту және оқыту	4. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі	4. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі
5. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі	5. Энергия тиімділігі	5. ТЖ кезінде әрекет етуге дайындық	5. ТЖ кезінде әрекет етуге дайындық
6. Қатты және сұйық қалдықтармен жұмыс істеу, сарқынды суларды кәдеге жарату	6. Технологиялық процестердің қауіпсіздігі	6. Мердігерлер ұйымдармен арадағы өндірістік қатынастар	6. Ауа сапасын қадағалау
7. Энергия тиімділігі	7. ПГ және ластағыш заттардың шығарылу көлемін азайту	7. Жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу	7. Парниктік газдар мен ластаушы заттар шығарындыларын азайту
8. Қоршаған ортаны қорғауға қаражат бөлу	8. Суды ұтымды пайдалану	8. Кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру	8. Суды ұтымды пайдалану


Осы есепте баяндалатын қандай да бір тақырыптардың өзектілік деңгейін 2-суреттен байқауға болады. Тақырыптар маңыздылығына қарай диаграмманың сыртқы жиегінен ортасына дейін қойылған 0-ден 3-ке дейінге диапазонда көрсетілген және шекті мәні бірден жоғары ең маңызды тақырыптар диаграмманың ішкі қабаттарында орналастырылған.

Есепті дайындау барысында негізгі мақсатымыз осы Есепте жарияланатын маңызды тақырыптар туралы жұртшылықтың хабардарлығын үнемі арттырып

отыру деп білеміз. Кері байланыс қалдыруға арналған онлайн форманы [веб-сайтымыздан](#) таба аласыз. Есеп туралы ойыңызды кез келген уақытта өзіңізге ыңғайлы формада мына электрондық поштаға жолдай аласыз: Sustainability@kpo.kz.

Есептердің қағаз нұсқаларында оқырмандар жырттып алып, толтыра алатын кері байланыс формасы бар. Келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар келесі есепті дайындаған кезде назарға алынатын болады.

2-сурет. 2024 жылғы сауалнама нәтижелері бойынша анықталған КПО тұрақты дамуына қатысты маңызды тақырыптар / GRI 3-1, 3-2 /



* Еск.: Тақырыптар маңыздылығына қарай диаграмманың сыртқы жиегінен ортасына дейін қойылған 0-ден 3-ке дейінге диапазонда көрсетілген Ең маңызды тақырыптар диаграмманың ішкі қабаттарында орналастырылған.

3-сурет. КПО стейкхолдерлері және олармен 2024 жылы әрекеттесудің негізгі жолдары / GRI 2-29 /



КПО жергілікті тұрғындар мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері сияқты мүдделі топтарға ерекше көңіл бөледі. Осы осал топтарға көмек көрсету бойынша әлеуметтік бастамалар мен іс-шаралар туралы ақпаратты ашу «Жергілікті қоғамдастықтар», «Өндірістік қатынастар», «Денсаулықты қорғау» және «Әлеуметтік инфрақұрылымға үлес» тарауларында берілген.
/ GRI 2-23 /



ҚР МИНИСТРЛІКТЕРІ/АГЕНТТІКТЕРІ

- ▶ Жұмыс жиналыстары мен сапарлары
- ▶ Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырыстары
- ▶ Жұмыс топтарының отырыстары



БАҚ
(республикалық, өңірлік, жергілікті)

- ▶ Хат алмасу, пресс-релиздері, мақалалар, кездесулер, қоғамдық іс-шаралар, VIP қонақтардың сапарлары форматындағы тұрақты өзара әрекеттестік
- ▶ Әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру: LinkedIn, Facebook, YouTube, Instagram, Вконтакте, ESG-есеп, корпоративтік вебсайт, басылымдар, сұхбаттар, БАҚ-тағы және корпоративтік бейнематериалдар



БАС КОМПАНИЯЛАР
(«Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл», «ҚазМұнайГаз»)

- ▶ Директорлар кеңесінің жиналыстары
- ▶ Мердігер комитетінің жиналыстары
- ▶ Оператор комитетінің жиналыстары
- ▶ Мердігер комитеті қосалқы комитеттерінің жиналыстары
- ▶ Оператор комитеті қосалқы комитеттерінің жиналыстары



ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ
(Ақсай қаласы және оның маңындағы елді мекендер тұрғындары)

- ▶ Консультативтік кеңестер, кездесулер, өтініштер, өтініштерді беру және қарастыру тәртібі
- ▶ Қоғамдық тыңдаулар



ҚР БАҚЫЛАУШЫ ОРГАНДАРЫ

- ▶ Тексерулер, инспекциялар, аудиттер
- ▶ Ақпараттандыру, кездесулер
- ▶ Апаттық жағдайда әрекет ету бойынша кешенді оқу-жаттығулар
- ▶ Сот істері



ЖҰМЫСКЕРЛЕР

- ▶ Жиналыстар/ кездесулер, хат жолдаулар
- ▶ Корпоративтік іс-шаралар: Жалпы жиналыс, Еңбек ресурстары бөлімінің ашық есік күні, бизнес-этика бойынша жиналыс, сайыстар, салтанатты марапаттау рәсімдері
- ▶ Бизнес-қағидалар мен тәртіп кодексі туралы ақпарат беру және оқыту
- ▶ Жұмыскерлердің Еңбек ресурстары бөліміне және «Жедел желі» арқылы жеткізген өндірістік, әлеуметтік және жұмысқа қатысты мәселелері бойынша өтініштері
- ▶ КПО және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы жетістіктері үшін тоқсан сайын және жыл сайын марапаттау
- ▶ ҚТ ережелерін сақтау бойынша кезектен тыс жиналыстар өткізу
- ▶ ҚТ, қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс тақырыптары бойынша онлайн оқыту;
- ▶ Кадрлар бөлімі, АТЖТ қолдау қызметі, қауіпсіздік қызметі жұмыскерлеріне арналған электронды сауалнамалар
- ▶ Кәсіби мерекелерді атап өту
- ▶ Корпоративтік журнал, интернет-портал, электрондық дисплейлер, қандай да бір тақырыпты қозғайтын брошюралар арқылы ақпараттандыру
- ▶ Қоғамдық жұмыс



ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК ОРГАНДАРЫ

- ▶ Жұмыс бабындағы кездесулер
- ▶ Форумдар, конференциялар
- ▶ ББК отырыстары
- ▶ Қоғамдық іс-шаралар



КӘСІПОДАҚТАР

- ▶ Жұмыскерлердің әлеуметтік және еңбек мәселелері бойынша жүгіну механизмі
- ▶ Спорттық және мәдени іс-шаралар



ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР
(қоммерциялық емес ұйымдар, бастамашыл топтар, қоғамдық қорлар)

- ▶ Қоғамдық тыңдаулар
- ▶ Uralsk Green Forum



ЖАС ҰРПАҚ
(студенттер, оқушылар, жас мамандар)

- ▶ Өндірістік практика
- ▶ Жастар практикасы
- ▶ ЖОО түлектерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы
- ▶ Жақын орналасқан ауылдық округтің жастарына арналған КПО стипендиялық бағдарламасы
- ▶ Компания штатында жұмыс істейтін жұмыскерлер мен олардың балаларына арналған КПО стипендиялық бағдарламалар
- ▶ Ақсай қаласының балалары мен ата-аналарына арналған жол қауіпсіздігі бойынша жыл сайынғы іс-шара



КОНТРАГЕНТТЕР
(жеткізушілер/мердігерлер, тапсырыс берушілер, банктер)

- ▶ Форумдар, конференциялар
- ▶ Жұмыс бабындағы кездесулер, танысу мақсатындағы кездесулер
- ▶ Өндірістік қатынастар бөлімінің мердігерлерге жүргізетін мониторинг
- ▶ Мердігерлік компания жұмыскерлерінің өндірістік қатынастар бөліміне және Жедел желі арқылы жеткізген өтініштері
- ▶ Жеткізушілерге арналған онлайн семинарлар



САЛАЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР
(мұнай-газ компаниялары, бизнес қауымдастықтар)

- ▶ Конференциялар, форумдар, кездесулер
- ▶ ҚР мемлекеттік органдарымен және жұмыс тобында мүше ретінде өткізілетін бірлескен жиналыстар

ІСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДА МҮШЕЛІК ЕТУ / GRI 2-28, ТДМ 17.16, 17.17 /

Біз «KAZENERGY» қауымдастығы, «Мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған халықаралық орталығы», «Тұрақты дамуға арналған табиғат пайдаланушылардың қазақстандық ассоциациясы» сияқты қазақстандық қауымдастықтардың жұмысына үлес қосып, қатысуымызды стратегиялық тұрғыдан маңызды деп бағалаймыз. Қауымдастықтармен орнатылған серіктестік арқасында КПО-ның мұнай және газ саласындағы басқа кәсіпорындармен тәжірибе алмасуға, сондай-ақ жұмыс топтары мен комитеттерге қатысу арқылы Компания мүдделерін ілгерілетуге мүмкіндігі бар.

Біз KAZENERGY қауымдастығымен бірлесе отырып, КПО да, мемлекеттік стейкхолдерлер де көтеріп жүрген көптеген мәселелерге шешім тауып жүрміз. Өзара іс-әрекетіміз бірнеше бағыттар бойынша – Үйлестіру кеңестері, комитеттер және жұмыс топтары шеңберінде жүргізіліп келеді.

Әлеуметтік салада талқыланатын мәселелер қатарына еңбек қатынастары, жобалардағы әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету мәселелері; сондай-ақ ұжымдық шарттардың жобалары үшін базалық құжат ретінде қолданылатын Салалық келісім жобасын әзірлеу; жұмыстар мен кәсіптердің

бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын ауыстыруға арналған кәсіби стандарттарды әзірлеу және тағы басқа тақырыптар кіреді. Қоршаған ортаны қорғауға қатысты тақырыптар келесі жолдармен жүзеге асырылады: мұнай-газ саласында жаңа қолжетімді технологияларды әзірлеу және қолдану, экологиялық заңнаманы жетілдіру (ҚР жаңа Су кодексінің жобасын қоса алғанда), жер қойнауын пайдаланушылардың НҚА-ға қатысты уақтылы түсініктемелер беруі, парниктік газдар шығарындыларын реттеу және көміртегіздендіру бойынша НҚА-ға өзгерістер енгізу, қоршаған орта компоненттерінің сапасы бойынша экологиялық нормативтерді белгілеу, ҚР Салық кодексінің жобасының дайындалу жұмысына қатысу және т.б.

ҚР-да отандық мұнай-газ машина жасауды дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыратын Мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған халықаралық орталығының (IMBC) жұмысына Компанияның белсенді қатысуы Қарашығанақ жобасындағы ТЖҚ-дағы жергілікті қамту үлесін арттыруға ықпал етеді.

КПО мен IMBC-дің ортақ жұмысы туралы толығырақ «Жергілікті қамтуды дамыту» тарауынан біле аласыз.



*Қозғалыстың қуаты –
әр мүшесінің
саналы іс-
әрекетінде*



ӨНДІРІС

- 16** КПО өндірістік объектітері
- 18** Өнімдер және экспорттық бағыттар
- 20** Бұрғылау технологиялары
- 21** Күрделі жөндеу жұмыстары
- 22** Күрделі жобалар
- 24** Өндіріс тұтастығы
- 27** Төтенше жағдайларды басқару



/ GRI 2-23 /

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:

Экономика

Іскерлік мақсаттарымызға жетудің және акционерлеріміз бен Қазақстан Республикасы үшін тиімді жағдайлар туғызудың елеулі факторы – ұзақ мерзімді пайдалылықты қамтамасыз ету.

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:

ҚОҚ

Біз қызметіміздің қоршаған ортаға әсерін азайту жолдарын үнемі іздеудеміз.

2024

ӨНДІРІС

Жалпы өндіру көлемі

143,3
млн МБЭ

Тұрақтандырылған
мұнайдың жалпы көлемі

10 968
мың тонна

Жалпы өндірілген газ көлемі

23 942
млн м³

Мұнай экспорты

10,93
млн тонна

ҰНҒЫМАЛАР ҚОРЫ

Ұңғымалардың жалпы саны

577

Өндіруші ұңғымалар

132

Кері айдау ұңғымалары

22

Шикізаттардың
айтарлықтай төгілуі

0

КІРІСПЕ / GRI 2-1, 3-3, OG1 /

КПО Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және ауданы 280 км²-ден астам аумақты алып жатқан Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының (бұдан әрі – ҚМГКК) операторы болып табылады. ҚМГКК – бірегей кен орны, ол күрт континенттік климатқа байланысты өндірудің қиындықтарымен түсіндіріледі. Қабаттың жоғарғы шекарасы шамамен 3500 м тереңдікте жатыр, ал өнімді қабаттың қалыңдығы шамамен 1600 м құрайды. Өндірілетін көмірсутекті шикізаттың құрамында 4,5% дейін жоғарғы уытты, коррозиялық күкіртсутек (H₂S) және көмірқышқыл газы (CO₂) бар, олар белгілі бір жағдайларда жоғары коррозияға ұшырауы мүмкін. / GRI 2-1 /

Қарашығанақ кен орны бойынша мұнай-газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорларын

қайта есептеу туралы соңғы есептердің деректеріне сәйкес (ҚР Қорлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен 17.11.2017 ж. қабылданған), Қарашығанақ кен орнының қорлары 13,6 млрд баррель сұйық көмірсутектерге және 59,4 трлн текше фут газға бағаланады, 2024 жылғы жағдай бойынша сұйық көмірсутектердің шамамен 16,1%, ал газдың 15,1% өндірілді. / OG-1 /

Экономикалық тиімділікті барынша арттыру және қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында КПО озық технологияларға қомақты қаражат жұмсауда. 1997 жылы ӨБТК-ге қол қойылған сәттен бастап 31.12.2024 ж. дейін, Қарашығанақ кен орнын игеруге инвестициялардың жалпы көлемі 32,8 млрд АҚШ долларынан асты. 2024 жылдың аяғында КПО-да 4 080 адам жұмыс істеді.

КПО ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТТЕРІ / GRI 2-6 /

КПО-да көмірсутек шикізатын өндіру және өңдеу үш негізгі, өзара байланысқан қондырғыларда іске асырылады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3. Ұзындығы шамамен 2000 километр болатын кеніш ішіндегі құбыржолдар жүйесі негізгі өндірістік объектілер арасында тиімді байланысты қамтамасыз етіп, өндірілген ағындардың ұңғымалардан қондырғыларға және қондырғылар арасында қозғалуын жеңілдетеді. Сондай-ақ, бұл объектілерге мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Эко орталық жатады, 4 суретте көрсетілген.

ҚӨК-де тасымалдаудың екі жүйесі істейді:

1. «Қарашығанақ – Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ):
 - ҚӨК және Үлкен Шаған ауылы мұнай айдау станцияларын қамтиды;
 - Атырау қаласындағы КПО терминалы аумағында қабылдау және сақтау объектілері бар.
2. «Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ):
 - Ресей Федерациясындағы Орынбор ГӨЗ-ге газ тасымалдау үшін пайдаланылады.


2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнында 132 өндіру ұңғымасы мен 22 шикі газды кері айдау ұңғымасы жұмыс

істеді, бұл ретте ұңғымалар қорында барлығы 577 ұңғыма болды. 2023 жылы арнайы ұңғымалар қорына «Қалдықтар мен сарқынды сулардың жерүсті жинақтау учаскелеріндегі бақылау ұңғымалары» категориясы қосылды, ол 94 ұңғыманы қамтыды; осы категорияға жататын бір ұңғыма U2-GN-1 жойылды. Осылайша, арнайы ұңғымалар саны 95-ке көбейіп, 01.01.2025 жылға қарай 279 болды.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнында **132** өндіру ұңғымасы мен **22** шикі газды кері айдау ұңғымасы жұмыс істеді, бұл ретте ұңғымалар қорында барлығы **577** ұңғыма болды.

2024 жылы бұрғылау жұмыстарынан кейін 5 өндіруші ұңғыма және 2 газды қабатқа кері айдау ұңғымасы пайдалануға берілді. 2024 жылдың соңына қарай бұрғылау жұмыстарында екі өндіруші ұңғыма болды.

4-сурет. ҚМГКК объектілері мен өнімдері (2024 ж. соңына сәйкес) / GRI 2-6 /



ӨНІМ

- Ұңғымалардан алынған шикізат
- Электр қуаты
- Отын газы
- Тазартылмаған газ
- Тұрақтандырылмаған мұнай
- Тұрақтандырылған мұнай

ҰҢҒЫМАЛАР ҚОРЫ

Жалпы ұңғыма саны	577
Жұмыстағы өндіруші ұңғымалар саны	132
Айдау ұңғымалары	22

- Мемлекеттік шекара
- ▭ Шеткі әсер ету көздері сызығы
- Есептік санитариялық-қорғау аймағы (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады)
- Автожолдар
- Гидрография

ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР / GRI 2-6 /

КПО сұйық көмірсутектерді, шикі және отын газдарын өндіреді.

2024 жылы таза табысты максималдау мақсатында ҚМГКК өндірген сұйық көмірсутектердің 99% тұрақты мұнай ретінде әлемдік нарықтарға келесі бағыттармен экспортталды:

- Каспий құбыр консорциумы (КҚК),
- Атырау-Самара құбыр желісі және одан әрі «Транснефть» құбыр жүйесі арқылы.


КҚК құбыры арқылы КПО мұнайы Қара теңіздегі КҚК теңіз терминалына (Озереевка ауылы) жеткізіледі. Ал 2024 жылы Атырау-Самара құбыры мұнайды Адамова Заставаға (Польша) жеткізу үшін пайдаланылды, соның соңғы тапсырыс берушінің тапсырыс беру пункті Германияда (Шведт МӨЗ)

және Балтық теңізіндегі Усть-Луга портында болды (5-суретті қараңыз).

КҚК құбыры КПО мұнайын экспорттаудың негізгі бағыты болып табылады; Атырау-Самара бағыты бойынша Адамова Заставаға жеткізу 2024 жылы қалыптасқан саяси-экономикалық жағдайға байланысты максималды пайдаланылып, КҚК-мен салыстырғанда жоғары нетбэк әкелгендіктен, толық қуатта жұмыс істеді. Әдетте, Атырау-Самара бағыты КҚК-да жоспарлы немесе жоспарсыз үзілістер болған жағдайда қосалқы бағыт ретінде де пайдаланылады.

2024 жылы КПО геосаяси жағдайға байланысты қалыптасқан халықаралық санкциялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша шараларды жалғастырды.

5-сурет. КПО мұнай экспортының 2024 жылғы бағыттары / GRI 3-3 /



Мұнай экспорты бойынша 2024 жылғы әрекеттер

2024 жылы КПО тарихи рекордтық деңгейде – 10,93 миллион тонна мұнай экспорттады, оның ішінде:

- 9,81 миллион тонна мұнай КҚК арқылы жеткізілді;
- Атырау – Самара бағыты арқылы 1,11 миллион тонна мұнай экспортталып, рекорд орнатылды, соның ішінде:
 - 1,1 млн тонна мұнай «Дружба» құбыры арқылы Адамова Заставаға жеткізілді;
 - 0,018 млн тонна мұнай Балтық теңізінің Усть-Луга портына жеткізілді.

Тұрақсыз газ конденсаты жеткізу

Жаңа ұңғымаларды іске қосуға байланысты жұмыстар аясында, 2024 жылдың қаңтарында КПО «Конденсат» АҰ МӨЗ-ге 11,55 мың тонна тұрақсыз газ конденсатын жеткізді.

Газ өндіру және пайдалану

Қарашығанақ кен орнында өндірілетін газ келесі мақсаттарда пайдаланылады:

- Қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қабатқа кері айдауға;
- Газды сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты аясында «КазРосГаз» ЖШС-ға шикі газ түрінде сатуға;
- Күкіртсутектен тазарту – кен орны қондырғыларының әртүрлі процестерінде пайдалану үшін, КПО нысандарына арналған газ турбиналық электр станциясында электр энергиясы өндіру үшін, сондай-ақ ӨБТК бойынша міндеттемелерді орындау аясында жергілікті энергиямен қамтамасыз ету ұйымына жеткізу үшін.

2024 жылы КПО бастапқы мақсаттық көрсеткіштерге сәтті жетті, шикі газды Орынбор газ өңдеу зауытында (ОГӨЗ) өңдеу үшін ҚРГ-ға 8,7 млрд м³ жеткізді. Бұл нәтиже 2024 жылдың белгілі бір айларында ОГӨЗ-де пайда болған техникалық қиындықтарға қарамастан, жоғары қызмет көрсету көрсеткіштерін көрсетеді.

2024 жылы КПО электр энергиясын өндіру үшін қажетті отын газын «Батыс Энергоресурс» ЖШС-не (БЭР) жеткізуді жалғастырды. Алайда, Қазақстанның электр энергетикасы саласындағы заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес, энергиямен қамтамасыз ету функциялары өңірлік электр желілік

КПО отын газының тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуге және жергілікті халықты қолдауға берік бейілдігін сақтайды.

компанияларға берілді. Соның нәтижесінде, БЭР лицензиясының мерзімі аяқталған соң, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап өз қызметін тоқтатады.

Осы өзгерістер аясында, КПО электр энергиясы нарығындағы жаңа реформаларға сәйкес отын газын сату стратегиясын өзгертті. 2025 жылдан бастап отын газы КПК электр станциясында электр энергиясын өндіру үшін «Батыс Қазақстан өңірлік электр желілік компаниясы» ЖШС-не сатылатын болады (өндіру өтеусіз негізде жүзеге асырылады).

КПО отын газының тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуге және жергілікті халықты қолдауға берік бейілдігін сақтайды. КПО өз әлеуметтік міндеттемелері аясында Батыс Қазақстан облысы халқының энергияға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге жәрдемдесіп, өңірлік электр желілеріне электр энергиясын өндіру қуаттарын өтеусіз негізінде ұсынуды жалғастыруда. Бұл қызмет КПО-ның өңірде энергетикалық ресурстардың қолжетімділігі мен тұрақтылығын қолдауға ұмтылысын көрсетеді.

2024 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРУ МЕН САТУ КӨЛЕМІ / GRI 2-6 /

2024 жылы КПО компаниясы тұрақтандырылған және тұрақтандырмаған сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 143,3 млн. баррель мұнай эквивалентінде (БНЭ) өнім өндірді. 2023 жылы газ өндіру көлемі

23,9 млн м³ жетті. 2024 жылы КПО-да қабаттық қысымды ұстап тұру үшін кері айдалған газ көлемі ~ 14,2 млрд м³ құрады, бұл өндірілген газдың жалпы көлемінің ~ 59,4% құрады.

2-кесте. 2024 жылдағы өндіру көлемі.

		2024 ж.	2023 ж.	2022* ж.
Жалпы өндіру көлемі (қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді)	мұнай эквивалентіндегі млн. баррель	143,3	142,7	128,5
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың тонна	10 968	10 858	10 134
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн. м ³	23 942	22 386	19 442
Газды қабатқа кері айдау	млн. м ³	14 231	12 650	11 131
Кен орнының қажеттіліктері үшін тазартылған газ	млн. м ³	960	919	843

* Кең ауқымды ЖЖЖ өткізілген жылы

3-кесте. 2024 жылдағы сатулар

		2024 ж.	2023 ж.	2022 ж.
Сатудың жалпы көлемі	мұнай эквивалентіндегі млн.баррель	137,5	136,7	124,9
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер <i>КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай/ тұрақтандырылған конденсат</i>	мың тонна	10 929	10 648	10 171
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер <i>«Конденсат» АҚ МӨЗ-ге жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат</i>	мың тонна	12	104	30
Шикі газ <i>Орынбор ГӨЗ-на</i>	млн. м ³	8 738	8 805	7 455
Отын газы <i>БҚО халқы үшін электр энергиясын өндіруге БҚО-ға жеткізіледі</i>	млн. м ³	61	65	70

2024 жылы компанияда өнімнің және қызмет санаттарының тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігіне әсері немесе айыппұл, өсімпұл, ескертуге әкелетін ережелерді сақтамау жағдайлары тіркелген жоқ. / GRI 416-1 /

БҰРҒЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ / ТДМ 12.6 /

2024 жылы КПО өткен жылдары қалыптасқан нық іргетасқа сүйене отыра бұрғылау және ұңғымаларға қызмет көрсету жұмыстарының қоршаған ортаға әсерін азайту жұмысын жалғастырды. Бұрынғыдай, біз парниктік газдар шығындыларын, су мен ресурстарды тұтынуды азайту бойынша төмендегі іс-шаралар арқылы нөлдік шығарындыларға қол жеткізу бойынша жұмыс атқардық:

- Мүмкіндігінше жою немесе күйдіру қажеттілігін және ластанған сұйықтықтарды жою қажеттілігін азайтуға бағытталған жоғары тиімді экологиялық таза оттықтарды пайдалану.
- Газ өндіру деңгейі жоғары (газ факторы) қолданыстағы ұңғымаларға қарағанда жоғары мұнай өндіруді қамтамасыз ететін ұңғымаларды игеру үшін бұрғылау науқанын қайта бастау.
- Ұңғымаларды сынау/игеру кезінде жаңа ұңғымаларда «нөлдік» жағуды қамтамасыз ету мақсатында жоғары қысымды сепараторы бар ұңғымаларды жоғары ағынды сорғылармен қарқынды түрде сынау (жоғары газ факторы бар ұңғыма сұйықтығын айдау сорғылары).
- Геологиялық-техникалық іс-шараларды және ұңғымалардың жоғарғы интервалдарын бұрғылау сияқты операцияларды жүргізу үшін 3 000 а.к. қуаттылығы бар ірі тоннажды бұрғылау қондырғыларының орнына шағын тоннажды бұрғылау қондырғыларын пайдалануды жалғастырды. Бұл мақсаттарымызға жету жолында шығарындыларының төмен деңгейіне және қоршаған ортаға аз әсерге қол жеткізілді.

- Кен орнымыздағы Эко орталық немесе қалдықтарды кәдеге жарату кешені геологиялық-техникалық шаралар ретінде ластанған бұрғылау ерітінділері мен бұрғылау шламдарынан мұнай негізін қайта пайдалану үшін алуға мүмкіндік береді.
- Парниктік газдар шығарындыларын азайту жоспарын іске асыруды жалғастырып, оны жетілдіру бойынша пилоттық бастамаларды енгізді. Геологиялық-техникалық іс-шараларды жүргізу үшін электр жетегімен жабдықталған арқан техникасы мен басқа да қосалқы электр жетекті жабдық орнатылды. Сондай-ақ, энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мақсатында бұрғылау алаңдарында бірқатар бастамалар жүзеге асырылды, соның ішінде қозғалтқыш жұмысын бақылау жүйесі енгізіліп, бұрғылау қондырғыларына жаңа брезентті жылу оқшаулағыш орнатылды.

КПО ұңғымалық операциялар бөлімі ұңғымаларды пайдалану тиімділігін және өндірістік көрсеткіштерді арттыруға бағытталған ішкі процедураларды, жұмыс процестерін әзірлеу, технологиялар мен инновацияларды жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізуде. 2024 жылы келесідей мақсаттар орындалды:

- Ұңғымаларды игеру тиімділігін арттыру үшін «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру жоспарын» әзірлеу мен енгізу. Мұнда цифрландыруға және өнімділікті арттыруға ерекше назар аударылады.

- Ұңғымалардың тұтастығын және күйін бақылаудың тиімділігін арттыру – ұңғымалардың тұтастығына байланысты қоршаған ортаға бөлінетін шығарындылардың алдын алу және азайту.
- Жаңа технологияларды қолдану, мысалы, ұңғыма оқпанына жергілікті жөндеу жүргізуге мүмкіндік беретін локалды кеңейткіш, сондай-ақ ұңғымалық жабдықты интеллектуалды түрде алуға арналған Wellgrab сияқты құралдар өндіріс тиімділігін арттыруға да ықпал етеді.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

КПО-ның күрделі жөндеу стратегиясы өндірісті оңтайландыруға және күрделі жөндеулер аралығын ұзарту мен күрделі жөндеу мерзімдерін қысқарту арқылы шығындарды азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, осы міндетті іске асыру кезінде өндірістің қауіпсіздігін, сенімділігін және үздіксіздігін қамтамасыз ету және де белгіленген нормалар мен талаптарды сақтау мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. КПО объектілерінде жалпы кен орнын қамтитын күрделі жөндеу жұмыстары әр үш жылда бір рет жүргізілетіні тарихи түрде қалыптасқан.

Өткен жылы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және нормативтік талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету сияқты күрделі жөндеу жүргізу аралықтарын анықтауға қатысты барлық аспектілерді қамтыған кең ауқымды техникалық шолу орындалды. Осы сараптама нәтижесінде, 2022 жылдан бастап 3 жылдан 4 жылға ұзартылған пайдалану аралығын енгізу мақұлданды. Осылайша, келесі жалпы кен орны күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу 2026 жылға жоспарланған.

2024 жылы іске асырылған күрделі жөндеу стратегиясы алдыңғы жылдарға ұқсас әдістемені қолданды. Әдетте, толық күрделі жөндеу – бұл ауқымды жұмыс бағдарламасы болып табылады, ол КПО және мердігер ұйымдардың персоналына айтарлықтай жүктеме түсіреді және көп мөлшерде

техника мен жабдық тартуды талап етеді. Мүмкіндігінше, КПО жекелеген өндірістік желілерді қысқа мерзімге тоқтатуды жүзеге асырады, себебі бұл толық күрделі жөндеу кезінде шекті жүктемені барынша азайтуға және нысандарда бір мезгілде жүргізілетін жұмыстарға байланысты ЕҚ, ӨТ және ҚОҚ салаларындағы тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

2024 жылы ГҚДҚ-3 объектісінде «желілік» тоқтату тәжірибесін қолдана отырып жөндеу және регламенттік жұмыстар, сондай-ақ жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарын орындау үшін бүкіл объектілі қысқамерзімді тоқтату жүргізілді. Аталған тоқтатулар кезінде жұмыстар сәуір мен қыркүйек айлар аралығында жүргізілді және оған Е-108, Е-208 және Е-408 жылу алмастырғыштарын ауыстыру, өндіру және техникалық қызмет көрсету қызметінің ағымдағы жұмыс бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ шағын модификацияларды орындау кірді.

ГҚДҚ-2 нысанында газды кері айдау компрессорларына жыл сайынғы жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстары жүргізілді. 2024 жылғы 18 тамыз бен 29 қыркүйек аралығында 360 А/В/Д компрессорларындағы ССК техникалық тексеру / қайта сертификаттау бойынша шағын жұмыстар, сондай-ақ заңнамада көзделген техникалық қызмет көрсету жұмыстары орындалды.



КҮРДЕЛІ ЖОБАЛАР

Қазақстан Республикасы үшін Мердігер бола отырып, КПО мұнай кен орындарын ұтымды пайдалану практикасына сәйкес кен орынды игеру және мұнай-газ шикізатын өндіру үшін қажетті барлық операцияларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алды.

2003 жылы Қарашығанақ кен орнын игерудің екінші кезеңінің бастапқы бағдарламасы аяқталғаннан

кейін, КПО жаңа ұңғымаларды бұрғылауды, қолданыстағы ұңғымаларға күрделі жөндеу жүргізуді, өндірістік объектілерді жаңғыртуды және өндірудің жоғары деңгейін ұстап тұру үшін қажетті басқа да жобаларды орындауды қамтитын ағымдағы жұмыс бағдарламасын қаржыландыруды және жүзеге асыруды жалғастыруда.

ӨНДІРУ КӨЛЕМІН ҰЗARTY ЖОБАЛАРЫ

2014 жылдан бастап, КПО кен орнында газ факторының артуына жол бермеу және сұйық көмірсутектер өндіру көлемін сақтау мақсатында мынадай ірі жобаларды сәтті іске асырды:

- 2019: 5-ішкі құбыр желісі және газды кері айдау ұңғымалары жобасы жаңа ішкі құбыр желісін салу, сондай-ақ жаңа кері айдау ұңғымаларын бұрғылау және аяқтау арқылы ГҚДҚ-2 ағынынан төмен орналасқан кері айдау жүйесінің өнімділігін жетілдіруге бағытталған.
- 2021: Қарашығанақ өңдеу кешенінің (ҚӨК) газ бойынша өндірістік шектеулерін алу жобасының мақсаты тиісті қондырғылардың өнімділігін

арттыру арқасында ҚӨК объектісінің газды дайындау бойынша қуаттылығын арттыру.

- 2022: 4-газды кері айдау компрессоры жобасының мақсаты – қабатқа кері айдалатын газдың орташа тәуліктік көлемінің жылдық деңгейін және қабаттағы қысымды ұстап тұрудың тиімділігін арттыру болып табылады.
- 2024: 6-ішкі құбыр желісі және газды кері айдау ұңғымалары жобасы жаңа ішкі құбыр желісін салу, сондай-ақ жаңа кері айдау ұңғымаларын бұрғылау және аяқтау арқылы кері айдау жүйесінің өнімділігін жетілдіруге бағытталған.

ҚАРАШЫҒАНАҚТЫ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ

КПО Қарашығанақты кеңейту жобасының (ҚКЖ-1) бірінші кезеңін іске асыру есебінен кен орнын одан әрі игеру бағытталған жұмыстарды жалғастыруда. ҚКЖ-1 газды кері айдау көлемін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл қабат қысымын сақтауға және кен орнында сұйық көмірсутектер өндірудің шарықтау кезеңін ұзартуға септігін тигізеді. ҚКЖ-1 бірыңғай интеграцияланған команда арқылы басқарылады, алайда ол параллель түрде іске асырылатын екі жобаға бөлінген:

- ҚКЖ-1А жобасы 2020 жылдың желтоқсанында мақұлданған, ол құрамында 5-ші газды кері айдау компрессоры (5-ші ГҚК), кіріс сепараторы мен кіріс қондырғылары, газды жинау және кері айдау желісін кеңейту, сондай-ақ ілеспе инфрақұрылым қарастырылған. ҚКЖ-1А жобасы шеңберінде Қарашығанақ өңдеу кешенінде (ҚӨК) СПОГ жобасы аясында орнатылған қолжетімді газды құрғату қуаттары, сондай-ақ 6-шы ішкі өндірістік құбыр желісінің және кері айдау ұңғымаларының қолжетімді өткізу қабілеті пайдаланылады. Бұл жалпы газ айдау көлемін арттыру үшін қолданыстағы жүйелерге, инфрақұрылымға және нысандарға интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Мұндай интеграция тәсілі синергетикалық әсер қалыптастырып, күрделі

шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Газды алғашқы айдау жоспарланған мерзімнен бір ай бұрын – 2024 жылы шілдеде жүзеге асырылып, нысандар пайдалануға берілді. Өндірістік директоратқа ресми түрде тапсыру 2025 жылдың басында күтілуде.

- ҚКЖ-1Б жобасы 2022 жылдың қараша айында мақұлданған және оның құрамына 6-шы газды кері айдау компрессоры (6-шы ГҚК), газды құрғату қондырғысы, газды жинау желісін кеңейту, газ айдау желісін кеңейту және ілеспе инфрақұрылым кіреді. ҚКЖ-1Б жобасы ҚКЖ-1А жобасымен барынша синергияны пайдалана отырып, күрделі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. ҚКЖ-1Б құрылысы белсенді түрде жүргізілуде: негізгі жалпы құрылыс жұмыстары мен іргетас жұмыстары аяқталды, металл құрылымдар мен құбыр жолдарын монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Ұзақ өндірістік циклі бар жабдықтар бойынша жұмыстар да белсенді түрде жүргізілуде: газтурбиналық компрессор іргетасқа орнатылды, газды құрғату колоннасы монтажданды, ал Drizo қондырғысы өндіріліп, жөнелтуге дайын. Газды алғашқы айдау 2026 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған, алайда жоба бойынша жұмыстар жоспардан ілгері жүргізілуде.

Жергілікті қамтуды дамытуға деген КПО-ның берік ұстанымы – оның өндірістік қызметінің негіз қалаушы бағыты болып табылады. Компания жергілікті қауымдастықтарды қолдауға және өңір экономикасын дамытуға ерекше көңіл бөледі. ҚКЖ-1А жобасы бойынша жергілікті қамту деңгейі жалпы алғанда 54%-ды құрады, бұл күтілген көрсеткіштен едәуір жоғары болды. Атап айтқанда, жеткізілетін тауарлардағы жергілікті қамтудың жоғары деңгейі

КПО-ның Қазақстанның мұнай-газ саласындағы отандық өндірушілерін дамытуға деген ұмтылысын айқын көрсетеді. Бұдан бөлек, құрылыс кезеңінде жоба жергілікті халық үшін шамамен жеті мың жұмыс орнын ашты және пайдалану кезеңінде де өңірде жұмыс орындарымен қамтамасыз етуді жалғастырады. ҚКЖ-1Б жобасы аясында да жергілікті қамтуды басым дамыту жалғасын табады.

ҚАРАШЫҒАНАҚ ГАЗ ӨңДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

КПО сұйытылған көмірсутек (мұнай) газы (СҚГ) мен тауарлық газды монетизациялау арқылы Қарашығанақ кен орнынан экономикалық тиімділікті арттырудың келешегі зор бағытын айқындады. Бұл бағыт жаңа Қарашығанақ газ өңдеу зауытының (ҚГӨЗ) құрылысы және сұйық көмірсутектер өндірудің шарықтау кезеңін ұстауға бағытталған жобалар тобы – ҚГӨЗ-ге ілеспе жобалар арқылы іске асырылатын болады. Аталған екі санат бірлесіп «**ҚГӨЗ жобалары**» деп аталады.

Қарашығанақ газ өңдеу зауыты (ҚГӨЗ) — Қарашығанақ өңдеу кешеніне (ҚӨК) жақын орналасқан жаңа автономды өндірістік нысан болып табылады. Ол құрамында күкіртті компоненттері (H_2S және CO_2) бар газды тазарту арқылы тауарлық құрғақ табиғи газ және СҚГ (сұйытылған көмірсутек газы) өндіруге арналған. ҚГӨЗ құрамына жаңа газ өңдеу зауыты, жаңа құрылыстар мен қолданыстағы өндіріс учаскелерінде орналасқан біріктірілген нысандар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының негізгі теміржол желісімен жалғасқан теміржол инфрақұрылымы кіреді. ҚГӨЗ нысандары құрамында

күкірті бар көмірсутектерді жинау және өңдеу жұмыстарын орындай отырып, құрғақ газ бен СҚГ-ны (сұйытылған көмірсутек газын) бөлуді қамтамасыз етеді.

ҚГӨЗ-ге ілеспе жобалар келесі нысандарды / жұмыстарды қамтиды:

- 2 және 3 объектілеріндегі алты жаңа ұңғыма
- 2В кезеңіндегі перм қабатына бұрғыланған төрт ұңғыма
- 7-шы ішкі құбыр желісі
- Екі жаңа газды кері айдау ұңғымасы
- Перм қабатындағы үш ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізу
- 2+3 объектісіндегі бір ұңғымаға күрделі жөндеу жүргізу
- ҚМС-В және ҚМС-Н нысандарында сығу сорғыларын орнату.

Қазіргі уақытта ҚГӨЗ жобалары тұжырымдаманы таңдау сатысында тұр және олардың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық іс-шаралар атқарылуда.



Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімінің басты мақсаты – ірі апаттардың алдын алу және жұмыскерлерге, қоршаған ортаға, өндірістік объектілерге төнуі мүмкін, сондай-ақ Компания беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қатерлерді азайту. Бұл міндеттердің орындалуына сауатты жобалау, құрылыс, пайдалану және техникалық қызмет көрсету ықпал етеді.

Объект тұтастығы технологиялық процестерді жүзеге асыратын конструктивті берік және механикалық жарамды объектілер болған кезде ғана қамтамасыз етіледі. Ауқымды оқиғаның туындау қатерін іс жүзінде ең төменгі орынды деңгейге дейін төмендету мақсатында жабдыққа, персоналға және процестерге қатысты тосқауылдар айқындалады.



Норберт Жалле
Қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өндіріс тұтастығы жөніндегі директор

ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ / GRI 3-3, 403-2, 403-7, OG13, ТДМ 3.9, 8.8 /

КПО өзінің өндірістік қызметіне әсер етуі мүмкін қауіптерді қадағалап, тосқауылдарды басқару жүйесін пайдалана отырып, объектінің тұтастығына төнетін қатерлердің ықтималдылығын азайтуға бағытталған жұмыстарды атқарады. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі өндірістік объектілердің персоналымен бірге салдарларды жұмсарту бойынша шаралар қабылдау және ірі апаттардың алдын алу үшін осы тосқауылдарды бастапқы қалпына дейін келтіру жоспарларын әзірлеу мақсатында қауіпсіздік тосқауылдарының осал жерлерін анықтау үшін үздіксіз бақылау жүргізеді.

Өндіріс нысандарының тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары – Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін КПО, мердігер мен қосалқы мердігер жұмыскерлері арасында ірі апат қауіптерінің алдын алуға және өндіріс тұтастығы мен технологиялық қауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыру жөніндегі шаралар кешенін білдіреді.

Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі төмендегі басты процестерді қамтиды:

- **Тосқауылдарды басқару** – құрылымдалған процесті қолдану және тосқауылдар моделі бағдарламалық жасақтамасы арқылы;
- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету көрсеткіштерін талдау** – тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін пайдалану арқылы;

- **Қолданыстағы объектілерді модификациялауға арналған өзгерістерді басқару жүйесі** – өзгерістерді басқару дерекқорын пайдалану арқылы;
- **Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету** – талдау, аудит, тексеру мен бағалау жүргізу арқылы;
- **Өндіріс тұтастығы мәдениетін арттыруға бағытталған бастамалар** – механикалық ажырату процедурасы, технологиялық қауіпсіздік негіздері мен тосқауылдар моделі процесі бойынша электрондық оқыту модульдерін әзірлеу арқылы. / GRI 2-25 /

2024 жылы Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі өндірістік объектілердегі/құрылыстардағы тосқауылдар моделінің бағдарламалық қамтамасыз етуін тосқауылдар моделін иелену және оны басқа бағдарламалық қосымшалармен интеграциялау шеңберінде одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс атқарды. Жоғарыда аталған тармақтарды орындау мақсатында Жиынтық қауіп-қатерді бағалау әдістемесі әзірленіп, енгізілді. Өндірістік объектілердің өкілдерімен бірлесіп тосқауылдар моделін қарастыру бойынша ай сайынғы отырыстар өтті. Жаңа жұмыскерлерді оқыту жалғасты.

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етумен байланысты қатерлер деңгейін төмендету мақсатында 2024 жылға арналған бірқатар міндеттер айқындалды. Олардың нәтижелері төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте 4. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету саласындағы міндеттер
/ GRI 3-3, 403-2, 403-7 /



2024 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2024 жылғы жүзеге асырылған шаралар	2025 жылға қойылған міндеттер
<ul style="list-style-type: none"> Объектілердің тұтастығы бойынша қосымша деректермен қатерлерге жиынтық бағалау жүргізудің II кезеңін оңтайландыру және енгізу; 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Объектілер тұтастығы бойынша қосымша деректермен қатерлерге жиынтық бағалау объектілер өкілдерімен өтетін тосқауылдар моделіне қатысты ай сайынғы шолу жиналыстарына енгізілді. 	<ul style="list-style-type: none"> Объектілердің тұтастығы бойынша қосымша деректермен қатерлерге жиынтық бағалау жүргізудің III кезеңін жетілдіру және енгізу;
<ul style="list-style-type: none"> Объектінің тосқауылдар моделі бойынша үйлестірушілерінің жауапкершілігін арттыру; 	Орындалуда	<ul style="list-style-type: none"> 2024 жылғы кестеге сәйкес объектілердегі тосқауылдар моделіне қатысты ай сайынғы шолу жиналыстары өтті; Объектінің белсенді қатысуымен салдарды азайту шараларының тиімділігін тексеру және қалпына келтіру жоспарын іске асыру жұмыстары жалғасты. 	<ul style="list-style-type: none"> 2025 жылғы кестеге сәйкес объектілердегі тосқауылдар моделіне қатысты ай сайынғы шолу жиналыстарын өткізу
<ul style="list-style-type: none"> Тосқауылдар моделі бойынша электрондық оқытуды аяқтау және оның 100% өтуін қамтамасыз ету (қажет болған жағдайда, жаңадан келген жұмыскерлерге ғана арналған); 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Барлық қазіргі пайдаланушылар оқытудан өтті. 	
<ul style="list-style-type: none"> Тосқауылдар моделінің ақпараттық панелін RiskPoynт деректер базасымен біріктіру (Цифрландыру және үздіксіз жетілдіру). 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Тосқауылдар моделінің ақпараттық панелі RiskPoynт деректер базасымен біріктірілді. 	
<ul style="list-style-type: none"> RiskPoynт деректер базасының функционалын одан әрі кеңейту. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> RiskPoynт деректер базасында жұмыскерлердің қауіпсіздігі үшін маңызды өтінімдер бойынша хабарландыру жасалды. 	
<ul style="list-style-type: none"> Технологиялық процестің қауіпсіздік негіздерінің жүзеге асырылуына талдау жүргізу. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Қатысушыларға арналған сауалнамалар шығарылды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарына талдау жүргізілді; 	
<ul style="list-style-type: none"> ТПҚН бойынша КПО мен мердігер ұйымдардың жаңадан келген жұмыскерлеріне арналған таныстыру сессияларын өткізуді жалғастыру; 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Объект тұтастығын қамтамасыз ету жоспарына сәйкес таныстыру сессиялары өтті. 	
<ul style="list-style-type: none"> Объектілердегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімдерінің персоналын ТПҚН-ды объектіде өз бетінше енгізу бойынша оқыту. 	Орындалуда	<ul style="list-style-type: none"> Объект тұтастығын қамтамасыз ету жоспарына сәйкес объектілердегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімдерінің персоналы ТПҚН-ды объектіде өз бетінше енгізу бойынша оқытудан өтті. 	<ul style="list-style-type: none"> Өндірістік объектілерде ТПҚН бойынша нұсқаушылар санын арттыру.
<ul style="list-style-type: none"> Байқаулар мен көтермелеулерді қоса отырып, ТПҚН мәдениетін ілгерілетуді жалғастыру. 	Орындалды	<ul style="list-style-type: none"> ТПҚН ережелері бойынша викториналар өтті. 	

Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы

/ GRI 403-2, OG-13 /

КПО талаптарына сәйкес, технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар (ТҚО) мен алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуына (АҚҚТБ) әкелген оқиғалар алдымен анықталып, талданып, тиісті санаттарға бөлінді, сондай-ақ олардың қайталануына жол бермеу мақсатында түзету шаралары жүргізілді. / GRI 2-25 /

2024 жылғы технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар (ТҚО) саны 2023 жылмен салыстырғанда көбейді. 1-деңгей: 3 ТҚО, 2-деңгей: 1 ТҚО және 3-деңгей: 22 ТҚО, 2024 ж. жалпы 26 ТҚО орын алды.

2024 ж. 1-деңгейлі 3 ТҚО орын алды:

- ГКДҚ-2 объектісінде мердігер ұйымның жұмыскерлері құрғақ газды тығыздаушытың соққысынан қолдарынан жарақат алды. Екі жұмыскер де ГКДҚ-2 медициналық пунктіне жүгініп, оларға алғашқы көмек көрсетілді. Одан кейін бір жұмыскер рентген және медициналық тексеруден өту үшін Ақсай қаласындағы ауруханаға жіберілді. Екінші жұмыскер өзінің еңбек міндеттерін орындауға оралды.
- ҰПӨБ ұңғымасының шлейфінде газ және конденсат шығуы орын алды. Мердігер ұйым ақаулы учаскені ауыстыруға байланысты құбыржолды жөндеуге дайындық жұмыстарын орындап жатты. Зардап шеккендер тіркелген жоқ.
- Газдың ағуы ҚӨК объектісіндегі қысым сақтандырғыш клапаны желісінде анықталды. Газ анықтау детекторларының іске қосылуы, зауыттың тоқтатылуы және персоналды

эвакуациялау орын алған жоқ. Тұзсыздандырғыш қондырғы тоқтатылып, оқшауланды және қысым түсірілді.


Бір 2-деңгейлі ТҚО ГҚДҚ-3-те орын алды. H₂S датчиктерінің іске қосылуы нәтижесінде жалпы газ дабыл жүйесі іске қосылды. ГҚДҚ-3 персоналы

жиналу орындарына эвакуацияланды. Зардап шеккендер тіркелген жоқ.

КПО технологиялық қауіпсіздікке байланысты барлық оқиғалар бойынша тергеу жүргізіп, негізгі себептерді талдап, іс-қимыл жоспарын әзірлейді.

/ GRI 2-25 /

Сызба 1. Өндірістік объектілер бойынша технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылу жағдайлары, 2022–2024 жж. / OG13 /



Ескертпе: Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар (1/2/3 дәрежелі) анықтамасымен танысу үшін «Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP)» №456 стандартымен танысып шығыңыз.

2024 жылы Компания технологиялық жабдықтың тұтастығын қамтамасыз ету мен қатерлерді азайту шараларын қоса алғанда, негізгі қатерлер мен тосқауылдарды жоюға бағытталған бірқатар іс-шара жүргізді. / GRI 2-25 / Оның ішінде технологиялық жабдықтың қорғаныш қабатының тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған жөндеу жұмыстары мен кейбір жабдықты ауыстыру жүзеге асырылды. Тосқауылдар моделіне байланысты 20 қатер жойылды – оның ішінде 1 жоғары деңгейдегі қатер, 13 орташа деңгейдегі қатер және 6 қатер жабылды. Аталған жұмыстар тосқауылдар моделі жүйесіндегі барлық қатер жазбаларының салдарын азайтуға бағытталған тиімді шаралармен және қалпына келтіру жоспарларымен қамтамасыз етілуіне бағытталды. Өндірістегі персоналға тосқауылдар моделі қосымшасын пайдалану бойынша оқыту және тәлімгерлік жұмыс жалғасуда.

2025 жылы тосқауылдарды басқару процесі бойынша келесі негізгі іс-шараларды өткізу жоспарлануда:

- 2025 жылға жоспарланған кестеге сәйкес үйлестірушілермен бірге объектілердегі тосқауылдар моделі бойынша алдын ала жиналыстарын және тосқауылдар моделі бойынша ай сайынғы жиналыстарды өткізуді жалғастыру.
- Салдарды азайту шараларының тиімділігін тексеруді және қалпына келтіру жоспарын іске асыруды жалғастыру.

- Тосқауылдар моделін алдағы жаңа жобалармен біріктіру процесін қолдау;
- Персоналды оқытуды және олардың хабардарлығын арттыруды жалғастыру; лауазымын ауыстырған жаңа жұмыскерлер немесе мамандар үшін тосқауылдар моделі бойынша таныстыру семинарларын өткізуді, сондай-ақ аталмыш тақырып бойынша электрондық оқытуды ұйымдастыру.
- Объектілердегі тосқауылдар моделі бойынша қатерлерді жабуға және объектілерде тосқауылдар моделі бойынша жаңа қатерлерді есепке алуға жәрдемдесу.
- Тосқауылдарды басқару процесін күшейту. Негізгі процестердің сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар барысында анықталған тосқауылдар моделі бойынша қатерлер мен пайдалану тұтастығын қамтамасыз етудің маңызды процестерімен байланысты қатерлерді интеграциялау.
- Объектілердегі персоналды тосқауылдар моделінің ақпараттық панельдері мен объектілердің тұтастығын/технологиялық процестің қауіпсіздігін бақылау тақталарын пайдалануға үгіттеу, ынталандыру және оқыту.

Өнімнің төгілуі / GRI 306-3 (2016) /

2024 жылы Қарашығанақ кен орны аумағында өнімнің айтарлықтай төгілуі¹ жағдайлары тіркелген жоқ.

¹ КПО оқиғалар жіктеліміне сәйкес, «өнімнің елеулі төгілуі» анықтамасы көмірсутектердің/химиялық реагенттердің топыраққа/су бетіне 1 000 литрден асатын көлемде төгілуі салдарынан туындаған қоршаған ортаны ластаумен байланысты оқиғаға қатысты қолданылады.

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

Апаттық әрекет ету және дағдарыс жағдайларын басқару КПО-ның басқару жүйесінің негізгі элементі болып табылады, өйткені апаттық жағдай ұшыққан жағдайда, КПО және мердігер ұйымдардың жұмыскерлері, жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары қауіпті және зиянды факторлардың ықтимал әсер ету аймағында қалуы мүмкін.

Төтенше жағдайларға дайын болу және әрекет ету ықтимал қалыптан тыс жағдайлар мен апаттарды анықтауды, сондай-ақ осындай апаттар салдарының адамдарға, қоршаған ортаға, Компания активтері мен беделіне әсерін барынша азайту үшін ұйымдық құрылым мен ресурстарды қалыптастыруды болжайды. Бұл ресурстар Бәрлі ауданының мемлекеттік апаттық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарына қоныстану және ауыл шаруашылығы жерлеріндегі өрттермен, сондай-ақ су тасқыны салдарымен күресте қолдау көрсету үшін де пайдаланылады.



Клышев Меирлан
Өндіріс директорының ЕК, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің басшысы

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БАСҚАРУ / GRI 3-3, ТДМ 3.9 /

КПО компаниясында оқыс оқиға, апат немесе төтенше жағдай туындаған жағдайда, бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізу, ТЖ ауқымын бағалау, ТЖ оқшаулау және жою, сондай-ақ салдарын жою жөніндегі әрекеттерді жоспарлау және іске асыру үшін қажетті сенімді үш деңгейлі апаттық әрекет ету жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе графикалық түрде 6-суретте көрсетілген.

6-сурет. КПО апаттық әрекет ету жүйесі / GRI 3-3, 403-5 /

Деңгей №	Оқиғаның сипаттамасы	Қатысатындар деңгейі
III	Салдарлары кен орны шегінен шығып кетуі немесе үшінші тарап нысандарына және тұрғындарға қауіп төндіруі мүмкін оқиғалар. Аталмыш салдарларды жою үшін кен орны ресурстары жеткіліксіз болғандықтан дағдарысты жағдайларды басқару тобын жұмылдыру қажет. Мұндай таралу қаупі бар оқиға КПО беделіне нұқсан келтіруі мүмкін.	КПО директорлар комитеті
II	Салдарлары кен орны шегінен шықпайтын, алайда нысан аумағынан тыс шығып, әсер ету қаупі бар оқиға. Бұл кен орнындағы барлық күштер мен құралдарды жұмылдыруды, және сыртқы тараптарға хабарлау тәртібін іске қосуды қажет етеді.	Кен орны мен Ақсай қ. кеңселеріндегі бөлімдердің басшылары мен қызметкерлерінен тұратын, I деңгейдегі апаттық басқару штабына қолдау көрсететін және жағдай өршіген кезде шешім қабылдау үшін басшылыққа жедел мәліметтер беретін еріктілер.
I	Салдарлары бір қондырғы немесе тұтас нысан шегінен шықпайтын, сол нысанның апаттық-құтқару құралымдары мен апаттық басқару штабы күшімен және құралдарымен жойылатын оқиғалар.	Кен орнындағы әрбір жеке қауіпті өндірістік нысанның (КПО және мердігер ұйым) басшылық құрамы мен арнайы құралымдары

2024 жылы КПО бекітілген кестеге сәйкес апаттық басқару штабтарын дайындау жұмыстарын жалғастырды.

2024 жылы келесі КПО азаматтық қорғаныс құралымдарының қатысуымен апта сайын теориялық және практикалық оқу-жаттығулар өткізілді:

- өрт сөндіру қызметі;
- газдан құтқару қызметі;
- ерікті апаттық-құтқару құралымдары;
- медициналық құралымдар.

Оқу-жаттығу полигонында КПО азаматтық қорғаныс құралымдарының қатысуымен барлығы 52 жаттығу өткізілді.

Бұдан басқа 2024 жылы КПО ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес электрондық оқыту жүйесі базасында азаматтық қорғау бойынша персоналды оқытуды жалғастырды.

I деңгейдегі күштер мен құралдарды дайындау шеңберінде, 2024 жылы Компанияның барлық

қауіпті өндірістік объектілерінде ай сайын объектінің Апаттық басқару штабының, апаттық-құтқару қызметтерінің және КПО мен мердігер ұйымдар персоналының қатысуымен апатқа қарсы әрекет ету жаттығулары өтті.


2024 жылы I деңгейдегі Апаттық басқару штабтарының және апаттық-құтқару құрылымдарының әрекеттерін пысықтау үшін КПО объектілерінде 113 оқу-жаттығу өткізілді (2023 жылы 113).

2024 жылы Компанияда барлығы 13 жаттығу дабылы өткізілді, олардың жетеуі 2-деңгейлі Апаттық басқару тобының (АБТ) қатысуымен жүзеге асырылды.

2024 жылы фильтрлі құтқарғышты кию бойынша практикалық дағдыларды пысықтауға арналған келесі оқу-жаттығу сабақтары өткізілді:

- AVON NH-15 – 7 оқу-жаттығуы өткізіліп, 392 адам оқудан өтті.
- ЭТАА – 95 оқу-жаттығуы өткізіліп, 1 039 адам оқудан өтті.

2-сызба. 2022–2024 жылдары өткізілген апатқа қарсы әрекет ету бойынша жаттығу дабылдары мен оқу-жаттығулар.



КПО су тасқыны, өрт қаупі жоғары және қысқы кезеңдерде жергілікті атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықты жалғастырып, қолдау көрсетуде.

2024 жылы КПО апаттық-құтқару қызметтері мен құралымдарының өкілдері ауыл шаруашылығы объектілері мен шаруашылық құрылыстарының дала өрттерін сөндіруге және орман белдеулерінің өрттерін сөндіруге көмек көрсету мақсатында елді мекендерге 14 рет шықты.

КПО су тасқыны, өрт қаупі жоғары және қысқы кезеңдерде жергілікті атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықты жалғастырып, қолдау көрсетуде.

II және III деңгейдегі штаб мүшелері дайындық деңгейін сақтауға мүмкіндік берген келесі оқу-жаттығуларға қатысты: / GRI 3-3 /

Кесте 5. 2024 ж. өткізілген II және III деңгейлі оқу-жаттығулар

Оқу-жаттығу түрі	Күні	Мақсаты	Қатысушылар
Тактикалық-арнайы оқу-жаттығу	2024 жылы 3 қыркүйек	«Жайық өзені мен ҚАТЖ құбырының қиылысында мұнай төгілуін жою бойынша күштер мен құралдардың іс-әрекеттері». Оқу-жаттығу барысында мұнайды ұстап қалуға және су бетінде мұнай өнімдерін жинауға арналған жабдықты жеткізу және жұмылдыру жөніндегі апаттық-құтқару қызметтерінің іс-қимылдары, сондай-ақ экспорттық ҚАТЖ құбырының желілік бөлігінде мұнай өнімдерінің төгілуі туындаған жағдайда АБШ пен АБТ-ның бірінші кезектегі іс-қимылдары пысықталды.	АҚҚ және БҚО ТЖД-мен бірлескен КПО құралымдары
«IRBIS» кешенді оқу-жаттығуы	11 қазан 2024 ж.	«Орташа қысымды күкіртті газды құрғату және шық нүктесін бақылау қондырғысында улы флюидтің бөлінуімен газдың ағып шығуының салдарынан тұтану мен өрттің орын алуы». Оқу-жаттығудың мақсаты: <ul style="list-style-type: none"> Барлық деңгейдегі ресурстарды тарта отырып, ірі төтенше жағдайға ден қою кезінде КПО рәсімдерін, жоспарлары мен құралдарын пысықтау. КПО ресурстары мен жабдықтарының ұзақ мерзімді салдарға әкелген ТЖ-ға дайындық деңгейін анықтау, соның ішінде көптеген зардап шеккендер, қоршаған ортаға зиян, өндірістік объектілерге әсер, материалдық залал, өндірісті тоқтату және беделге зиян келтіру. Ішкі және сыртқы хабарлау және коммуникация процесін пысықтау. 	КПО АӘ I, II, III-деңгейлі штабтардың персоналы, PARIS тобы
Тактикалық-арнайы оқу-жаттығу	2024 жылы 6 желтоқсан	«Жол-көлік оқиғасы» Көп адам зардап шеккен жол-көлік оқиғасы жағдайында КПО-ның апаттық ден қою қызметтері мен құрылымдарының (АБО, КПО АҚҚ, ӨАҚБ, ӨҚБ, МҚ) дайындық деңгейін тексеру мақсатында зардап шеккендерді сұрыптау бойынша тактикалық-арнайы оқу-жаттығу өткізілді.	АҚҚ және КПО ӨҚБ құрылымдары

ТЖ мәселелері бойынша жергілікті халықпен өзара әрекеттесу

/ GRI 2-23, 2-29, 3-3 /

КПО елді мекен тұрғындарына ҚМГКК және ҚАТЖ экспорттық құбыр желісі аумақтарында ТЖ туындаған кезде әрекет ету тәртібі туралы елді мекендердің тұрғындарын хабардар ету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді. Өрт қаупі жоғары кезеңде өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар бойынша да осындай түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

2024 жылы бекітілген жоспарға сәйкес, ҚМГКК аумағы бойынша орналасқан 94 адамды қамтыған елді мекен тұрғындарымен келесі тақырыптарда 11 кездесу өткізілді: орталық мониторинг станциясының рөлі, апаттық құлақтандыру станциясы және олардың мақсаты, өрт қаупі бар кезеңде ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізудегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

Кен орны аумағынан төнетін қауіп жағдайында елді мекен тұрғындарын эвакуациялауды ұйымдастыру кезінде ауылдық округтер әкімдіктері мен жауапты тұлғалардың бірлескен іс-қимылдарын пысықтау мақсатында 6 практикалық оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығулар барысында бірыңғай «Баршаның назарына!» дабыл сигналы мен апаттық хабарлау станциясының (АХС) жабдықтары қолданылып, Апаттық байланыс орталығы диспетчерімен өзара әрекет ету мәселелері де пысықталды. Практикалық оқу-жаттығуларға 66 адам қатысты.

Елді мекендердегі апаттық құлақтандыру станцияларының әрдайым әзір болуын қамтамасыз ету үшін 2024 жыл ішінде КПО апаттық әрекет ету бөлімінің халықты қорғау жөніндегі мамандары бизнес серіктестердің өкілдерімен бірлесіп, апаттық құлақтандыру дабылдары мен дауыс зорайтқыш жүйелерін ай сайын тексеруден өткізіп, жабдыққа техникалық қызмет көрсетті. Аталмыш апаттық құлақтандыру станциялары кен орны аймағында орналасқан сегіз елді мекенде орнатылған.



*Мақатты
көшбасшылық –
бұл қоғаммен
үйлесінде болу*

БАСҚАРУ

- 32** Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері
- 40** Бизнес-этика
- 42** Нормативтік-құқықтық сәйкестік
- 47** Цифрландыру және үздіксіз жетілдіру



/ GRI 2-23 /

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:

Іскерлік этиканың нормаларын сақтау

Біз қызметіміздің барлық аспектілерінде адалдық, мүлтіксіздік және әділдік қағидаттарын ұстанамыз, сонымен қатар бізбен бизнесті жүргізіп жатқан барлық тараптардан да осы жолды ұстануды күтеміз.

Біз кез-келген түрде тікелей немесе жанама әдіспен пара ұсыну, беру, бопсалау немесе алу амалдарын мүлде құптамаймыз және ондай қылықтарға үзілді-кесілді қарсымыз.

Біз КПО жұмыскерлерінен өздерінің жеке шаруалары мен КПО компаниясындағы кәсіби қызметтері арасындағы мүдделер қайшылығынан аулақ болуды талап етеміз. Жұмыскерлер кез-келген мүдделер қайшылығының ықтимал немесе іс жүзіндегі жағдайлары туралы КПО компаниясына мәлімдеу қажет.

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:

Құқықтық нормаларды сақтау

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын елдердің қолданыстағы барлық тиісті заңдарын және ережелерін сақтаймыз.

2024

БИЗНЕС-ЭТИКА:

Жедел желі арқылы түскен шағымдар саны

113

Заңнама мен этикалық құндылықтарға сәйкестік туралы жыл сайынғы мәлімдемеге жұмыскерлердің

91%-ы

қол қойды

Лауазымдары жоғары қатерлі саналатын

332

жұмыскер «Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» курсынан өтті

КЕЛЕСІ СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕС СЕРТИФИКАТТАР РАСТАЛДЫ:

ISO 14001:2015

Экологиялық басқару жүйесі

ISO 45001:2018

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

ISO 50001:2018

Энергия тұтынуды басқару

ISO 39001:2012

Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесі

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

Сауатты құрылған басқару жүйесі – кез келген кәсіпорынның табысты дамуы мен тиімділігінің кепілі. КПО компаниясында қауіп-қатерлерді басқаруды, ішкі бақылауды және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етуді қамтитын кешенді және үйлесімді басқару жүйесі жолға қойылған.

Кешенді басқару тәсілі жоғары басшылық бекіткен стратегияларды, алға қойған міндеттер мен нұсқауларды жүйелі және тиімді жүзеге асыруды бақылау тетіктерін енгізуге және ақылға салынған шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.



Дрю Уивер

КПО корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі директоры

ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ / GRI 3-3, ТДМ 16.6 /

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстандық филиалы 1997 жылы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын (бұдан әрі – Қарашығанақ кен орны немесе ҚМГКК) пайдалануды өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге сәйкес (әрі қарай – ӨБТК) жүзеге асыруға арналған бірлескен кәсіпорын ретінде құрылды. / GRI 2-1 /

КПО тиісті филиалдарымен ұсынылған бес мердігер компанияларының тәжірибесін өзіне біріктіреді, нақтырақ айтар болсақ:

«Аджип Қарашығанақ Б.В.», «Шелл Қазақстан», «Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани», «Лукойл Оверсиз Карачаганак Б.В.» және «КМГ Карачаганак» ЖШС. / GRI 2-6 с /



29,25%



29,25%



18%



13,5%



10%

ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ / GRI 2-9, 2-10 /


КПО компаниясының ұйымдық құрылымы сыртқы экономикалық жағдайларға тұрақты бейімделуді ескере отырып, Қазақстан Республикасы (ҚР атынан «PSA» ЖШС Өкілетті органы өкілдік етеді) және Бас компаниялар алға қойған бизнес-міндеттерге қол жеткізу және талаптарды орындау мақсатында әзірленді. ӨБТК-де белгіленген мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру мақсатында «Аджип Қарашығанақ Б.В.» және «Би Джи Карачаганак Лимитед» (сәйкесінше, «ЭНИ С.п.А.» және «Шелл» компанияларының филиалдары; «Шелл» концерні «БиДжи Групптың» 100%-ын ресми түрде сатып алды) компаниялары бірлесіп оператор болатын модель қабылданды.

КПО компаниясының екі жоғарғы басқарушы органдары – бұл ӨБТК-ге сәйкес бес мердігер

компанияның әрқайсысының және өкілетті органның өкілдерінен тұратын Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) пен Өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитет (ӨБК). ӨБТК шарттары бойынша ББК төрағасы қашан да өкілетті органның өкілі болады, ал хатшысы бас оператор компаниялардың басшылық буынының өкілдері болады. / GRI 2-11 /

Айтылғанға қоса, Бірлескен қызмет туралы келісім (құрушы компаниялардың арасындағы) және Біріккен басқару туралы келісім («ЭНИ» мен «Шелл» операторлары арасындағы) шарттарын мердігер компания мен оператор деңгейінде орындау үшін ұйымда тиісті мәселелермен айналысатын қосалқы комитеттер жүйесі енгізілген. Толық басқару құрылымы 7-суретте график түрінде көрсетілген.

7-сурет Қарашығанақ жобасын басқарудың жоғарғы буындары (31.12.2024 күнгі деректерге сәйкес) / GRI 2-9, 2-12, 2-13 /



Бас компаниялардың өкілдерін басқару құрылымының барлық буындарында мүшелікке қатысушылар ретінде тағайындау, іріктеу және олардың қызметін бағалау бас компаниялардың өздерінің және ҚР өкілетті органның ішкі нормативтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Есеп беруге тиіс ұйым болғандықтан, бұл мәліметтер КПО-ға берілмейді. Осы мәселелер бойынша есеп құрушы компаниялардың өз тұрақты даму есептерінде жеке беріледі. / GRI 2-10, 2-18 /

КПО комитеттерге, қосалқы комитеттерге және Оператордың, бас компаниялардың, жобадан Қазақстан Республикасының атынан «PSA» ЖШС өкілдік ететін Өкілетті органның және Қазақстан Республикасының басқа да уәкілетті органдарының өкілдеріне әртүрлі есептерді береді. Басқару жөніндегі Бірлескен комитет тұрақты даму мәселелері бойынша жоғарғы басқарушы орган болып табылады. КПО-ның тұрақты дамуын қолдау мақсатында, ББК мүшелері жоғарыда аталған ресми комитеттермен ақпарат алмасу негізінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті бақылайды және басқарады. / GRI 2-13 b /

Басқару жөніндегі бірлескен комитет

Басқару жөніндегі бірлескен комитет мұнай-газ операцияларын, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды ортақ басқаруға жауапты; ол жұмыстардың ӨТБК мен Реттеу туралы келісімге сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді. ББК жылдық Жұмыс бағдарламасы мен бюджетті, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды, сонымен қатар Кен орнын игеру жоспарына енгізілетін кез-келген толықтыруларды қарауға және бекітуге өкілетті. ББК жиналыстары әдетте жылына кем дегенде екі рет өткізіледі. 2024 жылы жиналыстар маусым және қараша айларында өтті.

Уәкілетті орган және Құрушы компания (Мердігер) ББК-ға қатысу үшін бес өкілді тағайындайды. ББК төрағасы уәкілетті орган өкілі немесе «PSA» ЖШС бола алады. Батыс Қазақстан облысының әкімі ББК-ге дауыс беру құқығы жоқ өңір өкілі ретінде қатысады. КПО жиналыстарға шақырылған қонақ ретінде қатысады, оның бұл комитетте өкілі жоқ. ББК өкілдерінің дублерлері бар, оларды да сәйкесінше уәкілетті орган және КПО-ның Құрушы компаниялары (Мердігер) тағайындайды.

ББК мүшелерінің жұмыс ақысын олардың компаниялары төлейді; үміткерлерді барлық қатысушы ұйымдардың жоғарғы басшылығы әрқайсысы өз жеке тәжірибесі мен тиісті компанияның саясатына сүйене отырып таңдайды. / GRI 2-10, 2-19 /

Басқару жөніндегі Бірлескен комитет тұрақты даму мәселелері бойынша жоғарғы басқарушы орган болып табылады.

ББК қосалқы комитеттері

ББК бірнеше қосалқы комитет құрды: Сатып алу (СБК) жөніндегі бірлескен комитет және Жергілікті қамту (ЖҚ) жөніндегі қосалқы комитет.

СБК КПО жасайтын негізгі келісімдерді бекітуге немесе мақұлдауға жауап береді және өз қызметі барысында СБК ББК бекіткен тендер процедураларын басшылыққа алады. СБК-де мүшелік ету мен дауыс беру құқығы ББК-ге ұқсас және бұл комитетте шешімдер бірауыздан қабылдану керек.

ЖҚ жөніндегі қосалқы комитет құрамына КПО мен Өкілетті органның өкілдері кіреді. ЖҚ жөніндегі қосалқы комитет ББК-ге жергілікті тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, жергілікті кадрлардың санын көбейту, қазақстандық қызметкерлерді оқыту және дамыту мәселелері бойынша қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, ЖҚ жөніндегі қосалқы комитет Қазақстан Республикасы, өкілетті орган немесе мердігер компаниялар ұсынатын жергілікті қамту мәселелеріне қатысты жоспарлар мен бағдарламаларды талқылау мен талдауға қатысады.

Өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитет

ӨБК көмірсутекті және көмірсутекті емес өнімдерді ӨБТК аясында сатумен байланысты барлық қызметтерге жауапты. Аталмыш комитет мұнай өнімдерін тасымалдау, қайта өңдеу, айырбастау және сатуға қатысты ұсыныстарды бекітеді. Шешімдер барынша көп таза түсім алу мақсатында қабылданады. ӨБК төрағасы Мердігер компаниялардың бірінің өкілі болады. КПО маркетинг директорының ӨБК отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысуға құқығы бар.

Мердігер комитеті және Оператор комитеті

Бірлескен қызмет туралы келісім шарттарына сәйкес, Қарашығанақ жобасының бірлескен кәсіпорнын басқару екі деңгейлі басқару және шешім қабылдау жүйесі арқылы іске асырылады. Бастапқы басқарушы орган – ББК отырыстарында талқыға салынатын

барлық мәселелер бойынша, барлық Мердігерлік компаниялардың ұстанымын тұжырымдауға жауапты Мердігер комитеті. Келесі басқарушы орган – Оператор комитеті, кәсіпорынның қызметін бақылайды және ӨБТК шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Тұрақты даму стратегиясын құрастыратын жоғарғы басқарушы орган Мердігер комитеті болып табылады

Тұрақты даму стратегиясын құрастыратын жоғарғы басқарушы орган Мердігер комитеті болып табылады. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу бойынша осындай жұмыстарға КПО өкілдері бастама береді және Оператор комитетінің жиналыстарында талқыға салады, сонымен қатар аталмыш жұмыстар Оператор комитеті деңгейінде талқыланады. Мердігер комитеті барлық бас компаниялар тарапынан өткізілетін жыл сайынғы ішкі аудит аясында процестердің ұйымдастырылуы мен іске асырылуының тиімділігін қадағалайды. / GRI 2-12 /

Мердігер және Оператор комитеттерінің қосалқы комитеттері

Мердігер мен Оператор деңгейіндегі әртүрлі қосалқы комитеттер арнайы салаларда нақты өндірістік және корпоративтік мәселелер бойынша өздерінің кәсіби ұсынымдары мен құнды нұсқауларын береді. Әрбір қосалқы комитеттің тиісті Ережелерде көрсетілген өз мақсаттары мен міндеттері бар.

Тұрақты дамуға қатысты мәселелер, соның ішінде оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілері Операторлар комитеті жанындағы Тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитеттің құзіретіне жатады. Оның жұмысына Оператор өкілдері де, КПО да қатысады. Тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитеттің негізгі мақсаты – КПО орындайтын операциялардың тікелей әсер ету аймағында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына кен орнының әсеріне қатысты нақты мәселелер мен сұрақтар бойынша түсініктеме және кеңес беру. / GRI 2-12 /

Тұрақты дамуға қатысты мәселелер, соның ішінде оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілері Операторлар комитеті жанындағы Тұрақты даму жөніндегі қосалқы комитеттің құзіретіне жатады.

Сонымен қатар, қосалқы комитет бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарының тұрғындарының көшірілгеннен кейінгі өмір сүру жағдайларын мониторингтеу мәселелерін қарайды, сондай-ақ Бөрлі ауданының, оның ішінде Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен өзара әрекеттестік, үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс, тұрақты даму бойынша есептілік мәселелерімен айналысады. / GRI 2-12 /



Директорлар комитеті / GRI 2-9 /

КПО компаниясының Директорлар комитеті атқарушы орган болып табылады. Бұл ұжымдық шешімдерді қоса алғанда, компанияны басқару бойынша жедел шешімдер қабылдау жөніндегі кеңесші орган. Директорлар Комитет отырысы бір тоқсанда кем дегенде бір рет өткізіледі.

КПО Директорлар комитетінің құрамына барлық негізгі бөлімшелердің жетекшілері кіреді. Директорлар құрамында Оператор компанияларының іс-сапардағы жұмыскерлері және КПО-ның Қазақстан Республикасы азаматтарынан таңдалған өкілдерінен тұрады. Директорлар Комитетінің барлық мүшелері Мердігер Комитеті тарапынан тағайындалады. Директорлар Бірлескен қызмет туралы келісімнің шарттарына сәйкес тағайындалады. Директор лауазымына тағайындалу мерзімі – үш жыл. Директордың тиісті лауазымына тағайындалғандардың әрқайсысы өзінің кәсіби құзыреттері мен тәжірибесіне сәйкес оператор-компаниялар тарапынан қатаң іріктеуден өтеді. Директорлар Комитетіндегі гендерлік қатынас Есеп шығарылған кезде 83% ерлер және 17% әйел көрсеткішін құрады. КПО директорларының құрамына жеткіліксіз қамтылған әлеуметтік топтардан шыққан өкілдер кірмейді. / GRI 2-9 /

Бас директор және өндіріс жөніндегі директор / бас директордың орынбасары лауазымдарына «Шелл» және «Эни» оператор – компанияларының өкілдері ауысып тағайындалады. КПО құрылымында тәуелсіз директор лауазымы қарастырылмаған. Директорлар Комитетінің құрамы туралы ең өзекті ақпарат КПО-ның ресми веб-сайтында «[КПО басшылығы](#)» қамтылған.

Бас директор – КПО компаниясындағы ең жоғарғы басшы және ол тікелей мердігер комитетіне бағынады. Оның тікелей қарамағында бірнеше

директор және басқарушы бар. Бас директордың міндеттерінің қатарына Мердігер компаниялар КПО үшін белгілеген және бекітілген жоспарлар мен бюджеттерде айқындалған жалпы өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу кіреді. Директорлар Комитеті, бас директор төрағалығымен, есептік комитеттер анықтаған маңызды мәселелер бойынша прогресті қадағалайды, сонымен қатар өзекті мәселелерді белсенді түрде анықтап, бақылау жүргізіп, шешімдер мен ресурстарды бөлуді компанияның құрылымдық бөлімшелерінің сәйкес басшыларымен үйлестіреді.

Директорлар комитетінің мүшелері тұрақты дамуға қатысты барлық ірі форумдарға белсене қатысады, осы арқылы ESG мәселелері бойынша білімдерін жетілдіреді. 2024 жылы КПО директорлары мен басқарушылары мынадай форумдарға қатысқан: Қауіпсіздік мәдениеті саласындағы көшбасшылардың міндеттері бойынша семинар, «КПО-да жергілікті қамтуды дамыту және сатып алу процесі» конференциясы, КПО дөңгелек үстелі: Мұнай-газ саласындағы кешенді экологиялық рұқсаттарды талқылау, «КПО Local Content Workshop» семинары, «Тауарлардағы жергілікті құрам: ел мен саланың стратегиялық дамуы» семинары, мердігерлермен «Еңбек қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша көшбасшылық мәдениеті» бағдарламасы бойынша жиналыс, жыл сайынғы «IR Форум», ІМВ Орталығының жыл сайынғы форумы, КПО, ТШО, НКК және КТК-К бірлескен «Еңбек қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» форумы, мердігерлермен қауіпсіздік мәселелері бойынша ҚПО саммиті, VII Халықаралық «Uralsk Green Forum» экологиялық форумы, ІМВ Орталығының мұнай-газ секторында тауарларды жергіліктендіру семинары, KASE 2023 жылғы жылдық есептер конкурсы бойынша марапаттау рәсімі.

/ GRI 2-17 /



ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ / GRI 2-12, 2-13 /

Мұнай-газ операциялары қызметкерлердің денсаулығына, қоршаған ортаға және өндірістік активтерге тиюі мүмкін әсерді ескере отырып, мұқият ұйымдастырылуы және жүргізілуі қажет. Өз ісін адал атқаратын кен пайдаланушы ретінде, ҚПО компаниясы кәсіпорын қызметінің барлық аспектілерін қамтитын бизнес-тәуекелдерді басқаруға ерекше назар аударады.

Қауіп-қатерлерді басқару процесі мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтау, бағалау, бақылау, басқару және есеп беру бойынша қажетті жұмыстарды қамтиды. Бұл динамикалық және үздіксіз процесс.

2024 жылы Қауіп-қатерлерді Комитеті келесілерді қоса алғанда, әртүрлі бизнес-тәуекелдерді талқылады және қарастырды:

1. Негізгі және/немесе қосалқы логистикаға қатысты жол-көлік оқиғалары
2. Өндірістік үзіліссіздік пен технологиялық процестердің тұтастығына әсер етуі мүмкін ірі қауіп-қатерлер
3. Техникалық сүмен қамтамасыз етудегі қиындықтар
4. Электр энергиясын өндіру қуатының шектеулері
5. Өндірістік жарақаттардың санының өсуі
6. Кибершабуылдардың қауіпті инциденттеріне ұшырауы
7. ОГӨЗ-да газ қабылдауының төмендеуі
8. КГӨЗ бойынша түпкілікті инвестициялық шешімдер(ТИШ) болмауы
9. Әлеуметтік қысымның өсуі
10. Пара алу/жемқорлық

Жоғарыда көрсетілген қауіп-қатерлердің жағымсыз әсерін төмендету үшін КПО жан-жақты жүйелі жұмыс жүргізіп, үздіксіз бағалау өткізеді. Бұл жердегі мақсат – оңтайлы бизнес-стратегияны әзірлеу және өзгерістерді басқару.

Қауіп-қатерлерді басқару процесінің тиімділігін тиісті түрде тексеру үшін есеп берудің келесі кезеңдері орындалады:

- **Жылына екі рет:** Қауіп-қатерлер жөніндегі комитет отырысы өткізіледі.
- **Ұдайы:** анықталған қауіп-қатерлерді жеңілдетуге арналған алдын алу шараларының уақтылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету және қауіп-қатерлерді кешенді басқару жөніндегі жетекші маманды уақтылы хабардар ету мақсатында қауіп-қатерлердің өршуі туралы ақпарат қауіп-қатердің иелері деңгейінде тұрақты түрде қайта қаралып, жаңартылып отырады.

Маңызды әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тақырыптар бойынша негізгі қауіп-қатерлерді жеңілдету шаралары есептің тиісті тарауларында толығырақ сипатталған.

Бизнеске және технологиялық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді басқару:

Қауіп-қатерлерді интеграцияланған басқару Тәртібінде және Еңбек қорғау, Қауіпсіздік және Қоршаған ортаны қорғау (ЕҚҚО) саласындағы интеграцияланған басқару жүйесінің Нұсқаулығында осы процесстің анықтамалары мен сипаттамасы, сонымен қатар Компания бойынша сәйкес рөлдер мен міндеттер қамтылған. Сонымен қатар, қауіп-қатерлерді басқару компанияның барлық деңгейлерінде оның бизнес-мақсаттары мен міндеттерін қызметтегі қауіп-қатерлермен үндестіруге бағытталған.

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі басқарма бизнес пен қауіпсіздікке қатысты қауіп-қатерлерді қамтитын қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару жүйесін енгізуге, қолдауға, бақылауға және үнемі жетілдіруге жауап береді.

Бизнеске төнуі мүмкін қауіп-қатерлер саласында, бұл процесс қауіп-қатерлерді біріктіріп басқару процедурасымен реттеледі, қауіп-қатерлер Корпоративтік қауіп-қатерлердің тізіліміне енгізіледі. Осы модель бизнеске қатысты негізгі қауіп-қатерлер мен тиісті алдын алу және түзету іс-шараларын қамтиды.

Қауіпсіздікке төнуі мүмкін қауіп-қатерлер саласында бұл процесс ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару жүйесімен реттеледі, қауіп-қатерлер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы корпоративтік қауіп-қатерлердің тізіліміне енгізіледі. Осы модель қауіпсіздікке қатысты негізгі қауіп-қатерлер мен тиісті алдын алу және түзету іс-шараларын қамтиды. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару моделінің нәтижелері бизнеске қатысты қауіп-қатерлерді басқару моделінде көрсетіледі.

Қауіп-қатерлерді басқарудың түпкілікті моделі КПО компаниясының жоғары басшылығының қатысуымен өтетін Қауіп-қатерлер жөніндегі комитеттің жиналыстарына дайындалу кезінде қаралып, түйінделеді. / GRI 2-12, 2-13 /

Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне

қатысты қауіп-қатерлерді басқару Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер олардың толық сипаттамасы берілген Тосқауылдар моделінде тіркелген. Технологиялық процестердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлерді басқаруға Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өндіріс тұтастығы басқармасы жауапты болады, мұндай қатерлер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қауіп-қатерлерді басқару жүйесімен реттеледі. Әрі қарайғы толық ақпарат «Өндірістік тұтастық» бөлімінде келтірілген.

ТИІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ / GRI 2-12, 3-3 /

Компания тұрақтылығын сақтап, жауапкершілікпен дамуы үшін КПО-ның ішкі бақылау мәдениетін дамытуға ұмтылуының маңызы зор. Осы міндеттеме шеңберінде КПО өз бизнес-мақсаттарын қолдау үшін екі негізгі процес енгізді:

- капиталдық шығындары бар жобалар бойынша тиімділігін бағалау процесі;
- аудиттер- ол ішкі, сыртқы және мердігерлік ұйымдардың жұмысын тексеру аудиттері.

2024 жылы КПО табыстылықты бағалауға басымдық береді, негізделген шешімдер қабылдау мақсатында барлық даму жобаларын мұқият талдады. Бұл кешенді процесс, мүмкіндіктерді анықтаудан пайдалануға дейін, мына жаңартылған құжаттарда егжей-тегжейлі сипатталған: Жобалар табысты болуын бағалау саясаты және басқару жүйесі, сонымен қатар жобалар табыстылығын бағалау шаралары бойынша нұсқаулық. Біздің мақсатымыз өзгеріссіз қалады: капитал салымдарынан максималды қайтарым алу, тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғауға ерекше назар аудару.

Капитал салымдарының елеулі көлемін ескере отырып, КПО даму жобаларын іске асыру бойынша жұмыстарды тиімді орындау үшін ана компанияларды тарту арқылы ішкі және сыртқы рентабельділікті бағалау бойынша әртүрлі шараларды жүзеге асырады. Мұндай тиімділікті қамтамасыз етуге арналған мұқият процедуралар қос мақсатқа қызмет етеді: ашықтық пен жауапкершілікті арттырады, әрі компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін шешуші рөл атқарады.

Мұндай тиімділікті қамтамасыз етуге арналған мұқият процедуралар қос мақсатқа қызмет етеді: ашықтық пен жауапкершілікті арттырады, әрі компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін шешуші рөл атқарады.

2024 жылы негізгі оқиға ретінде бизнес-процестерге «Жасыл» стратегиясын интеграциялау болды. Бұл прогрессивті бастама жаңа капиталдық жобаларды дайындау процесінде қоршаған ортаға кері әсерін азайту бойынша инновациялық тұжырымдамалық ұсыныстарды әзірлеуге итермеледі. Бұл стратегиялық қадам біздің тек қызметтің тұрақтылығын сақтауға ғана емес, сонымен қатар оны арттыруға деген міндеттемемізді

айқындайды, бұл біздің «Жасыл» болашаққа деген көзқарасымызға сәйкес келеді.

Ішкі аудит жүргізу рәсімімен реттелетін аудиттік қамтамасыз ету процесі тұрғысынан алғанда, ішкі аудит функциясы қауіп-қатерлер негізделген тәуелсіз тексерулерді қамтамасыз етіп, корпоративтік басқару жүйесінің жалпы құрылымын, ішкі бақылау мен процестердің тиімділігін КПО Басқару және бақылау жүйесіне сәйкес бағалайды. Ішкі аудит қызметі компанияның өндірістік мақсаттарына қол жеткізуге кедергі болуы кез келген ағаттықты анықтайды.

Жыл сайын, КПО қызметінің қауіп-қатерлер төну қаупі жоғары салаларында, соның ішінде корпоративтік басқару, келісімшарттар мен сатып алулар, мердігердің және компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ басқару, қаржы, есептілік, өндірістік операциялар, логистиканы ұйымдастыру және т.б. салаларында ішкі аудит өткізу бойынша жоспарын орындайды. Бұдан басқа ішкі аудиттер тексеріс нәтижелері бойынша ұсынылған шаралардың орындалуын тексеру қызметін қамтиды. Аудит нәтижелері КПО мен Бас компаниялардың басшылығына Аудит жөніндегі қосалқы комитет отырыстарында беріледі.

Онымен қоса, Бас компаниялар өздерінің ішкі қауіп-қатерлерді бағалауы негізінде жыл сайынғы аудит өткізеді. Бұл КПО-ның Басқару жүйесінің құрылымы мен тиімділігі тәуелсіз тұрғыдан қосымша деңгейде тексерілетіндігін білдіреді. Аудит нәтижелері КПО мен Бас компаниялардың басшылығына Аудит жөніндегі қосалқы комитет отырыстарында беріледі.

/ GRI 2-12 /





Отчеты о результатах аудитов представляются руководству КПО и материнских компаний на заседаниях Подкомитета по аудиту.

Сертификатталған сыртқы аудиторлар КПО-ның басқару жүйесінің жалпы тиімділігін қамтамасыз етуге себептеседі, ал жүйенің халықаралық стандарттар мен ҚР заңнамасына сәйкестігі ISO сертификаттарын алу және шолу аудиттерін өткізу арқылы расталады.

Сонымен қатар, КПО еңбек қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ішкі аудиттің жылдық жоспарын ішкі корпоративтік аудит бөлімі арқылы орындайды. Мысалы, 2024 жылы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында 14 аудит жүргізді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі

/ GRI 3-3, 403-1, 403-7, 403-8 /

Қоршаған ортаға мейлінше аз әсер етіп, қызметкерлердің денсаулығын сақтау және еңбек етуге қауіпсіз жағдай жасау бойынша үздіксіз жетілу мен адал қызмет Компания үшін айрықша маңызға ие.

КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелерін ISO 14001:2015 (Экологиялық басқару жүйесі), ISO 45001:2018 (Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік

қауіпсіздік) және ISO 50001:2018 (Энергия тұтынуды басқару) халықаралық стандарттарына сәйкестігі сертификатталған біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде басқарады.

Тағы, 2022 жылы КПО ISO 39001:2012 «Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесі» сертификатын алды. Халықаралық ISO стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау үшін 2023 жылы КПО мына стандарттар бойынша қайта сертификациядан өтті: ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 және ISO 50001:2018, сонымен қатар ISO 39001:2012 стандарты бойынша қадағалау аудиті өткізілді. Бұл процесті қолдау бағытында КПО мен мердігер ұйымдардың қызметкерлері үлкен жұмыс атқаруда.

КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптары Компания ішінде де, одан тыс та кең таралған және Компанияның барлық келісімшарттарының арнайы қосымшасында көрсетілген (яғни ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы талаптар берілетін барлық келісімшарттарға енгізіледі).

Жыл сайын КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін арттыру мақсатында бірқатар бағдарламалар, тренингтер, бастамалар мен науқандар жүзеге асырылады. Мұндай бастамаларға көптеген шаралар кіреді, соның ішінде, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кіріспе нұсқамалар, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша арнайы кәсіптік оқыту, сондай-ақ «Қауіпсіздік техникасы бойынша көшбасшылық және мәдениет бағдарламасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ынталандыру бағдарламасы», «Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерлерді бағалау», «Экологиялық мәдениетті дамыту және хабардарлық деңгейін арттыру» және т.б. бағдарламалар.

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

КПО-да біз адамдарға деген құрметтің негізінде жатқан іргетасы құндылықтарға сүйене отырып жұмыс істейміз. Біз үшін бұл – адалдық, ізгілік және әділеттілік. Осы құндылықтарды қабылдап, оларды күнделікті жұмысымызда ұстану арқылы әрқайсымыз КПО беделін қорғауға және нығайтуға үлес қосамыз. Баршамызға ортақ құндылықтар – бұл біз орындайтын жұмыстың айнасы және олар КПО-ның Тәртіп кодексі мен Іскерлік қағидаттарының негізі болып табылады.

КПО іскерлік қағидаттары компания өз қызметін атқару барысында басшылыққа алатын ережелерді белгілейді және акционерлер, тапсырыс берушілер, жұмыскерлер, бизнес серіктестер мен қоғам алдындағы міндеттерімізді анықтайды. Тәртіп кодексінде КПО-ның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті тәртіп ережелері және компанияның өз жұмыскерлері алдындағы міндеттері түсіндіріледі.

Бізді іс-әрекеттеріміз бойынша бағалайды. Жұмысымызды заңнамаға, КПО іскерлік қағидаттарына, Тәртіп кодексіне сүйеніп жүзеге асыратын болсақ, беделіміз арта түседі. Бизнес серіктестерімізге КПО іскерлік қағидаттарын немесе оларға парапар қағидаттарды міндетті түрде басшылыққа алуға кеңес береміз.



Наталья Головина

Нормативтік-құқықтық сәйкестік
жөніндегі басқарушы кеңесші

БИЗНЕС-ЭТИКА


/ GRI 2-23, 2-24, 3-3, ТДМ 10.3, 16.5, 16.8 /

КПО ІСКЕРЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ / GRI 2-23 /

КПО өз қызметін 2019 жылы енгізілген және КПО Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен бекітілген «КПО іскерлік қағидаттарына» сәйкес іске асырады. 2019 жылға дейін іскерлік қағидаттар КПО тәртіп кодексінің бөлігі болатын.

КПО іскерлік қағидалары қызметімізде басшылыққа алатын негізгі іскерлік аспектілерді айқындайды және қызмет пен этикалық тәртіпке қатысты жоғары стандарттар қояды. Мүдделі тараптар, соның ішінде мердігерлер мен жеткізушілер, осы қағидаларды құрметтейді және өз жұмысын Іскерлік қағидаларға сүйеніп орындайды деп күтеміз.

8-сурет. КПО іскерлік қағидалары негізгі жеті категорияны қамтиды:



«КПО іскерлік қағидалары» құжатының толық нұсқасын және таныстырма бейнебаянын КПО сайтындағы [«Іскерлік этика»](#) бөлімінен тауып таныса аласыздар.

ТӘРТІП КОДЕКСІ

КПО тәртіп кодексі компания мен оның қызметкерлерінің қызметін және беделін қорғауды мақсат ететін нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты құжат болып табылады. Тәртіп кодексі – бұл КПО-ның қызметкерлері, мердігер ұйымдардың қызметкерлері және КПО атынан жұмыс істейтін басқа тұлғалардың барлығы міндетті түрде сақтауы тиіс КПО-ның іскерлік этика және корпоративтік мәдениет саласындағы жалпы ережелер жүйесі.

/ GRI 2-23 /

Тәртіп кодексі кәсіпкерлік еркіндігі мен адал бәсекелестік қағидаттарын ұстану, адам құқықтары мен компания активтерін қорғау, бірдей

мүмкіндіктер беру, сыбайлас жемқорлыққа және қылмыстық жолмен табылған табысты заңдастыруға (ақшаны жылыстатуға), сондай-ақ жұмыс орнындағы кез келген қудалауға жол бермеуге қатысты ережелерді қамтиды. Сонымен қатар, ұлттық және халықаралық сауданың, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғаудың, ақпаратты (оның ішінде жеке деректерді) қорғау және алмасудың кейбір аспектілерін реттейді.

/ GRI 2-24 /

КПО Тәртіп кодексінің толық нұсқасын КПО сайтындағы «[Іскерлік этика](#)» бөлімінен тауып таныса аласыздар. / GRI 2-23 (с) /

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ / GRI 2-23, 2-24, 408-1, 409-1, ТДМ 8.7 /

КПО адам құқықтарын құрметтейді және қолданыстағы заңнаманың талаптарын, соның ішінде БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында белгіленген нормаларды және Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларын сақтайды. Сонымен қатар, бұл нормалар Қазақстан Республикасының (ҚР) Конституциясында, ҚР Еңбек кодексінде, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінде, ҚР «Азаматтық қорғау туралы» заңында, ҚР Экологиялық кодексінде және тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген.

Адам құқықтарын сақтау Компания «Қызмет жүргізуге лицензия» алу үшін міндетті шарт болып табылады. Компанияның барлық қызметі жұмыскерлеріміз, мердігерлеріміз, жергілікті халықтан бастап жергілікті билік органдарына дейін барлық мүдделі тараптардың адам құқықтарын сақтауға негізделген. Бұл мақсаттарды ұстана отырып, КПО сыртқы мүдделі тараптармен үнемі өзара әрекеттестікте болады және өзі жұмыс істейтін қауымдастықтардың жалпы өркендеуіне тікелей немесе жанама үлес қосуға ұмтылады.

Адам құқықтары мәселелері әлеуметтік үлес, қауіпсіздік және адам ресурстары тұрғысынан талаптардың сақталуын сипаттайтын Компанияның ішкі ережелерінде көрініс тапқан. Бұл мақсатта, адам құқықтарын қорғауға қатысты талаптар Тәртіп кодексіне және КПО-ның қолданыстағы құрылымына, саясаттарына және ішкі ережелеріне енгізілген. Олардың қатарына мыналар жатады:

- **Әлеуметтік қызмет** – біздің әлеуметтік қызмет бойынша жоспарымыз бар және біз қызметіміздің жергілікті халық өміріне тигізетін әсерін ескереміз.

- **Қауіпсіздік** – бүкіл Компанияға қойылатын қауіпсіздік талаптары жұмыскерлердің, мердігерлердің және объектілердің қауіпсіздігін адам құқықтары мен жергілікті халықтың қауіпсіздігі сақталатындай қамтамасыз етуге көмектеседі.
- **Адам ресурстары** – саясаттарымыз бен стандарттарымыз жұмысқа әділ орналастыру, этикалық еңбек қатынастары, жағымды жұмыс ортасы мен еңбек жағдайларын құру қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі.
- **Келісімшарттар мен сатып алулар** – біз тұрақты дамуға үлес қосатын және экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жауапты мердігерлермен және жеткізушілермен жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Заңнамаға сәйкестік саласындағы жалпы саясат шеңберінде КПО этикалық нормалар мен нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау саласында оқытудың жаңа бағдарламасын қабылдады және орындауға кірісті. Бұл бағдарлама қабылданған қағидаттар мен міндеттемелер бойынша жоғарыда аталған негізгі мәселелерді шешуге бағытталған.

КПО қазіргі заманғы құлдық пен балалар еңбегін пайдалануға мүлдем қарсы. Осы орайда, Компания өзінің жеткізу тізбегінде не қызметінің басқа салаларында балалар еңбегін пайдалануды, құлдықты және адам саудасын анықтауға және мүмкіндігінше жоюға ұмтылады.

2024 жылы КПО мен оның мердігерлік ұйымдары ішінде балалар еңбегін пайдалану және адам саудасы оқиғалары тіркелген жоқ.

/ GRI 408-1, 409-1 /

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІК / GRI 2-24 /

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ / GRI 205-1, 205-3 /

КПО сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөледі. КПО-да әзірленген парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Тәртіп кодексі мен Іскерлік қағидаттарға негізделген, ол парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа тиым салатын ұлттық және халықаралық заңнаманы сақтау бойынша талаптарды белгілейді. Барлық персонал, соның ішінде құрушы компаниялардың іссапарға жіберілген жұмыскерлері, штаттағы қызметкерлер мен жіберуші тараптардың (кадрлар агенттіктерінің) жұмыскерлері осы Нұсқаулықты басшылыққа алуға міндетті. / 2-24 (a-ii, a-iii) / Нұсқаулық сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерімен байланысты жұмыс процестерін анықтап, персоналға сыбайлас жемқорлыққа қатысты ықтимал қауіп-қатерлерді бағалауға көмектеседі. Келесілерге ерекше назар аударылады:

- Келісімшарттар жасасу,
- Сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілері,
- Әлеуметтік инвестицияларды қаржыландыру,
- Мемлекеттік органдармен әрекеттесу,
- Мүдделер қақтығысы.

КПО-ның бас директоры, директорлары мен басқарушылары тиісті директораттарда/ басқармаларда нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша негізгі құқықтық және этикалық қауіп-қатерлерді анықтайды, бағалайды және қадағалайды. / 2-24 (a-i) /

«Тәртіп кодексі, нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі саясаттар мен процедуралардың талаптарының елеулі бұзылу қаупін» бағалау процесіне КПО-ның бүкіл қызметін сыбайлас жемқорлыққа қатысты қауіп-қатерлердің бар-жоғы тұрғысынан бағалау кіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қауіп-қатерлерді азайту мақсатында келесі ережелер мен процестер енгізілген:

- Контрагентпен келісімшарт немесе кез келген заңды күші бар келісім жасау алдында кешенді тексеріс жүргізіледі. (Контрагенттердің этикалық сәйкестігін тексеру).

- Парақорлыққа және кез келген ресми рәсімдерді оңайлатуға төленетін төлемақылар беруге (соның ішінде пара алу, пара беру, параға коммерциялық сатып алу, пара алу не беруде/ параға коммерциялық сатып алуда делдалдық) тиым салынады.
- Қайырымдылық және демеушілік сияқты бизнес-процестер үшін қатаң ережелер мен шектеулер белгіленді, шығындар міндетті түрде есепке алынады және процеске қатысушылардың барлығы алдын ала тексеруден өтеді.
- Саяси партияларға, саяси ұйымдарға немесе олардың өкілдеріне компания қаражаты есебінен қандай да болса төлемдер (тікелей немесе жанама) жасауға тиым салынған. / GRI 415-1 /
- Сыйлықтар алу/беру және қонақжайлылық белгілерін қабылдау/көрсетудің негізгі ережелері, шекті сомалары, мақұлдау және бекіту деңгейлері белгіленген, тиісті тізілім жүргізіледі.
- Мүдделер қақтығысы туралы хабарлау (іс жүзіндегі, ықтимал және болжалды) қағидаттары мен ережелері, жұмысқа қабылдауға қатысты ерекше шарттар белгіленген. Барлық мүдделер қақтығысы оқиғалары тиісті тізілімге енгізіледі, жауапты бөлімшелер оларды реттеу бойынша шаралар қабылдайды. (Мүдделер қайшылығы)
- Жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар туралы мерзімді оқытулар мен тексерулер жүргізіледі (Нормативтік-құқықтық сәйкестік талаптарын сақтау бойынша оқытуд). / 2-24 (a-iv) /
- Компанияның ішкі құжаттарының ережелерін және қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы хабарлау процестері реттелді, Компанияның ішкі ережелерін бұзу жағдайларын тергеу және сол ережелерді бұзу үшін жауапқа тарту тәртібі анықталды.

Мүдделер қақтығысы / GRI 2-15 /

КПО-да мүдделер қақтығысы Тәртіп кодексімен, Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулықпен және Мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі нұсқаулықпен реттеледі. Нұсқаулықтардың соңғысы жұмысқа алумен айналысатын КПО менеджерлеріне, сонымен қатар Заң директорына болжамды, ықтимал немесе іс жүзіндегі мүдделер қақтығысын басқаруда көмек ретінде әзірленді. Оператор комитеті осындай конфликттер қарау процесін реттеуді нормативтік-құқықтық сәйкестік саласында аудиттер өткізу арқылы бақылайды.

КПО-ның басқа жұмыскерлерімен, мемлекеттік лауазымды тұлғалармен, мердігерлермен, жеткізушілермен, бәсекелес ұйымдар және бизнес серіктестермен туыстық байланыс болған жағдайда, Компания жұмыскерлерінде мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін. Мұндай оқиғалар Компания ішінде қаралып, реттеледі.

Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімі барлық қызметкерлерге мүдделер қайшылығын декларациялау қажеттілігі туралы мерзімді еске салады. Жұмысқа қабылданбас бұрын әрбір үміткер КПО-да мүдделер қақтығысы бар-жоғын мәлімдейтін Декларацияны толтырады.

Мүдделер қақтығысы тақырыбының маңыздылығы және нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау қажеттілігі Бас Директор мен Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімінен корпоративтік пошта арқылы барлық қызметкерлерге үнемі хабарланады.

Нормативтік-құқықтық сәйкестік талаптарын сақтау бойынша оқыту

/ GRI 205-2 /

КПО-ның барлық қызметкерлері нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау мәселелері бойынша жүйелі оқытудан өтеді. 2024 жылы Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімі комплаенс саласында құқықбұзушылықтар жасау қаупі жоғары санаттағы қызметкерлер үшін «Сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы әрекет» курсы бойынша 24 сессия өткізді. Осы курсқа КПО директорлар комитетін қосқанда, 332 жұмыскер қатысты.

Сонымен қатар, Нормативтік-құқықтық сәйкестік бөлімі тиісті қызметкерлер үшін сауда заңнамасын сақтау бойынша жеке оқыту сессиясын өткізді.

Барлығы 16 сабақ өткізіліп, оларға 274 жұмыскер қатысты.

Бұдан басқа, Компанияның әрбір жұмыскері жыл сайын Іскерлік қағидаттармен, Тәртіп кодексімен, Парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы әрекет ету жөніндегі нұсқаулықпен танысқандығын растауы және Заңнама мен этикалық құндылықтарға сәйкестік туралы мәлімдемеге қол қоюы қажет. 2024 жылдың қорытындысы бойынша штаттық қызметкерлер мен ана компаниялардың командировкадағы қызметкерлері де қоса, барлық қызметкерлердің 91% заңнамаға және этикалық құндылықтарға сәйкестік туралы Жылдық Мәлімдемеге қол қойды.

Кез келген жұмыскер нормативтік-құқықтық сәйкестік жөніндегі барлық саясаттар мен процедураларды КПО-ның Интранет желісінен тауып қарай алады. Барлық мүдделі тараптар Іскерлік қағидалар мен Тәртіп кодексін КПО-ның сайтынан таба алады.

Контрагенттердің этикалық сәйкестігін тексеру

/ GRI 2-23, 205-1, 205-2, 414-1 /

КПО корпоративтік басқаруда, соның ішінде этикалық және нормативтік сәйкестікті қамтамасыз етуде ең жоғары стандарттарға қол жеткізіп, сол деңгейді сақтауға ұмтылады. КПО-ның жетістігі біздің бизнестегі тұрақты табысқа жетуімізде маңызы зор және осы міндеттемені бөлісетін Компанияның серіктестерімен байланысты.

КПО әрбір әлеуетті бизнес-серіктестің қауіп-қатерлерін анықтау және қатерлі жағдайларды реттеу бойынша қажетті шараларды белгілеу



мақсатында өз жеткізушілерінің этикалық сенімділігін бағалауды жүзеге асырады. / GRI 2-24 /

Әрбір ықтимал бизнес серіктеске меншік түрі және иесі, басшылығы және шаруашылық және коммерциялық қызметі, соның ішінде оның этикалық іскерлік қағидаттары туралы ақпарат пен растайтын құжаттарды жіберуді сұрайтын сауалнама жіберіледі. Тексеру шеңберінде КПО серіктестер берген мәліметтерді растау үшін және іскерлік тәжірибесі мен нарықтағы беделі туралы пікірлерді тексеру мақсатында ашық көздерден алынған ақпаратты да пайдаланады. Ол үшін КПО халықаралық деректер қорын, Қазақстанның заңды тұлғалары туралы деректер базасын және салық және сот деректерін қоса алғанда, ашық ұлттық деректер қорларын пайдаланады, сонымен қатар тәуелсіз халықаралық эксперттерді тартады. Содан кейін, компанияның бизнес серіктес болуға лайықтығын анықтау мақсатында қауіп-қатерлерді бағалау жұмыстары жүргізіледі. Қажет болған жағдайларда, қалдық қауіп-қатерлерді азайту үшін тиісті шаралар қолданылады. / GRI 2-24, 2-25 /

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен компаниямен келісімшарт жасасқандағы стандартты үлгінің бір бөлігі болып табылатын міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы Қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Барлық бизнес серіктестер өткен күнтізбелік жыл ішінде КПО-ның әрбір келісімшартының 25-бабы «Этика және іскерлік тәжірибесінде» көрсетілген мәлідемелерге, кепілдіктерге және міндеттемелерге сәйкес қызмет еткендігін растайтын Жыл сайынғы сәйкестік бойынша сертификатты толтыру қажет. / GRI 2-24 /

Осы шаралардың барлығы серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын көрсететініне сенімдіміз. КПО өзінің бизнес серіктестерімен тығыз жұмыс істейді және жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында олармен бірге қолданыстағы барлық заңнамаларды сақтауы керек.

Жедел желі және сәйкестіктің сақталуын қамтамасыз ету бойынша басқа да шаралар

/ GRI 2-25, 2-26, 3-3. ТДМ 16.10 /

Компанияның нормативтік құқықтық сәйкестік бағдарламасын іске асыру мақсатында КПО-да тегін, анонимдік және құпия [Жедел желісі](#) жұмыс істейді.

Жедел желі КПО қызметкерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. Жедел желі арқылы жұмыскерлер мен үшінші тұлғалар (мердігерлер, жеткізушілер және кез келген басқа мүдделі тараптар) дискриминация, жыныстық қысым, мүдделер қақтығысы, құқыққа қайшы қаржылық әрекеттер немесе пара алу сияқты заңды және этикалық бұзушылықтарды қамтитын ықтимал жағдайлар туралы хабарлай алады. Мәлімдемені телефонмен немесе онлайн нысанды толтыру арқылы жолдауға болады. Келіп түскен мәлімдемелерді олардың құпиялығы мен анонимдігіне кепілдік беретін тәуелсіз компания өңдейді. Бұдан әрі мәлімдемелер олардың кәсіби қаралуын қамтамасыз ететін КПО-ның тиісті тұлғаларына беріледі. Сондай-ақ, Компания қызметкерлері нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне, еңбек ресурстары бөліміне немесе өздерінің тікелей жетекшілеріне жүгіне алады.

2024 жылы нормативтік-құқықтық сәйкестік бөліміне тікелей де, ыстық желі арқылы да барлығы 113 өтініш түсті. / GRI 2-16 / Көпшілік өтініштер жұмыс ортасындағы қарым-қатынас мәселелеріне, мүдделер қайшылықтарына және келісім-шарттар мәселелеріне қатысты болды. 2024 жылы барлығы 123 тергеу жұмыстары аяқталды, оның ішінде 2023 жылғы өтініштерге қатысты тергеулер де бар. Зерттелген өтініштердің 41% толық немесе жартылай негізді болып шықты. Тергеулер Нормативтік-құқықтық сәйкестіктің бұзылуы бойынша тергеу жүргізу процедурасына және/немесе өтініштің сипатына байланысты тәртіптік мәселелерді шешу жөніндегі ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Келіп түскен барлық мәлімдемелер нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты ереже бұзуларды тергеу тобымен тергеледі және, қажет болғанда, салдарларды басқару бойынша тиісті іс-шаралар қолданылады. 2024 жылы салдарларды басқару бойынша 70 шара ұсынылды, олардың ішінде 81 шара (2023 жылы тіркелген шараларды қоса алғанда) аяқталып, жабылды. Тергеудің сапасы «Мәлімдемелерді тіркеу журналын» үздіксіз жүргізу мен жаңарту арқылы қамтамасыз етіледі, бұл

тергеулердің тиімділігін бағалауға және қызмет нәтижелері теріс болған жағдайда үрдістер мен алғашқы себептерді талдауға мүмкіндік береді.

Ең маңызды тергеулер мен салдарды басқару үдерістерін бақылау және оларға қатысты шешім қабылдау мақсатында Этика мәселелері бойынша кеңес құрылды. Салдарды басқару бойынша барлық шаралар КПО-ның қолданыстағы саясаттарына сәйкес қадағалауға және бақылауға жатады. Этика мәселелері бойынша кеңес талқылап, мақұлдағаннан және бекіткеннен кейін, салдарды басқару бойынша шаралар тиісті директораттарда/басқармаларда орындалу үшін міндетті болады. Барлық осындай шаралар арнайы журналдың («Шаралар тізілімі») көмегімен тіркеледі, қадағаланады және бақыланады.

2024 жылы қазанда, Компанияда «ҚПО этика күні» өткізілді, онда корпоративтік этикалық құндылықтар мен этика мәселелеріндегі көшбасшылық деңгейін арттыруға арналды. Бұл іс-шара 2023 жылы этикалық сипаттағы өзекті тақырыптар мен комплаенс мәселелерін талқылауға арналған платформа құру мақсатында енгізілген. Іс-шараға ҚПО-ның бірінші және екінші деңгейдегі басшылары, сондай-ақ Shell және ENI аналық компанияларының өкілдері мен сыртқы акционерлері қатысты.

2024 жылы Компания ҚПО-да корпоративтік этика мен комплаенс принциптері жылы Компания ҚПО-да корпоративтік этика мен комплаенс принциптері Компания ҚПО-да корпоративтік этика мен комплаенс қағидаттары бойынша хабардарлық пен қатысушылықты арттыруға бағытталған «Этикалық көшбасшылық» бағдарламасын іске қосты.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ КҮРЕС / GRI 206-1, 3-3 /

Монополияға қарсы заңдар кәсіпкерліктің еркіндігі мен бәсекелестіктің әділдігін қорғайды. Заңда жазылғандықтан ғана емес, бұларға өзіміз кәміл сенетіндігімізден осы қағидаларды сақтаудың КПО үшін маңызы зор.

КПО Тәртіп кодексі қызметкерлердің барлығы сақтауы тиіс заңға қайшы әрекеттерге, соның ішінде бағаны белгілеу, нарықты бөлісу, өндіріс көлемін шектеу, тендерге қатысуға өтінімдер тапсыру немесе тендерге қатысу кезіндегі келісу, бәсекелестікке қарсы әрекет ету және монополиялауға қарсы

күреске қатысты ережелерді реттейді. ҚПО жұмыскерлеріне тіпті жеке түрде бәсекелестермен антимонополиялық заңдарды бұзу ретінде қабылдануы мүмкін мәселелерді талқылауға, әсіресе осындай мәселелер бойынша олармен келісімдерге келуге қатаң тыйым салынады.

2024 жылда КПО-да жосықсыз бәсекелестікке және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға қатысты аяқталмаған немесе аяқталған сот қуынымдары болған жоқ.

ЗАҢНАМА МЕН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІ САҚТАУ / GRI 2-27 /

КПО өз қызметін іске асыратын мемлекеттердің қолданыстағы барлық заңдары мен нормативтік актілерін сақтайды.

КПО Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мен Заң директораты нормативтік-құқықтық сәйкестік мәселелері ӨБТК және Бірлескен қызмет туралы келісімге, мұнай-газ компанияларының қызметін реттейтін барлық ҚР заңдарына/халықаралық заңнамаға, сонымен қатар нормативтік-құқықтық сәйкестікке қатысты процестерді реттейтін КПО-ның саясаттары мен процедураларына сай шешілуін қадағалайды.

2024 жылы өндірісте барлығы он бір (11) әкімшілік құқық бұзушылық ісі болды, оның ішінде, 4 (төрт) іс – БҚО бойынша «Экология департаменті» Мемлекеттік мекемесі және Атырау облысы бойынша «Экология

департаменті» Мемлекеттік мекемесі; 5 (бес) іс – Бөрлі ауданы Полиция бөлімінің талаптамасы бойынша; 1 (бір) іс – БҚО бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Төтенше жағдайлар департаменті» Мемлекеттік мекемесі; 1 (бір) іс – БҚО бойынша «Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» Мемлекеттік мекемесі.

11 әкімшілік құқық бұзушылық ісінің 10-ы 2024 жылға қатысты (1 іс 2023 жылдан ауыстырылған). Есепті кезеңде КПО-ға 970 019 394 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұлдар салынды: КПО бір әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша 1 846 000 теңге мөлшеріндегі айыппұлды төледі; КПО-ның өтініштері бойынша 9 405 370 теңге мөлшеріндегі айыппұлдар жойылды; Қазіргі уақытта 958 768 024 теңге мөлшеріндегі айыппұлдар шағымдалуда.

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /


Бүкіл әлем цифрлық технологияларға көшіп жатыр, сондықтан мұнай-газ бизнесінің ел мен инвесторлар үшін тартымдылығын сақтап қалғымыз келсе, КПО да бұл үрдістен шетте қалмауы керек. КПО цифрлық бастамаларды белсенді түрде енгізуде, бұл тиімділікті арттырып, күнделікті жұмыстарды азайтады. 2024 жылы іске асырылған жобалар айқын нәтижелер көрсетті, процестердің сапасы жақсарды, күнделікті жұмыс қысқартылды және барлық жүйелерде электрондық цифрлық қолтаңба енгізілді.

Қазіргі таңда АТ / цифрлық ресурстар іскерлік өмірде және жеке өмірде қолданысқа ие. Сол себептен, оларды қауіпсіз пайдалана білу өте маңызды. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік КПО-ның құнды ресурстарын (атап айтқанда адамдарды, деректер мен қосымшаларды) фишинг, бопсалаушы-бағдармалар немесе мақсатты шабуылдар секілді киберқауіптерден қорғаудың стратегиялық басымдықтарын жүзеге асырудағы шарттардың бірі.



Сериков Бахтияр
 Менеджер по архитектуре системы
 управления предприятием

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ БОЙЫНША ЖОЛ КАРТАСЫ 2024–2028



ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ

/ ТДМ 9.4 /

КПО 2023 жылы бекітілген цифрландыру стратегиясы мен жол картасына сәйкес цифрлық трансформацияны жүзеге асыруда. Бағдарлама 6 негізгі бағыт бойынша 100-ден астам жобаны қамтиды: базалық технологиялар, өндіріс, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және қауіпсіздік бойынша процестерді автоматтандыру, бэк-офистік функцияларды цифрландыру, цифрлық трансформацияны қолдау және киберқауіпсіздіктің жетілуін арттыру. 2024 жылы цифрландыру саласындағы негізгі жетістіктер келесілерді қамтиды:

- **Телеметрияны енгізудің II фазасын жүзеге асыру:** 2024 жылы телеметрия жүйесіне 17 ұңғыма қосылды (2021 ж. – 9 ұңғ., 2023 ж. – 15 ұңғ.), бұл өндірісті болжауды жақсартып, әрекет ету жылдамдығын арттырды, техникалық қызмет көрсетуді оңтайландырды және бос тұрып қалу қаупін азайтты. Деректер аналитикалық және өндірістік жүйелермен біріктірілді, бұл бақылау мен пайдалану тиімділігін арттырады. Киберқауіпсіздік қамтамасыз етілді, ал деректерді болжамдық модельдерге беру цифрлық трансформацияны жеделдетіп, өндірістің қауіпсіздігін арттырады.
- **Ақылды іздеу:** Құрылымдалмаған деректер арасында жасанды интеллект арқылы іздеу платформасы іске қосылды, бұл іздеу уақытын 90%-ға қысқартты – инженерлер деректерді бір сағаттың орнына 10 минутта табады. Бұл құрал өнімділікті арттырып, күнделікті тапсырмаларды автоматтандырады, ақпаратқа қолжетімділікті және бөлімшелер арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартады, дәл аналитиканы қамтамасыз етіп, шешім қабылдауды жеделдетеді.
- **Өндірісті болжау үшін қарапайым модельдеу:** Жасанды интеллект көмегімен өндірісті жылдам болжамдау жүйесі енгізілді, ол есептеулерді 20 есе жылдамдатады – сценарийлер бірнеше сағаттың орнына бірнеше минутта әзірленеді. Бұл болжамның дәлдігін арттырады, деректерге қолжетімділікті жеңілдетеді, жоспарлауды және шешім қабылдауды оңтайландырады, жоспарланған көрсеткіштерден ауытқу қатерін төмендетеді және өндірісті басқару тиімділігін арттырады.
- **Өндірісті болжау:** Өндірісті болжауды автоматтандыру үшін барлық жұмыс кезеңдерін бір платформада біріктіретін «Production Forecasting Tool» құралы енгізілді. Болжам алу уақыты 26 күннен 14 күннен аз уақытқа дейін қысқарды, бұл деректердің өзектілігін және есептеулердің дәлдігін арттырады. Сондай-ақ, Excel есептері мен хат алмасуға тәуелділік төмендеді, бұл процесті 70%-ға жақсартты.
- **Ақылды схемаларға негізделген техникалық қызмет көрсету және инженерлік жұмыстар:** Өнеркәсіптік процестерді басқару мен құжаттауды жақсартуға бағытталған мастер-каталог құру және ГҚДҚ-3 үшін технологиялық схемаларды әзірлеу жүйесін жобалау жұмыстары аяқталды. Нәтижесінде жабдықтар, құбырлар мен құралдар дәл және жүйелі түрде ұсынылып, шешім қабылдауды және операцияларға дайындықты жақсартты. Ақылды технологиялық сызбаларды енгізу құжаттаманың және басқарудың сапасын арттырып, ынтымақтастықты жақсартады, қатерлерді азайтады және жобалаудан пайдалануға және қызмет көрсетуге өту процесін жеңілдетеді.
- **Көлікке тапсырыс беру қызметі (2 фаза):** Мобильді қосымша және электрондық диспетчер арқылы қызметтік автокөліктерге тапсырыс беру процесі автоматтандырылды. Енді қызметкерлер диспетчерлердің қатысуынсыз ең жақын бос автокөлікті брондай алады, күту уақыты 1 сағаттан 20 минутқа дейін қысқарды және қадамдар саны екі есе азайды. Жүйе автопарктың 20%-ын қамтиды, толық енгізу 2025 жылдың соңына жоспарланған, бұл көлікке қолжетімділікті арттырады және пайдалануды оңтайландырады.
- **Жобаларды басқару әдіснамасын енгізу:** КПО-да жобаларды басқару процестері реттелді және стандартталды. Цифрландыру жобаларын жоспарлау, орындау және бақылау үшін бірыңғай тәсілді қамтамасыз ете отырып, стандарт пен процедура жаңартылды. Бұл процестердің ашықтығын, ресурстарды бөлудің тиімділігін арттырды, қателерді азайтты және нәтижелерге уақтылы қол жеткізуге ықпал етті.
- **Кәсіпорындағы процестерді басқару жүйесін цифрлық жаңғырту:** Әрбір бөлімше үшін жұмыс аймақтары, жоғары деңгейлі процестер картасы және нормативтік құжаттамасы бар бірыңғай корпоративтік платформа құрылды. Бұрын корпоративтік порталдағы 6000-нан астам құжат ақпаратты іздеу мен жаңартуды қиындататын. Жоба нәтижесінде бизнес процестерді басқару жүйесі қалыпқа келтіріліп, автоматтандырылды, бұл деректерге қолжетімділікті жеңілдетіп, олардың өзектілігін арттырды.
- **Қатерлерді басқару:** SAP GRC жүйесіндегі қатерлерді басқару жүйесі оңтайланды. Бұл жаңа функцияларды енгізуге, кемшіліктерді жоюға, есептілік пен мониторингті автоматтандыруды жақсартуға мүмкіндік берді. Қатерлерді азайту шараларын мақұлдау процесі автоматтандырылды, сонымен қатар жүйе 2018 жылдан бастап өзекті талаптарға сәйкес жаңартылды.

- **Электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу:** пилоттық кезең 2024 жылы іске асырылып, хат алмасу модулін баптау және сынақтан өткізу жұмыстары аяқталды. Құжат айналымы үдерістерін оңтайландыру мақсатында жүйені SAP-пен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

КПО-да жүзеге асырылған жобалар цифрлық трансформацияның тиімділігін дәлелдеп, операциялық процестердің айтарлықтай жақсарғанын, деректерді басқару мен негізгі функцияларды автоматтандыру деңгейінің өскенін көрсетті. Әрі қарай дамуға қол жеткізу үшін табысты

ҮЗДІКСІЗ ЖЕТІЛДІРУ

Үздіксіз жетілдіру командасы (CI) бизнес процестерді оңтайландыруға, оның ішінде ENI қолдауымен Lean Six Sigma (LSS) әдістемесі бойынша қызметкерлерді оқытуға қатысады. 2024 жылдан бастап 90-нан астам қызметкер сертификат алған, оның ішінде 7 адам Six Sigma-ның «Сары белбеу» сертификатына ие болды. Оқыту бизнес процестерді оңтайландыруға ықпал ететін жетілдіру жобаларын іске асыруды қамтиды. КПО-ның негізгі функционалдық салалары бойынша процестер картаға түсірілді:

- **Шарттар мен сатып алулар саласындағы жақсартулар:** Электрондық сатып алу жүйесін (e-Procurement) енгізу жобасы аясында CI командасы КПО сатып алу қызметіндегі барлық реттеуші құжаттаманы қоса алғанда 60-тан астам бизнес процесті талдады. Салалық мамандар мен бизнес серіктеспен бірлесе отырып, барлық негізгі стейкхолдерлердің ұсыныстары ескерілген мақсатты процестер (TO-BE) әзірленді. Жобаның мақсаты – келісімшарттық және сатып алу қызметінің барлық циклін (end-to-end) қамтитын бірыңғай электрондық сатып алу жүйесін енгізу, бұл жеткізушілермен өзара әрекеттесуді жақсартуды, оңтайландыруды, жеделдетуді және ашықтықты арттыруды қамтамасыз етеді. Жүйені енгізу нәтижесінде тиімділіктің 46%-ға артуы, сатылардың 56%-ға қысқаруы, қағаз құжат айналымының 80%-ға азаюы және операцияларды орындау уақытының 54%-ға қысқаруы күтілуде.
- **Өндіріс пен техникалық қызмет көрсету саласындағы жақсартулар:** Өндірісті болжау процесі үздіксіз жетілдіру үшін басым бағыт ретінде анықталды. CI командасы геолог-инженерлер, өндірісті оңтайландыру тобы,

шешімдерді ауқымдау, озық технологияларды интеграциялау және аналитикалық құралдарды нығайту қажет. Әсіресе жасанды интеллектті кеңінен қолдануға, кибер қауіпсіздікті арттыруға және стратегиялық шешімдерді қолдайтын цифрлық платформаларды жетілдіруге ерекше назар аудару керек. Цифрлық бастамаларды жүйелі түрде дамыту тиімділіктің өсуін, операциялық қатерлердің азаюын және КПО-ның бәсекеге қабілеттілігінің нығаюын қамтамасыз етеді. КПО стратегиялық құжаттарды тұрақты түрде қайта қарап, жаңартып отырады.

техникалық қызмет көрсету және маркетинг мамандарымен бірлесе отырып, «Цифрлық мұнай кен орны» жобасы бойынша жұмыс істеді. Жобаның мақсаты – өндірісті болжау процесін оңтайландыру үшін алдыңғы қатарлы аналитикалық құралдарды (машиналық оқыту технологияларын) пайдалану. Нәтижесінде процесс уақыты 26 күннен 14 күнге қысқарды, бұл процесті 70%-ға жақсартты. Жоба аяқталу сатысында, жүйе тұрақтандырылған соң компания жақсартулар нәтижесін көре алады.

- **Кадрларды іріктеу процесін қайта қарау** CI командасы HR-дың барлық 44 процедурасын кеңінен талдады, соның ішінде HR командасымен сұхбаттар жүргізіп, ағымдағы бизнес процестердің сызбаларын жасап, мәселелер мен жақсарту мүмкіндіктерін анықтады. 29 процедурада процестерді оңтайландыру және автоматтандыру мүмкіндігі табылды. Бір ұсыныс жүзеге асырылды, 9 ұсыныс пайдаланушылар бөлімі арқылы қабылданып, IT&T командасына жүзеге асыруға тапсырылды. Қалған ұсыныстарды келісу жұмыстары жүргізілуде.

Аталған бастамалар операциялық тиімділікті арттыру, шығындарды төмендету және барлық бағыттар бойынша қызмет көрсету сапасын жақсарту стратегиясының бір бөлігі. 2025 жылға CI деңгейін көтеруге арналған қосымша механизмдер айқындалды. Цифрландыру және үздіксіз жетілдіру командасы КПО-ның бизнес бөлімшелеріне компания бойынша цифрландыру процесін құруға қолдау көрсетеді, ол үшін оңтайландыру мен автоматтандырудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді.



КПО жұмыскерінің «Digital Almaty 2025» форумындағы баяндамасы

КИБЕРҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖЕТІЛУІН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Киберқауіпсіздік бөлімі 2022 жылдың соңында құрылды, ал 2023 жылы мұнай-газ саласындағы ең ірі компаниялардың бірі үшін қажетті деңгейге жетуді мақсат еткен киберқауіпсіздіктің жетілуін арттыру бағдарламасы іске қосылды. Бағдарламаның 2024 жылғы негізгі нәтижелері:

- 2024 жылы киберқауіпсіздік саласында **хабардарлықты арттыру және оқыту науқаны** аяқталды. Бұл науқан — жыл сайынғы стратегиялық бастама, оның мақсаты қызметкерлерді ең үздік тәжірибелерді ұстануға үйрету және фишинг, мақсатты фишинг, бопсалаушы бағдарламалары, зиянды бағдарламалар, әлеуметтік инженерия схемалары сияқты кең таралған қауіптерден сақтандыру. Науқан киберқауіпсіздік бойынша оқыту сабақтарынан, оқыту бейнелері, имитациялық фишингтер, ойындар, плакаттар, ТВ-презентациялар, экран бетіне шығатын хабарламалар, ай сайынғы ақпараттық бюллетеньдер және марапаттау бөлігінен тұрды.
- Киберқауіпсіздіктің жетілуін арттыру бағдарламасы аясында, ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығы үшін киберқауіптерді анықтау және бақылау құралдары енгізілді, қазіргі уақытта оларды жетілдіру және ағымдағы жүйелермен интеграциялау жұмыстары жүргізілуде. Бұл орталықты құрудың маңызы мынада:
 - ▶ *Нақты уақыт режиміндегі мониторинг:* ИТ инфрақұрылымындағы барлық нысандардың 100%-ын қамтиды.
 - ▶ *Автоматты түрде анықтау және әрекет ету:* нақты уақыт режимінде 70-100 хабарламаны өңдеп, қолмен әрекет ету қажеттілігін едәуір азайтады.
 - ▶ *Қатерлерді басқаруды жақсарту:* осалдықтарды тиімді анықтау және жою; бұрын үш аптаға дейін уақыт алатын міндеттер енді бір тәулік ішінде шешіледі.

Кибершабуылдар барған сайын күрделене түсуде, сол себепті біздің мақсатымыз – қауіпсіздік жүйесін үнемі жетілдіріп отыру.

*Бүгінгі таңдауымыз –
ұрпағымыздың ертіміз*



ӘЛЕУМЕТТІК ЫҚПАЛ

- 53** Қауіпсіздік техникасы саласындағы тәжірибе
- 61** Еңбекті және денсаулықты қорғау
- 69** Жұмыскерлерге деген қамқорлық
- 85** Қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- 87** Өндірістік қатынастыр
- 91** Жергілікті қауымдастықтар



/ GRI 2-23 /

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА: Жұмыскерлер

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА: Жергілікті қауымдастықтар

Ескерту: қағидалар бөлімнің тиісті тарауларында толығырақ сипатталған.

2024

ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІ:

Еңбек ету қабілетін жоғалтуға
әкелген жарақаттар жиілігі

0,18

Жол-көлік оқиғаларының жиілігі

0

ЖҰМЫСКЕРЛЕР:

4 080

адам

Жалақы жалпы

9,8%-ға

арттырылды

ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАРДЫ БАҚЫЛАУ:

169 мердігер компанияның

20 мың жұмыскері

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР:

КПО БҚО-да су тасқынынан
зардап шеккен отбасыларға
тұрғын үй сатып алу үшін

64 млн АҚШ долларын
берді

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндіріс тұтастығы – кез келген мұнай-газ және конденсат кен орнын игеру мен пайдаланудағы табыстың негізгі факторлары. Күкіртсутек шығарындылары, өнімнің ағып кетуі және ЖКО сияқты қауіп-қатерлерге байланысты өндірісте жұмыс істейтін персоналдың қауіпсіздігі компания үшін басты міндет болып табылады. Компанияның және мердігер ұйымдардың әр жұмыскері үйіне аман-есен оралуы керек, ал өндірісте ағып кету жағдайлары мүлдем болмауы керек.

КПО ұйымда да, одан тыс жерлерде де тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін енгізіп сақтауға көп күш жұмсайды.



Виталий Ли
Қауіпсіздік техникасы
жөніндегі басқарушы



/ GRI 2-23 /

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Біз жұмыс көрсеткіштерді үздіксіз жетілдіруге қол жеткізу үшін еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мәселелерді шешудің жүйелі тәсілін қолданамыз.

Осы мақсатта біз мұндай мәселелерді қызметтің маңызды түрлері ретінде қарастыра отырып, стандарттарды белгілеп, үздіксіз жетілдіруге бағытталған мақсаттарды қойып, түрлі шараларды қолданамыз, сонымен қатар бағалау жүргізіп, жұмыс нәтижелері туралы сыртқы тараптарға есеп береміз.

2024

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспары

95%-ға
орындалды

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін жақсарту бойынша іс-шаралар

90%-ға
орындалды

31 627

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы тіркелді

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТКЕН ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ БОЙЫНША ШОЛЫП ТЕКСЕРУЛЕР:

Жоғары басшылық

242%-ға

Орта буын басшылары

295%-ға

орындады

ISO 39001

бойынша қадағалау аудиті сәтті өтті

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ

Компаниядағы қауіпсіздік техникасына қатысты қауіп-қатерлерді және Компанияның әсерін азайту мақсатында бірқатар міндеттер қойдық. Оларды іске асыру нәтижелері төменде көрсетілген.

Кесте 6. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы міндеттеріміз / GRI 3-3 /

2024 жылға қойылған міндеттер	Орындалу статусы	2024 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2025 жылға қойылған міндеттер
<ul style="list-style-type: none"> КПО мен мердігер ұйымдардың 10 000 жұмыскерін қамти отырып, кіріспе сессияларды өткізуді жалғастыру. Жетекшілер мен жұмыскерлерге арналған сессиялар өткізу үшін коучтарды оқыту. 25 жетекші коучтан тұратын топ құру және ұзақ мерзімді нәтижеге жету мақсатында ішкі ресурстарды дамыту. 	Орындалды	<p>2024 жылы қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық және мәдениет бойынша кіріспе сессияларды өткізу жалғастырылды. Жоспарланған 10 000 адамның орнына КПО мен мердігер ұйымдардың 12 609 жұмыскері қауіпсіздік мәдениетіне арналған кіріспе сессияларға қатысты;</p> <p>Шілде айында қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық және мәдениет (ҚКМ) бағдарламасының екінші кезеңі басталды, сертификатталған ҚКМ коучтары «Оқытушыны іс-әрекетте оқыту» сессияларын жүргізді, сондай-ақ жаңа коучтар даярланды, жалпы саны 102 коуч оқудан өтті.</p>	
ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияны жақсарту жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау.	90% орындалды	2024 жылға жоспарланған іс-шаралар мен науқандар 90% – ы сәтті жүзеге асырылды.	ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы коммуникацияны жақсарту жөніндегі 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарын 90%-ға орындау
ISO 39001 стандарты бойынша екінші қадағалау аудитінен сәтті өту.	Орындалды	2024 жылы КПО осы стандарт бойынша екінші қадағалау аудитінен сәтті өтті.	Жол қозғалысы қауіпсіздігін басқару жүйесінің ISO 39001 стандарты бойынша қайта сертификаттау аудитінен сәтті өту
ISO 45001 стандарты бойынша бірінші қадағалау аудитінен сәтті өту	Орындалды	2024 жылы КПО осы стандарт бойынша алғашқы қадағалау аудитінен сәтті өтті.	«Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік» менеджмент жүйесінің ISO 45001 стандарты бойынша қадағалау аудитінен сәтті өту

ЕҚ ЖӘНЕ ҚТ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР / GRI 3-3, 403-2, 403-9, ТДМ 3.9, 8.8 /

Біз қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласындағы қызметімізді даму қарқынымызды бақылап, әлемде болып жатқан оқиғаларды ескере отырып жоспарлаймыз. Біз белгілі бір жұмыс көлемін орындау кезінде болған оқиғалардың жиілігін адам-сағат көрсеткіші негізінде өлшейміз. Біздің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштеріміз 2019–2024 жылдар аралығын қамтиды, алайда 2024 жылға баса назар аударатырып ұсынылды.


Механикалық фактор жеке бөлініп көрсетілді, себебі 2024 жылдың мамыр айында су тасқыны кезеңінде дамбалар мен қорғаныш дуалдарын салу барысында топырақ үйіп көму бойынша жер қазу жұмыстары жүргізілді. Бұл өз кезегінде топырақ-өсімдік қабатының бұзылуына алып келді. Су тасқыны жыл сайын қайталануы мүмкін болғандықтан, аталған факторға тұрақты түрде бақылау жүргізу қажет.

ҚАТЖ трассасы бойында, Атырау облысының шегінде, Елтай, Ынтымақ, Есбол, Орлик, Көктоғай, Өтешқали Атамбаев, Кенөріс, Ақтоғай, Махамбет, Жалғансай сияқты бірқатар елді мекендер орналасқан. Бұл елді мекендердің тұрғындары ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығымен айналысады. Олардың қызметі пайдаланылатын аумақтағы өсімдік қауымдастықтарының құрылымы мен жай-күйіне әсер етеді: мал жаю, шөп шабу, жер жырту, тыңайтқыш қолдану және т.б. Мал жайылмайтын жерлерде өсімдіктер жамылғысының жай-күйі қанағаттанарлық деп бағаланады.

Барлығы **36** бақылау нүктесі (алаңы) зерттеліп, олардың аумағында **62** туысқа жататын **85** өсімдік түрі тіркелді.

ҚАТЖ трассасы бойында флораға мониторинг жүргізу барысында алдағы уақытта ауыл шаруашылығы факторларының әсеріне ұшырайтын қауымдастықтардағы өсімдіктердің индикаторлық және негізгі түрлерінің түрлік құрамындағы (сандық және сапалық көрсеткіштердегі) өзгерістерді бақылау жоспарлануда.

Трасса бойындағы мониторинг нәтижелері бойынша өсімдіктер жамылғысының бұзылуы тіркелмеді. Құбыр үстіндегі топырақ көптеген учаскелерде жергілікті (аборигендік) өсімдік түрлерімен қайта өскен, ал кейбір жерлерде бұталар, жартылай бұталар және шала бұталар кездеседі, бұл өз кезегінде аталған аумақтың қалпына келіп жатқанын көрсетеді.

Болашақта биоәртүрлілікке мониторинг жүргізу барысында КПО экожүйелердің жеке алынған көліктік, механикалық, ауыл шаруашылық және селитебтік факторлардың, сондай-ақ олардың жиынтық әсерінің ықпалынан қалай өзгеретінін бақылап отырады. Бұл өз кезегінде, қажет болған жағдайда, аймақ экожүйелеріне әртүрлі жер пайдаланушылар қызметінің әсерін азайтуға бағытталған шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әрбір мониторинг алаңынан алынған сынамалар бойынша өсімдіктер құрамындағы ластаушы заттардың мөлшерін анықтау мақсатында зертханалық зерттеулер жүргізілді.

Қазіргі уақытта топырақ пен өсімдіктердегі ластаушы заттардың құрамының өзара байланысы жөнінде нақты қорытынды жасау қиын, себебі статистикалық деректер әлі жеткіліксіз. Топырақ пен өсімдіктердегі ластаушы заттар құрамының динамикасы алдағы уақытта да әр алты жылда бір рет жүргізілетін мониторинг арқылы бақыланып отырады. Бұл өз кезегінде статистикалық деректерді жинауға және ҚАТЖ құбырының экожүйелерге әсер ету немесе әсер етпеу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген фондық зерттеулердің нәтижесінде Атырау облысы бойынша СТКА трассасының флорасына қатысты деректер базасы жасақталды.

2023–2030 жылдарға арналған БСШЖ ҚАТЖ экспорттық құбыр жолының бойында орналасқан аумақ үшін дайындалған. Ол жоспар осы аймақтағы биоәртүрлілікті сақтау бойынша КПО қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды.

Кесте 49. Қарашығанақ-Атырау экспорттық құбыр жолының бойында орналасқан аумаққа 2023–2030 жылдарға арналған БСШЖ кезеңдері.

Кезең	Жұмыс көлемі	Мақсаты
2023	ҚАТЖ-ның Батыс Қазақстан облысында орналасқан бөлігінің бойындағы өсімдікжабын түрлерінің әртүрлілігі мен жағдайына фондық зерттеулер жүргізу	Флораның басым (негізгі) және индикаторлық түрлерін анықтау және олардың жағдайын зерттеу.
2024	Атырау облысында орналасқан ҚАТЖ бөлшегі бойындағы флора күйіне фондық зерттеулер жүргізу	ҚАТЖ құбыры бойымен орналасқан экожүйелерге әсер ету факторларын анықтау
2025	ҚАТЖ-ның Батыс Қазақстан облысында орналасқан бөлігінің бойындағы жануарлар әлемі түрлерінің әртүрлілігіне фондық зерттеулер жүргізу	Фаунаның басым (негізгі) және индикаторлық түрлерін анықтау және олардың популяциясының жағдайын зерттеу.
2026	ҚАТЖ-ның Атырау облысында орналасқан бөлігінің бойындағы жанауарлар әлемі түрлерінің әртүрлілігіне фондық зерттеулер жүргізу	ҚАТЖ құбыры бойымен орналасқан экожүйелерге әсер ету факторларын анықтау.
2027	ҚАТЖ құбыры бойындағы биотүрлілік бойынша географиялық ақпараттық жүйені құру	КПО ГАЖ қорына ҚАТЖ құбыры бойындағы биотүрлілік бойынша деректерді енгізу
2028	ҚАТЖ-ның Батыс Қазақстан облысында орналасқан бөлігінің бойындағы топырақ және өсімдік жамылғысына мониторинг жасау	Жайылымның топырақ пен өсімдік жамылғысының жағдайына әсерін анықтау
2029	ҚАТЖ-ның Атырау облысында орналасқан бөлігінің бойындағы топырақ және өсімдік жамылғысына мониторинг жасау	



Негізгі түрлерді бақылау

Биотүрліліктің жай-күйін бағалау шеңберінде КПО өсімдіктер мен жануарлардың сирек түрлерінің мониторингін үлкен көңіл бөледі. Биотүрлілікті сақтау мәселелерінде белгілі бір түрдің басымдығы халықаралық және жергілікті заңнаманың басымдықтарымен, әсерлерге сезімталдығымен және төзімділігімен және Қоғам қызметінің қоршаған ортаға тигізетін ықтимал теріс әсерінің маңыздылығымен анықталады.

1990 жылдан 2023 жылға дейінгі зерттеу кезеңінде қарастырылған негізгі тірек түрлері kpo.kz сайтында Тұрақты даму/Қоршаған ортаны қорғау/Биотүрлілікті сақтау/Флора мен фаунаның ҚМГКК аумағында тіркелген маңызды түрлері бөлімінде көрсетілген.

Осы түрлердің барлығы Қарашығанақ кен орны аймағынан тыс жерлерде де кездесуі мүмкін. Айта кету керек, бұл түрлердің кен орнында аумағында болуы, болмауы немесе саны аумақтың экологиялық әл-ауқатының тікелей көрсеткіші болып табылмайды. Жеке түрлердің таралуы КПО қызметіне қатысы жоқ жергілікті және ғаламдық себептерге (климаттың өзгеруі, шөлейттену және т.б.) байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл ретте өндірістік қызметті ҚМГКК және іргелес аумақтардың биотүрлілігінің маңызды бөлігі болып табылатын жекелеген түрлердің популяциясына тікелей және жанама әсер етпейтіндей етіп жоспарлау және ұйымдастыру қажет.

2023 және 2024 жылдары Карачағанақ – Атырау экспорттық құбыры (СТКА) трассасы бойында жүргізілген фондық зерттеулер барысында Батыс Қазақстан облысы (БҚО) аумағында ҚР Қызыл

Биотүрліліктің жай-күйін бағалау шеңберінде КПО өсімдіктер мен жануарлардың сирек түрлерінің мониторингін үлкен көңіл бөледі.

кітабына және жойылып кету қаупі төнген түрлер тізіміне енгізілген флораның бес түрі, ал Атырау облысы (АО) аумағында бір түрі тіркелді.

БҚО шекарасында:

- Анджевскийдің қалампыргүлі (*Dianthus andrzejowski*);
- Биберштейн қызғалдағы (*Tulipa biebersteiniana*);
- Шренк қызғалдағы (*Tulipa shrenkii*);
- Фишер құсқұттігені (*Ornithogalum fischeranum*);
- Ақ су лалагүлі (*Nymphaea alba*).

АҚ шекарасында:

- Шренк қызғалдағы (*Tulipa shrenkii*)

Негізгі/басым түрлер санатына берілген аумақ үшін зерттеуі мен қорғауы аса маңызды болып табылатын түрлер кіреді. Ең алдымен, бұған Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына, Халықаралық табиғатты қорғау одағының қызыл тізіміне енгізілген түрлер, сондай-ақ белгілі бір аумақта сирек кездесетін немесе сирек кездесетін түрлер жатады. Бұл түрлер мекендеу ортасының жағдайларындағы өзгерістерге тез жауап беретін ең әлсіз түрлер болып келеді де, осылайша индикаторлық қасиеттерін көрсетеді. Осыған байланысты негізгі түрлерді бақылау қажет.

ТӘЖІРИБЕДЕН МЫСАЛ:

Мұнай төгілулерін жою әдістерінің жалпы экологиялық пайдасын талдау

Мәселенің қысқаша сипаттамасы:

Көмірсутектерді өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау жөніндегі операциялар барысында әрқашан өндірістің берілген сипаттамаларының бұзылуына байланысты жағдайлардың туындау қатері бар. Мұнай-газ кен орындарын қалыпты пайдаланудан ерекшеленетін жағдайларға қарсы әрекет етуге дайындық элементтерінің бірі - кез келген төтенше жағдайлардың алдын алуға да, жоюға да бағытталған іс-әрекеттерді алдын ала жоспарлау жүйесін әзірлеу.

КПО-ның кен орны және экспорттық құбырларының Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының аумақтарында орналасқан әртүрлі ішкі су айдындарымен қиылыстары бар екенін ескере отырып, компания мұнай төгілулерін жою жоспарларын әзірлеу және қолдау арқылы осы құбырларда апат болған жағдайда қабылданатын әрекеттерді мұқият жоспарлайды.

Мұнай төгілулерін жоюға әзірлікті жоспарлау элементтерінің бірі - жалпы экологиялық пайданы талдау (бұдан әрі - ЖЭПТ) негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін алдын ала таңдау және бағалау.

Қазіргі уақытта ҚР-да талаптары ЖЭПТ-ды таңдау, келісу және шешім қабылдау тәртібін айқындауға бағытталған бірқатар заңға тәуелді актілер енгізілді.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа ала отырып және өндірістік қызметтің экологиялық менеджмент сапасын үнемі жақсарту тәжірибесін ескере отырып, 2024 жылы КПО зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен бекітілген «Мұнай өндіру және КПО кәсіпшілік құбырларының оңтайлы тиімділігін талдау негізіндегі экологиялық талдаудың негізгі әдістері» туралы есеп ретінде рәсімделді. Жоғарыда көрсетілген есеп КПО-ғы мұнай төгілулерін жою жоспарының бір бөлігі болып табылады.

Мақсаты:

Әлемнің түрлі елдеріндегі талдауға енгізілетін мәселелер қатары айтарлықтай ерекшеленеді. Қазақстанда бұл мәселелер 02.09.2021 жылғы №353 «Жалпы экологиялық пайданы талдау негізінде теңізде, ішкі су айдындарында және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнай төгілулерін жоюдың оңтайлы әдістерін анықтау, келісу және таңдау туралы шешім қабылдау» қағидаларымен реттеледі.

ЖЭПТ мұнай өнімдерінің апаттық төгілуі кезіндегі әрекеттерді жоспарлау кезінде, сондай-ақ ЖЭПТ қалыптасқан жағдайларды дұрыс түсінуді қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын жою операциясы барысында қолданылады. Мұнай өнімдерінің апаттық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін алдын ала таңдау кезінде әр әдістің қоршаған орта компоненттеріне әсерін ескере отырып, әр түрлі сценарийлер үшін ЛАРН әдістерін жан-жақты зерттеуді қамтамасыз етуге болады.



Шешімдері / қолға алынған шаралар:

Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мұнай-газ өндіруші компаниялардың халықаралық қауымдастығы ықтимал мұнайдың төгілуі сценарийлерінің кең ауқымы мен ауқымының, экологиялық сезімтал аймақтар мен әлеуметтік-экономикалық объектілердің құндылығы туралы алуан түрлі түсініктердің, сондай-ақ мұнай төгілулерін жою орнында нақты жағдайлардың болуына байланысты, барлық жағдайларда жарамды және сөзсіз қолайлы болатын бірыңғай құралдың немесе ЖЭПТ әдіснамасының жоқтығын атап өтеді.

ЖЭПТ процесі тараптардың мұнай төгілулерін жою әдістерінің қолайлы комбинацияларын салыстыра таңдай алуы үшін қоршаған ортаға ықтимал әсерді жеткілікті бағалауды қамтамасыз етеді.

Су айдындарына мұнай өнімдерінің төгілуі әртүрлі табиғи және технологиялық факторлардың салдарынан болуына байланысты, ЖЭПТ есебінде ең нашар ықтимал сценарий ретінде барлық қиылысу учаскелері үшін құбырдың толық көлденең үзілуі қарастырылады.

Нәтижелер:

БҚО және Атырау облысының аумақтарында орналасқан әртүрлі ішкі су айдындарымен кенішілік құбырлар мен ҚАТЖ экспорттық құбыр желісі қиылысатын учаскелерде мұнай өнімдерінің апаттық төгілу жағдайлары туындаған кезде қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша азайту мақсатында ЖЭПТ есебінде мұнайдың апаттық төгілуінің теріс әсеріне ұшырайтын табиғи орта, флора және фауна, ЛАРН әдістерінің мүмкіндіктері мен шектеулері туралы ақпаратты бағалау жүргізілді.

Есепте су айдындарының қиылысу учаскелерінде мұнай мен конденсаттың апаттық төгілуінің 8 сценарийі көрсетілген: ҚАТЖ бойынша - Жайық, Барбастау және Құрсай өзендері арқылы өтетін 3 участка, кенішілік құбырлар бойынша - Березовка өзендері арқылы өтетін 1 участка және КПО-ның аумақтық, климаттық және өзге де жағдайларын ескере отырып, салдарды жұмсарту көрсеткіштері бар ЛАРН оңтайлы әдістерін таңдау үшін матрицалар әзірленді.

Есеп мұнай өнімдерінің төгілуін жоюдың белгілі бір әдістерін қолдану шараларының аймақтарын, сондай-ақ осы әдістерді қолдану уақыты мен кезеңін анықтайды. Әрбір төгілу сценарийі үшін анықталған оңтайлы әдістермен жедел шаралардың өзіндік тұжырымдамасы бағаланды.

ЖЭПТ мемлекеттік бақылаушы органымен – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитетімен келісілген.

Егер КПО ПЛАРН-да көзделген мұнай өнімдерінің төгілу жағдайлары мен сценарийлері нақты мұнай өнімдерінің төгілу жағдайларымен сәйкес келмесе, онда химиялық құралдарды қолдануға немесе мұнай дағының бақыланған жағылуының рұқсат етілуі туралы шешім ЖЭПТ негізінде ҚОҚ саласындағы уәкілетті орган тарапынан шұғыл қаралады.

*Басқалардың қамын
ойлау – өзімізге
қамқорлық тасу*



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

- 138** Мемлекетке төленетін төлемдер
- 140** Жеткізілімдерді ұйымдастыру
- 142** Жергілікті қамтуды дамыту
- 146** Әлеуметтік инфрақұрылымға қосылатын үлес
- 148** Электр қуатын жеткізу



/ GRI 2-23 /

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:
Жергілікті қауымдастықтар

Біз өз қызметімізді жүзеге асыратын аумақтағы аудан тұрғындарының жалпы әл-ауқатын жақсартуға тікелей немесе жанама үлесімізді арттыра отырып, тату көршілік қарым-қатынасты құрудамыз.

Біз билік өкілдерімен, акционерлермен, бизнес серіктестермен және жұмыс орнымыздағы жергілікті қоғаммен тиімді, нәтижелі, бірлескен және сенімді қарым-қатынас құрамыз.

ІСКЕРЛІК ҚАҒИДА:
Экономика

Біз қолданыстағы бәсекелестік туралы заңнама шеңберінде әділ және әдепті бәсекелестікке ұмтыламыз.

2024

**ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

385

мердігер мен жеткізуші

1

млрд АҚШ доллары көлеміндегі келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшалар жасалды

**ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР
МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП
АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ
ҮЛЕСІ:**

65%

немесе

679,7

млн АҚШ доллары

**МЕМЛЕКЕТКЕ ЖАСАЛҒАН
ТӨЛЕМДЕР**

2,459

млрд АҚШ доллары

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ
ЖОБАЛАР**

Батыс Қазақстан облысында

4 жоба жүзеге асырылды

Жалпы

8,8

млн АҚШ доллары инвестицияланды

**БҚО-ҒА ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ**

217,7

млн кВт/сағ

МЕМЛЕКЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН ТӨЛЕМДЕР

/ GRI 207-1, 207-2, 207-3, ТДМ 8.1, 10.4 /

ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҚ БАСТАМАСЫ

КПО компаниясы Оператор ретінде өз өндірістік қызметтерін Қарашығанақ жобасының акционерлері мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған Өнімді бөлу туралы қорытынды келісімнің (бұдан әрі – ӨБҚК) шарттарына сәйкес жүзеге асырады. / GRI 2-1 /

Филиалдың қаржыландырылуын акционерлер қамтамасыз етеді, және ӨБҚК-ге сәйкес қаражатты пайдалану жөніндегі акционерлердің бекітілген құқығын ескеріп, КПО салған немесе сатып алған барлық негізгі құралдар есептен шығарылмайды, тозбайды және амортизацияланбайды. ӨБҚК қарыз немесе капитал бойынша капиталдандыруды қарастырмайды. Осыған байланысты, КПО қаржылық есебінде сату көлемдері мен қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелері қамтылмайды. КПО қызметінен түскен табыс Қазақстан Республикасының Үкіметі мен акционерлер арасында бөлініп, олар қаржылық қызмет туралы мәліметтерді, соның ішінде кіріс, таза сатылым, капиталдандыру және басқа да ақпаратты өз қаржылық есептерінде жариялайды. / GRI 2-6, 201-1 /

КПО компаниясының салық режимі Өнімді бөлу туралы келісіммен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасымен реттеледі. ӨБҚК-нің 19-бабының шарттарына сәйкес, жоғарыда аталған келісім бойынша ағымдағы қызмет үшін Қазақстанда корпоративтік табыс салығы төленбейді. Корпоративтік табыс салығы КПО-ның құрушы компаниялары немесе акционерлері үшін міндетті және оны олар өз қаржы есептерінде жариялайды. / GRI 207-4 /

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында өндіруші салалардың ашықтық бастамасын іске асыру жөніндегі ұлттық есептерде КПО елдің мемлекеттік бюджетіне түсетін барлық салық түсімдерінің айтарлықтай бөлігін қамтамасыз еткен екінші ірі салық төлеуші ретінде танылды.

КПО сыйластық және ашықтық қағидаттарына сүйене отырып, ҚР салық органдарымен ашық диалог құруға және ынтымақтастық орнатуға ұмтылып келеді. Бұл бизнесті дамытуға, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік саласын

КПО ҚР-ның салық салу саласындағы заңнамасын қатаң ұстанып, салықтық қатынастарын мұнай-газ және тау-кен саласындағы кірістер мен есеп берудің ашықтығын қамтамасыз ететін өндіруші салалардың ашықтық бастамасы бойынша әлемдік стандартына сай жүргізіп келеді.

жақсартуға қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал етеді. Салықтық жеңілдіктер берілген және салықтан босатылған жағдайда КПО олардың ашықтығын және заңнамаға сәйкестігін көрсетуге тырысады.

Іс жүзінде КПО-ның салық стратегиясы салықтарды дұрыс есептеп, қосарланған салық салу қатерін азайтып, салық органдарымен қандай да бір даулардың алдын алуға бағытталған. Осыған байланысты, Компанияның басты қағидаттарының бірі – салықтық міндеттемелерді уақытылы төлеу және тиісті органдарға заң бойынша талап етілетін немесе тиесілі салықтарды дұрыс анықтауға қажет барлық ақпаратты уақытылы ұсыну.

Қазақстан Республикасындағы салықтық тәуекелдерді басқару жүйесіне (ТБЖ) сәйкес салықтық тексерулерді жоспарлау және ұйымдастыру кезінде салық органдарының деректері бойынша, КПО-ға 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерді ықтимал орындамау тәуекелі төмен деңгейде, ал екінші жартыжылдығында – орташа деңгейде белгіленген.

ТБЖ-ны пайдаланып ҚҚС-ты қайтарудың жаңа ережелеріне сәйкес, КПО үшін тәуекелдің орташа дәрежесі ҚҚС-ты қайтару сомасына әсер етуі мүмкін, себебі салық төлеушінің тәуекел деңгейін анықтау критерийлері (төмен/орта/жоғары) көп жағдайда ҚҚС-тың асып кеткен сомасын қайтару сенімділігін растау үшін қолданылатын тәуекел деңгейінің критерийлеріне ұқсас.

ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҚ БАСТАМАСЫ

КПО Қазақстан Республикасының (ҚР) табиғи ресурстарын басқару барысында кірістердің және құн қалыптастырудың толық тізбегінің айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтық бастамасын (ӨСАБ) қолдайды.

2024 жылы ӨСАБ толтыру талаптарына сәйкес, КПО ҚР бюджетіне (SAP ішкі бухгалтерлік есеп жүйесі бойынша) 2,459 миллиард АҚШ доллары көлемінде салық және төлемдерді аударды. Бұл деректер Өндіруші салалардың 2024 жылғы ашықтығы бастамасы бойынша Ұлттық есепте берілуі тиіс.

КПО компаниясы салық міндеттемелері бойынша ӨСАБ есептерін ҚР-ның құзыретті органдарына 2014 жылдан бері өз бетімен ұсынып келеді. 54-кестеде КПО-ның 2014 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі төлемдері туралы деректер берілген.

КПО компаниясының ҚР мемлекеттік бюджетіне төлеген салықтары жөніндегі мәліметтер <http://egsu.energo.gov.kz> сілтемесі бойынша «ҚР мұнай-газ және тау-кен өндіру секторларының төлеушілердің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есептеме» бөлімінде баршаға қолжетімді етіліп жарияланған.

Кесте 54. КПО төлеген салықтар мен міндетті төлемдер, 2014–2024 жж. (АҚШ доллары)

2014	2015	2016	2017*	2018	2019	2020**	2021	2022	2023	2024
2,1 млрд	1,2 млрд	0,369 млрд	0,746 млрд	1,9 млрд	1,6 млрд	0,971 млрд	1,6 млрд	3 млрд	2,156 млрд	2,459 млрд

Ескертпе:

* 2017 жылғы тұрақты даму туралы есепте жарияланған 897 млн сомдағы сәйкессіздік төлеуші мен алушының деректерін салыстырып тексеруден кейінгі кезеңде қайтару сомасының көрсетілуімен түсіндіріледі.

** 2020 жылдан бастап Қазақстандық теңгені АҚШ долларына айырбастаған кезде КПО есепті кезең соңындағы ҚР ҰБ бағамы бойынша емес, SAP бухгалтерлік есептің ішкі жүйесіне сәйкес төлем сәтіндегі бағам бойынша есептеуді орындайды.



КПО салық бөлімінің ұжымы

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

КПО-ның сатып алу процесі нарықтық бәсекенің шектеулігі, инфляция, құбылмалы айырбас бағамы, шикізат бағасының өсуі, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің жекелеген санаттарын жеткізудің балама көздерін іздеу секілді экономикалық тәуекелдермен байланысты. Тәуекелдерді барынша азайту мақсатында КПО нарықтық бәсекелестікті қамтамасыз ету, шарттық талаптардағы ықтимал экономикалық ауытқулардың орнын толтыратын және бұдан әрі сипатталған басқа да КПО мүдделерін қорғауға бағытталған түрлі тетіктерді қолдану арқылы техникалық тапсырмалар мен тендерлік талаптарды барынша ұтымды әрі ашық түрде әзірлеуге тырысады.



Дос Сантос Сильвестр Карлос Антонио
КПО жеткізілімдерді ұйымдастыру директоры

ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ / GRI 204-1 /

Қарашығанақ кен орнын игеру Қазақстан үшін тек мұнай мен газ өндірісінен түсетін табыс пен салық қана емес, оның елге берері одан да көп. Бұл – оң әсерін тигізетін және аймақтың экономикалық дамуына ықпал ететін ұзақ мерзімді әрі тұрақты серіктестік қатынастар қалыптастыру.


Жергілікті жеткізушілермен және мердігерлермен бірлесе жұмыс істеп, Компания өңірдің және Қазақстанның жалпы экономикалық дамуына айтарлықтай қолдау көрсетеді.

2024 жылы 385 мердігер мен жеткізушімен келісімшарттар және қосымша келісімдер жасалды, олардың шамамен 89%-ын жергілікті компаниялар құрады.


2024 жылы КПО тауарларды жеткізуге 0,21 млрд АҚШ долларына жуық сомаға 220 келісімшарт пен оларға қосымшалар жасасып, қызмет көрсетуге шамамен 0,83 млрд АҚШ долларынан астам сомаға 509 келісімшарт пен олардың қосымшаларына қол қойды.

Осы орайда, КПО өз жұмыстарына бизнесті жүргізуде жоғары стандарттарды ұстанатын, қызметтерін немесе тауарларын ұсынғанда өз персоналы мен активтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгіленген этика, нормативтік-құқықтық сәйкестік және тұрақты даму стандарттарын сақтайтын жеткізушілер мен мердігерлерді тартуға баса назар аударады.

Сызба 28. 2021–2024 жж. КПО жеткізушілері және мердігерлері



Сызба 29. 2021–2024 жж. келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшалар құны (млн АҚШ доллары)



КПО өз қызметінде Іскерлік [тәртіп кодексінде](#) белгіленген бизнес-этика қағидаттарын, сондай-ақ барлық тиісті заңнамалық талаптар мен нормативтік ережелерді ұстанады. Осы орайда, КПО өз жұмыстарына бизнесті жүргізуде жоғары стандарттарды ұстанатын, қызметтерін немесе тауарларын ұсынғанда өз персоналы мен активтерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгіленген этика, нормативтік-құқықтық сәйкестік және тұрақты даму стандарттарын сақтайтын жеткізушілер мен мердігерлерді тартуға баса назар аударады. Келісімшарт жасаудың және сатып алудың әр кезеңінде, сондай-ақ келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін жоғарыда көрсетілген негізгі қағидаттарға сәйкестік қадағаланып отырады.

/ GRI 414-1 /

КПО-мен келісімшарт жасасуға қойылатын стандартты талаптар этика мен іскерлік тәжірибеге, жемқорлыққа қарсы күреске және мүдделер қақтығысына қатысты бірқатар ережелерді қамтиды. 2022 жылдан бастап мердігерлердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және өз жұмыскерлері үшін тұрақты әлеуметтік ортаны қамтамасыз ету мақсатында КПО мен мердігерлер арасындағы өндірістік қатынастарға қатысты арнайы ережелер қолданылады. Бұл туралы толығырақ «Өндірістік қатынастар» бөлімінде оқи аласыз.

КПО келісімшарттарының жалпы шарттарын ҚР заңнамасының соңғы өзгертулері мен КПО

талаптарын ескере отырып, үнемі жаңартылып отырады.

Келісімшарттарға қатысты жұмыстар мен сатып алулар заңнамаға және Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің тендерлік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл құжат Қарашығанақ жобасын жүзеге асыру аясында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру процесін реттейді.

Цифрлық құралдар келісімшарт жұмыстарында белсенді қолданылады. Тендер өткізу ережелеріне сәйкес, 2020 жылдан бастап КПО электронды тендер өтінімдерді қабылдайды, бұл тендер процестерді едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тендер өткізу ережелері ерте тендерлер, сынама тапсырыстар, инвестициялар үшін келісімшарттар, мөлшерлемелерді шартты түрде төмендету және қазақстандық тендерлерді өткізу арқылы жергілікті қамтуды дамытуға және Қазақстан Республикасында тауарларды өндіруді қамтамасыз етуге бағытталған. 2023 жылдың соңында КПО электрондық сатып алу жүйесін жеткізуге, енгізуді қолдауға, сервистерді іске қосуға және оларға қызмет көрсетуге сәтті келісімшарт жасасты. Бұл КПО-ның сатып алу процесін цифрландыруға және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа жүйені енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

ӘЛЕУЕТТІ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН БАЙЛАНЫС / GRI 2-29, 3-3 /

КПО әлеуетті жеткізушілермен өзара әрекеттесудің әртүрлі мүмкіндіктерін пайдаланып, жергілікті компанияларға қойылатын талаптарға қатысты түсініктемелер береді.

Жергілікті әлеуетті мердігерлер мен жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және олардың тендерден шығып қалу қаупін азайту мақсатында КПО конкурс алдындағы өзара әрекеттесу сессияларын өткізеді, аталмыш сессиялар барысында конкурсқа қатысушылар КПО-ның тендерлік талаптары бойынша нақты түсініктемелермен қатар, жиналған практикалық тәжірибе туралы ақпарат алады.

Жергілікті өндірушілердің жеке дамуы және тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің әлемдік деңгейде танылған жеткізушілермен ынтымақтастығы да ынталандырылады. Қызметінің ашықтығын көрсете отырып, КПО жыл сайын сатып алу жоспарларын www.kpo.kz [веб-сайтында](#) жариялайды.

КПО тендерлеріне қатысуға қызығушылық танытушы әлеуетті жеткізушілерге [КПО жеткізушілерінің дерекқорына тіркеліп](#), өздері туралы ақпаратты

үнемі жаңартып отыру (толығырақ КПО веб-сайтында жарияланған) немесе жеткізушілердің «АЛАШ» бірыңғай мәліметтер базасында тікелей тіркелу ұсынылады. Тендерге рұқсат алу үшін әлеуетті қатысушылар КПО жеткізушілерді іздеу кезінде ескерілетін материалдық-техникалық базасы және тиісті тәжірибесі туралы дұрыс әрі шынайы ақпарат ұсынуы керек.

КПО веб сайтында <https://cp.kpo.kz/> сілтеме арқылы КПО-ның жауапты бөліміне жіберілетін тиісті тақырыпқа сұрақ қоюға болады. Бұл парақшада «Жиі қойылатын сұрақтарға» жауаптар берілген қосымша бет бар.

КПО компаниясы «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы, «KazService» қауымдастығы, ІМВ орталығы және мұнай-газ саласындағы басқа да ұйымдар немесе қауымдастықтар өткізетін іс-шараларға белсенді қатысады. Жергілікті қамту бойынша межелеген көрсеткіштерге қол жеткізу КПО-ның Қазақстан Республикасы алдындағы басты міндеттемесі болып табылады.

Біз үшін бұл неге маңызды? / GRI 3-3 /

Компания Қазақстан Республикасының отандық жеткізушілерді дамытуға бағытталған бастамаларын толығымен қолдайды және Қарашығанақ жобасын жүзеге асыруға жергілікті тауар өндірушілерді көбірек тартудың маңыздылығын түсінеді. Осы мақсатта КПО отандық компаниялардың қатысуын жеңілдету үшін сатып алу процесі механизмін енгізді. Алайда Компания үшін де, ҚР Өкілетті органы мен жергілікті өндірушілер үшін де Қазақстан Республикасындағы шикізат нарығы шектеулі болғандықтан Қазақстанда өндірілген тауарлардың сапасымен және де тауарлардың өзіндік құнының қымбаттауымен байланысты қатерлер бар, сонымен қатар салық салу жүйесі мен халықаралық стандарттар бойынша сертификаттау талаптарының өзгеріп тұруына қатысты қатерлер бар.



Мухтар Манкеев
КПО Бас директорының орынбасары

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

/ GRI 203-2, ТДМ 8.1, 8.3, 9.2, 9.3, 17.7, 17.17 /

Қарашығанақ кен орнын игеру басталғаннан бері КПО компаниясы қазақстандық тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді тарту арқылы Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесін арттыру бағытында белсенді жұмыс істеуде, бұл отандық тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің (ТЖҚ) үлесін ұлғайту және импорт көлемін азайту арқылы жоба үшін сатып алынатын жалпы ТЖҚ көлеміндегі жергілікті өндірістің үлесін арттыруды көздейді.


Қарашығанақ жобасы аясындағы 2024–2029 жылдарға арналған КПО-ның тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы 2024 жылдың желтоқсанында ББК 14/2024 қарарымен әзірленіп, бекітілді. Бағдарлама мақсаты ҚР мемлекетінің машина жасау, индустрияландыру мен цифрландыру бағытындағы бастамаларымен және КПО-ның жергілікті қамту саласындағы

корпоративтік саясатына сәйкес келеді. Бұл бағдарлама жергілікті қамтуды дамытуға қатысты мақсаттар мен міндеттерді, сонымен қатар қызметті тиімді бақылауға мен бағалауға арналған негізгі көрсеткіштерді айқындайды. / GRI 2-29, 3-3 /

2024 жылы КПО-ның жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған бастамаларының арқасында келесі нәтижелерге қол жеткізілді: / GRI 204-1 /

- Қарашығанақ жобасындағы тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетудегі жергілікті қамтудың үлесі 2024 жылы 65,00% құрады (679,7 млн АҚШ долларына тең), бұл жоспарланған 62%-дан 2%-ға жоғары.
- 88,3 млн АҚШ долларына қазақстандық өнімдер сатып алынды, бұл барлық сатып алынған көлемнің 42,3%-ын құрайды (оның ішінде жергілікті қамту үлесі «СТ-KZ¹³ сертификаты бойынша 18,2% құрайды).

Сызба 30. КПО сатып алуларының жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесі, 2014–2024 жылдар / GRI 204-1 /



¹³ Тауардың Қазақстан аумағында өндірілгенін немесе қайта өңделгенін растайтын сертификат. Бұл сертификат Қазақстан аумағындағы пайдалануға арналған, мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың немесе мемлекеттік сатып алуларға қатысу кезінде.

1997 жылы ӨБТК-ге қол қойылған сәттен бастап 2024 жылдың соңына дейін Қарашығанақ жобасы аясында тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың жиынтық үлесі 10,80 млрд АҚШ долларынан асты. / GRI 204-1 /

Компания Қазақстанда өндірілген тауарларды сатып алуда жергілікті қамту үлесін арттыруға ерекше көңіл бөледі.

2024 жылы Қазақстанда Қарашығанақ жобасының қажеттіліктері үшін Қазақстан Республикасында келесі тауар түрлерін өндіруге 33 миллион АҚШ долларынан астам сомаға құрайтын 9 келісімшартқа қол қойылды: электр жабдықтары (электр тарату қалқаны), клапандар, контейнерлер, жылу алмастырғыштар, стандартты емес өнімдер, тығыздағыштар (қосалқы бөлшектер), өлшеу құралдары, жеке қорғану құралдары, бетон тақталар және т.б.

Компания Қазақстанда өндірілген тауарларды сатып алуда жергілікті қамту үлесін арттыруға ерекше көңіл бөледі.

«Қазақстандық тендерлер» өткізу жергілікті өндірушілер мен жабдықтаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. 2024 жылы КПО жалпы сомасы 36,9 млн АҚШ долларын құрайтын 10 «Қазақстандық тендерді» тек жергілікті компаниялар арасында өткізді. Нәтижесінде КПО жалпы сомасы 340 мың АҚШ долларын құрайтын бір келісімшарт жасасты. Басқа «Қазақстандық тендерлер» бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кесте 51. 2021–2024 жылдары КПО өткізген «Қазақстандық тендерлер».

Кезең	Өткізілген тендерлер		Жасалған келісімшарттар	
	Тендерлер саны	Өтінім сомасы, млн АҚШ доллары	Саны	Келісімшарттың жалпы сомасы, млн АҚШ
2021	12	50,2	11	22,2
2022	10	383,8	7	65,4
2023	7	60,5	2	8,2
2024	10	36,9	1	0,34

КПО орналасқан аймағы – Батыс Қазақстан облысында (БҚО) жергілікті жеткізушілердің тұрақты дамуын нығайту шеңберінде, 2024 жылдың нәтижесі бойынша КПО БҚО кәсіпорындарына тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсеткені үшін 539,84 млн АҚШ доллары көлемінде төлем жасады, оның ішінде жергілікті қамту үлесі 377,26 млн АҚШ долларын немесе 69,88% құрады.

Сонымен қатар, КПО жергілікті бизнестің бәсекеге қабілеттілігін дамыту және арттыру мақсатында БҚО кәсіпорындарын, соның ішінде машина жасау секторының өкілдерін, нарықты зерттеу жұмыстарына және тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тендерлеріне, сондай-ақ Компания өткізетін түрлі іс-шараларға қатысуға тұрақты түрде шақырып тұрады. Төменде 2024 жылғы нәтижелер келтірілген.

Кесте 52. БҚО-ға тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу бойынша КПО жергілікті қамту үлесі, 2024 ж.

Сипаттамасы	Келісімдер саны	Мердігерлер саны	Шығындар, млн. АҚШ	Жергілікті қамту үлесі, %	Жергілікті қамту үлесі, млн. АҚШ
Тауарлар	92	47	55,04	10,35%	5,70
Жұмыстар	39	24	309,97	65,66%	203,52
Қызметтер	196	105	174,83	96,12%	168,04
БАРЛЫҒЫ	327	176	539,84	69,88%	377,26

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСТАМАЛАР / GRI 2-28 /

КПО компаниясы Қазақстандағы мұнай-газ саласына арналған тауарлар өндірісін дамытуға жәрдемдесу мақсатында құрылған мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған Халықаралық орталығымен (IMBC) белсенді ынтымақтасады. Бұл тұрғыда IMBC ірі мұнай-газ Операторлары мен Қазақстан Республикасының машина жасау саласының кәсіпорындары арасындағы байланыстырушысы ретінде әрекет етеді.

IMBC-тің негізгі міндеті Қазақстандағы мұнай-газ саласына арналған тауарлар өндірісінің тұрақты дамуына жәрдемдесу және Операторлардың сатып алу үдерісіндегі жергілікті қамту деңгейін арттыру болып табылады.

IMBC негізгі қызметі – отандық өндірушілерге талдау жүргізу, болжау, шешімдер ұсыну және техникалық қолдау көрсету. Осыған байланысты, отандық компаниялардың әлеуетін арттыру мақсатында IMBC дамыту жоспарларын әзірлейді. Бұдан бөлек, IMBC Қазақстанда мұнай-газ жабдықтарын өндіруді жергіліктендіруге қызығушылық танытқан Операторлар мен инвесторлар арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Мұндай инвестициялық жобаларды қолдау үшін орталық түрлі қаржы институттарымен және мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істейді. Инвесторлармен бірлесе отырып, IMBC жергіліктендіру жоспарларын әзірлеп, оларды қарастыру үшін Операторларға ұсынады. Бұл өз кезегінде алдыңғы қатарлы халықаралық мұнай-газ жабдығын өндірушілерден технологияларды тартуға жол ашады.

2021 жылдан бастап, үш жыл ішінде IMBC А, В, С тауар топтары бойынша отандық өндірушілермен бірлесіп, олардың өндірістік әлеуетін дамыту бағытында жұмысын жалғастырып келеді. Атап айтқанда: клапандар, электр құрылғылары мен аспаптар, құбыр арматуралары, сорғылар мен тығыздағыштар, желдету және технологиялық сүзу жүйелері, оқшаулағыш материалдар, химиялық заттар, АСЖБ жабдықтары, ЖҚҚ және басқа да өнімдер бойынша. Қазіргі таңда IMBC 14 жергілікті өндірушімен әлеуетті дамыту жоспарлары (АДЖ) шеңберінде ынтымақтасуда. КПО жеткізушілерді алдын ала іріктеу және тендер өткізу барысында іске асырылған АДЖ нәтижелерін ескереді. Сонымен қатар, IMBC өз қызметін Қазақстан Республикасында жергіліктендіруге мүдделі компаниялармен келіссөздер жүргізуде және олардың қажеттіліктерін талдау мен болашақта ескерілуі үшін КПО компаниясына 23 инвестициялық шешім ұсынды.

2024 жылғы маусымда Операторлар D тауар тобына жататын келесі санаттарды айқындады: компрессорлар, жетектер, болат және металдан жасалған бұйымдар, шеберхана жабдықтары мен қол құралдары.

КПО компанияларды өз тендерлеріне белсенді қатысуға тартады. 2024 жылы IMBC-пен ынтымақтастық аясында 5 келісімшартқа қол қойылды, оның ішінде тарату және кабельдік жәшіктерге арналған сынама тапсырысы, клапандар, өлшеу құралдары, электр техникалық материалдар мен жарылысқа төзімді материалдарды қоса алғанда, бар жабдықтарға арналған қосалқы бөлшектерді жеткізу бойынша шарттар бар.

2024 жылы Операторлар IMBC-тің өкілеттіктерін кеңейтуге келісті. Жаңа өкілеттіктер құрамына жаңа мүшелерді қабылдауды көздейді, бұл IMBC қызметіне жалпы оң әсерін тигізеді.

КПО келесі бірлескен іс-шараларға белсенді қатысады және негізгі рөл атқарады:

- IMBC форумы – 2024 жылы 10 шілде, Атырау
- Ашық есік күндері – 2024 жылы 10–12 шілде, Атырау (23 Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды)
- IMBC семинары – А тауар тобы бойынша (Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ) – 2024 жылы 2 қазан, Атырау
- IMBC семинары – В тауар тобы бойынша КПО қатысуымен – 2024 жылы 12 желтоқсан, Атырау

Түпнұсқа жабдықты жергіліктендіру (ОЕМ) бастамасы 2019 жылы енгізгелі бері КПО 16 жергіліктендіру жол картасына қол қойып, жалпы құны 4 821,6 млн АҚШ долларынан асатын 68 келісімшарт жасасты. Нәтижесінде, 2024 жылы Қазақстан Республикасында өндірілген жоғары технологиялық ОЕМ тауарларын жеткізу кезінде келісімшартпен міндеттелген жергілікті қамту үлесінен асып түсті:

- Honeywell жеке газ талдағыш Жергіліктендіру деңгейі: 56,6% (міндетті 15% орнына)
- Қашықтан басқарылатын телеметриялық блок. Жергіліктендіру деңгейі: 51,8% (міндетті 15% орнына)
- Ұңғыма жабдығын басқару панелі Жергіліктендіру деңгейі: 30,9% (міндетті 14% орнына)

КПО жол карталарын жүзеге асыруын жалғастырады, оның аясында қосымша инвестициялар тарту көзделген.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

/ GRI 2.28, ТДМ 17.16, 17.17 /

КПО қызметінде жергілікті компаниялар маңызды рөл атқаратындықтан, жергілікті қамтуды дамыту тобы техникалық мәселелер бойынша сегіз вебинар сериясын онлайн форматта өткізуді бастамалады. Бұл бірлескен бастамалар КПО-ның техникалық мамандары, келісімшарт жұмыстары мен сатып алулар бөлімі, сондай-ақ ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бөлімдерінің қатысуымен жүзеге асырылып, Компания мен жергілікті жеткізушілер қауымдастығы арасындағы алшақтықты қысқартуға бағыттады.

Білім тарату алаңы ретінде маңызды рөл атқарған вебинарлар барысында Компанияның жергілікті қамтуды дамыту стратегиясының негізгі аспектілеріне, сатып алу рәсімдеріне және келесі тауар түрлеріне қойылатын техникалық талаптарға ерекше назар аударылды: химиялық заттар, клапандар, тиеу-түсіру және өртке қарсы жабдықтар, АСЖБ жүйелері, май сүзгілері, оқшаулағыш материалдар, құбыр өнімдері және электр жабдықтары.

Интерактивті таныстырылымдар мен қызықты «сұрақ-жауап» сессиялары форматында өткізілген вебинарлар жергілікті жеткізушілерге Компания тендерлеріне табысты қатысуға және жергілікті қамтуды дамыту бастамаларына елеулі үлес қосуға қажетті білім мен практикалық құралдарды алуға мүмкіндік берді.

Жыл бойы өткізілген бұл онлайн іс-шаралар өзара ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға, Компания мен жергілікті ұйымдар арасындағы қатынастарды нығайтуға және, соның нәтижесінде, Компанияның жергілікті қамту саласындағы өршіл мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етті. Вебинарларға жергілікті өндірушілер мен өндірісті Қазақстанда жергіліктендіруге қызығушылық білдірген немесе оны жүзеге асыруды жоспарлап отырған шетелдік компаниялардың 150-ден астам өкілі қатысты.



КПО әлеуметтік жобалар бөлімінің ұжымы

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ҚОСЫЛАТЫН ҮЛЕС / GRI 203-1, ТДМ 9.1, 17.17 /

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (5-қосымша) шарттарына сәйкес, КПО жыл сайын Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып келеді.

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар тізімі жыл сайын КПО және БҚО әкімдігі арасында келісіледі. БҚО әкімдігі бұл тізімді мемлекеттік басымдықтарды және облыс инфрақұрылымын, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін, сонымен қатар өңірдегі спорт инфрақұрылымын дамыту қажеттіліктерін ескере отырып дайындайды. Әрі қарай бұл тізімді КПО-ның басқару жөніндегі бірлескен комитеті бекітеді.

Мақұлданған күннен бастап, КПО жобаны сатып алу процесін қоса алғанда, толықтай аяқталып, Қазақстан Республикасының теңгеріміне өткізгенге дейін оны басқарады. Егер жобаларды жыл аяғына дейін толық орындау мүмкін болмаса, игерілмеген қаржы келесі күнтізбелік жылға қалады. Барлық әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды Қазақстандық мердігерлер орындайды. / GRI 3-3 /

2024 жылы Тасқала ауданының Тасқала ауылында және Қазталов ауданының Қазталовка ауылында 320 орындық екі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің (ДШСК) құрылысы аяқталды. Бұл кешендердің құрылысы спорт инфрақұрылымын дамытуға және халықтың салауатты өмір салтына қолайлы жағдай

жасауға өз үлесін қосты. ДШСК заманауи спорттық жабдықтармен жабдықталған, бұл түрлі спорттық іс-шаралар мен жаттығуларды өткізуге мүмкіндік береді. Кешен ғимаратында күрес, бокс және гимнастикаға арналған залдар, баскетбол, волейбол және басқа да спорт түрлерінен жарыстар өткізуге арналған әмбебап спорт залы, сондай-ақ әкімшілік бөлмелер бар. ДШСК заманауи стандарттарға сай және кешенде спортпен шұғылдануға қолайлы жағдай жасалған.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан, ауыл тұрғындарын заманауи білім беру мекемелерімен қамтуға бағытталған жүйелі жоба аясында Қазталов ауданының Саралжын ауылында және Бөрлі ауданының Жарсуат ауылында екі жаңа мектептің құрылысы аяқталды.

Жаңа мектептер барлық заманауи талаптарға сай салынған және онда білім алуға барынша қолайлы жағдаймен қамтамасыз етілген. Оқу орындары барлық қажетті оқу жабдықтары мен кабинеттер, оның ішінде акт залы, жеке жуыну бөлмелері және әжетханасы бар спорт залы, оқу сыныптары, қазіргі заманға сай асхана мен әкімшілік бөлмелері бар. Мектептер толықтай заманауи оқу жабдықтарымен қамтамасыз етілген және толық жабдықталған.

/ ТДМ 4.а /



Орал қаласында №17 ЖОББМ ашылуы

Сонымен қатар, қолданыстағы мемлекеттік колледж базасында кәсіби оқу орталығын құру жобасы аясында Ақсай қаласында жабдықтар мен жеке қорғану құралдары сатып алынды. Бұл жоба импортты алмастыру және қазақстандық кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында БҚО әкімдігімен келісім бойынша жүзеге асырылуда. Жоба аясында 3 және 4 санаттағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша жергілікті кадрларды кәсіпорындарда даярлау көзделген.

Орнатылған жабдық тек бастапқы мамандарды дәнекерлеу ісіне үйретуге мүмкіндік беріп қоймай, тәжірибелі дәнекерлеуші шеберлердің біліктілігін растауға да жағдай жасайды. 2025 жылы шығын материалдарын жеткізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, 2024 жылы Орал қаласындағы төрт мектеп пен Жастар мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары басталды, сондай-ақ «Подстепный – Федоровка – РФ шекарасы» автожолының екі учаскесін реконструкциялау жобасы қолға алынды.

2023 жылы басталған бұрынғы Березовка және Бестау ауылдарының аумағын қалпына келтіру жобасының аяқталу мерзімі экологиялық сараптама қорытындысы негізінде қосымша жұмыстар көлемінің енгізілуіне байланысты 2025 жылға ауыстырылды.

2024 жылы орындалған жобалар тізімі 53-кестеде берілген.

Кесте 53. 2024 жылы жүзеге асырылған әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар / GRI 203-1, ТДМ 17.17.1 (C171702) /

Саласы	Жоба атауы	Іс жүзінде жұмсалған қаражат (млн теңге)*	Нақты шығындар (млн теңге)*
Азаматтық құрылыс	БҚО Қазталов ауданы, Саралжын ауылында 60 орындық шағын жинақты мектеп құрылысы	793,3	1,7
	БҚО Бөрлі ауданы, Жарсуат ауылында 108 орындық шағын жинақты мектеп құрылысы	938,9	2,0
	БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылында 320 көрермен орны бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы	1177,5	2,6
	Тасқала ауданы, Тасқала ауылында 320 көрермен орны бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы	1142,9	2,5
БАРЛЫҒЫ:		4 052,6	8,8

* ҚҚС есептелген



БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылында дене шынықтыру және сауықтыру кешені

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ЖЕТКІЗУ / ТДМ 7.1 /

Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында КПО электр энергиясын өзінің газтурбиналық электр станциясында (ГТЭС) өндіреді. Өндірілген электр энергиясы келесі ішкі нысандарға жеткізіледі: ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, жинақтау жүйесі, Эко орталық, Пилоттық қалашық, Ақсай қаласындағы АТТ деректерді өңдеу орталығы, Үлкен Шаған магистралдық айдау станциясы (МАС) мен ІАС 1-26 желілік тораптарын қамтитын «Қарашығанақ-Атырау» тасымалдау жүйесі.

Қазіргі уақытта КПО газтурбиналық электр станциясында төрт турбина жұмыс істейді, олардың үшеуі – қосотынды.

2024 жылы ГТЭС-та турбиналардың ішкі жағдайын диагностикалау мақсатында жыл сайынғы бороскопиялық инспекциялар жүргізілді. Ақпан айында №4 турбинаның ыстық газ жолына инспекция жүргізілді. Қазан мен қараша айлары аралығында №2 турбинаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстар жоспарланған уақытта, кідіріссіз әрі сапалы орындалды. Материалдар мен қосалқы бөлшектер уақытылы жеткізілді.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ЖЕТКІЗУ

/ GRI 203-1 /

Қарашығанақ кен орны бойынша өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (I бап, 1.1 бөлім) шеңберінде, КПО Батыс Қазақстан облысы тұрғындарына қажетті электр энергиясын өндіреді және жеткізеді. 2024 жылы орта есеппен қыс мезгілінде жеткізілген электр қуаты шамамен 25 МВт, ал жаз мезгілінде – шамамен 23 МВт болды.

2023 жылы КПО компаниясы «Батыс энергоресурстар» ЖШС және «Ақсайэнерго» ЖШС-ға (2023 жылы 30 қарашаға дейін, өйткені 2023 жылы 1 желтоқсаннан бастап «Ақсайэнерго» ЖШС өз қызметін тоқтатты) энергия жеткізуші ұйымдарға электр қуатын жеткізді, ал олар өз кезегінде Батыс Қазақстан облысының тұрғындарын және басқа да тұтынушыларды қуат көзімен қамтамасыз етті.

2024 жылы КПО-ның Батыс Қазақстан облысына жеткізген жалпы электр энергиясының көлемі шамамен 217,7 миллион кВт-сағ болды. 2023 жылмен

салыстырғанда жеткізу көлемінің сәл төмендеуі 2024 жылы турбиналар мен генераторға жоспарлы жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен байланысты. Жоспарлы жөндеу жұмыстарының көлемі мен мерзімі ГТЭС негізгі қондырғысының жұмыс сағаттарына сәйкес реттеледі. 2022–2024 жж. электр энергиясы мен отын газын жеткізу көлемі 54-кестеде берілген.

2024 жылы электр қуаты негізінен меншікті газ есебінен өндірілді. Облыс қажеттілігіне электр энергиясын өндіру үшін сыртқы жеткізушіден сатып алынған газ көлемі ГТЭС-тің газ тұтынудың жалпы көлемінің шамамен 10,8%-ін құрады. Жоғарыда көрсетілген кезеңнен басқа, сыртқы жеткізушіден газ жеткізу ҚӨК зауытының 5-339 учаскесіндегі отын газын өндіру қондырғысының тұрақсыз жұмыс істеген жекелеген кезеңдерінде жүзеге асырылды.

Кесте 54. 2022–2024 жж. КПО электр қуаты мен отын газын жеткізу.

Сипаттамасы	Өлшем бірлігі	2024	2023	2022
БҚО жеткізілген электр қуаты, соның ішінде:	млн. кВт/сағ	217,74	226,79	246,33
• «Батыс Энергоресурсы» ЖШС	млн. кВт/сағ	217,74	202,74	220,05
• «Ақсайэнерго» ЖШС	млн. кВт/сағ	0,0	24,05	26,28
БҚО үшін электр қуатын өндіруге отын газын пайдалану, соның ішінде:	млн. м³	75,59	77,50	84,74
• БҚО үшін электр қуатын өндіруге КПО жеке газын сату	млн. м ³	63,36	61,07	69,12
• БҚО үшін электр қуатын өндіруге сыртқы жеткізуші тарапынан	млн. м ³	8,17	16,43	15,62

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ

Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орнындағы жергілікті энергетикалық жүйе шекара жауапкершілігіне сәйкес үш субъектіге – КПО, «Ақсайгазпромэнерго» және «Батыс-Қазақстандық РЭК» ЖШС-ке тиесілі 110 кВ электр желісінен және 35 кВ КПО желісінен тұрады.

Электр желілерінің әсерінен туындайтын өндірістік шығындарды барынша азайту мақсатында, кен

орнындағы ішкі энергия жүйесінің апаттарын азайту және тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі ағымдағы жоба шеңберінде КПО сарапшыларынан арнайы құрылған жұмыс тобы талдау жасады, оның негізінде 2023 жылы жұмылдырылған үшінші тараптармен жұмыс жүргізіліп, ұсыныстарға талдау өткізілді.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР / GRI 201-2, OG2 /

КПО электр қуатын өз ГТЭС-да өндіргендіктен, ол ҚР-ның «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау» заңына сәйкес ЖЭК шартты тұтынушылар қатарына жатады.

2024 жылы КПО осындай энергияның **14 858 638 кВт*сағат** көлемін **650 млн. теңгеге** сатып алды.

